

ISSN 2079-9330



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№2 мамыр 2010



БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА құрметті мүшесі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары; **Төлеубекова Р.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, бас редактордың орынбасары; **Сейсенбаева Ж.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы, филология ғылымдарының кандидаты, жауапты редактор; **Айтбаев Ө.А.** — Халықаралық "Қазақ тілі" қоғамының президенті, Тіл білімі институты ғылыми-терминологиялық орталығының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымының докторы, профессор; **Айталы А.** — Қазақ заң гуманитарлық университетінің әлеуметтік психологиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы, профессор; **Әлмұхамбетов Б.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ көркем сурет-графика факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин ат. Ұлттық Білім академиясының академигі; **Беркімбаева Ш.К.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Баймырзаев Қ.М.** — Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ректоры, география ғылымдарының докторы, профессор; **Бөлеев Қ.** — Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Бейсенова Ө.С.** — Абай ат. ҚазҰПУ-нің «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» меңгерушісі, география ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі; **Бейсенбаева А.А.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Берікханова А.Е.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент; **Ғаббасов С.** — жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Есім Ғ.** — ҚР сенат депутаты, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Жарықбаев Қ.К.** — Т.Т.Тәжібаев атындағы этнопсихология және этнопедагогика орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының докторы, профессор; **Қирабаев С.С.** — М.Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері, Абай ат. ҚазҰПУ ректор кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қасқабасов С.А.** — М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Қазмағанбетов А.Ғ.** — Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қыдырәлиев Д.** — ҚР Президент Әкімшілігінің сарапшысы, философия ғылымдарының докторы; **Қозыбаев І.М.** — ҚР Мәдениет министрлігінің Мәдениет Комитетінің төрағасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Қалиев С.Қ.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Жалпы педагогика кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Қойгелдиев М.Қ.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының Гуманитарлық мамандықтар кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор; **Құсайынов А.** — Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің педагогика және психология кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Керімов Л.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ педагогика кафедрасының кафедра меңгерушісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Колумбаева Ш.Ж.** — педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының профессоры; **Мырзахметов М.** — Абай ат. ҚазҰПУ жанындағы "Абайтану ғылыми-зерттеу орталығының" директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор; **Мұтанов Ғ.М.** — Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің ректоры, техника ғылымдарының докторы, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби ат. ҚазҰУ мәдени-антропология кафедрасының профессоры, Әлеуметтік академиясының академигі, Халықаралық акмиологиялық академиясының академигі; **Нәрібаев К.Н.** — Абай атындағы ҚазҰПУ Ректорының кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі; **Сарыбеков М.Н.** — ҚР Білім және ғылым вице-министрі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Сманов Б.Ө.** — ҚР Білім және ғылым министрі Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми педагогикалық кадрларының біліктілігін арттыратын Республикалық институтының директоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор; **Саңғылбаев О.С.** — Абай атындағы ҚазҰПУ "Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының" кафедра меңгерушісі, психология ғылымдарының докторы, профессор міндетін атқарушы; **Табылдиев Ө.Т.** — әл-Фараби ат. ҚазҰУ профессоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор; **Түрікпенов Ж.** — Абай ат. ҚазҰПУ Магистратура және докторантура PhD институтының педагогикалық мамандықтар кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Гуманитарлық академиясының академигі; **Шолпанқұлова Г.К.** — Абай ат. ҚазҰПУ "Ұлттық тәрбие" кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты; **Сейтова Ж.М.** — жауапты хатшы.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
почетный член НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. — директор НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, профессор, Заслуженный работник высшей школы РК, первый заместитель главного редактора; **Толеубекова Р.К.** — зав. кафедрой "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, заместитель главного редактора; **Сейсенбаева Ж.А.** — руководитель отдела исследования, разработки и совершенствования уровней образовательного процесса и их содержания НИИ инновационных технологий и содержания образования КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук, ответственный редактор; **Айтбаев О.А.** — президент международного сообщества "Қазақ тілі", главный научный сотрудник Научно-терминологического центра института языкового образования, доктор филологических наук, профессор; **Айталы А.** — профессор кафедры социально-психологических дисциплин Казахского юридического гуманитарного университета, доктор философских наук, профессор; **Альмухамбетов Б.А.** — декан художественно-графического факультета КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор, академик Академии Образования им. Ы. Алтынсарина; **Беркимбаева Ш.К.** — ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, кандидат педагогических наук, доцент; **Баймырзаев К.М.** — ректор Костанайского государственного педагогического института, доктор географических наук, профессор; **Болесев К.** — зав. кафедрой "Педагогика и этнопедагогика" Таразского Государственного Педагогического Института, доктор педагогических наук, профессор; **Бейсенова А.С.** — зав. кафедрой «Научно-методический центр по географии и экологии», доктор педагогических наук, профессор, академик НАН РК; **Бейсенбаева А.А.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук; **Берикханова А.Е.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Габбасов С.** — писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор; **Есим Г.** — депутат сената РК, доктор философских наук, профессор, академик НАН РК; **Жарыкбаев К.К.** — директор Центра этнопсихологии и этнопедагогике имени Т.Т. Тажибаева, доктор педагогических наук, доктор психологических наук, профессор; **Кирабаев С.С.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, главный научный сотрудник Института литературы и искусства им. М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Каскабасов С.А.** — директор Института литературы и искусства имени М. Ауезова, доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК; **Казмаганбетов А.Г.** — ректор Атырауского государственного университета имени Х. Досмухаммедова, доктор педагогических наук, профессор; **Кыдыралиев Д.** — эксперт администрации Президента, доктор философских наук; **Козыбаев И.М.** — председатель Комитета культуры Министерства культуры и информации РК, доктор исторических наук, профессор; **Калиев С.К.** — профессор кафедры "Общей педагогики" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Койгелдиев М.К.** — зав. кафедрой гуманитарных специальностей Института Магистратуры и докторантуры РьД КазНПУ им. Абая, доктор исторических наук, профессор; **Кусаинов А.** — зав. кафедрой "Педагогика и психология" Казахского Государственного женского педагогического университета, доктор педагогических наук, профессор; **Керимов Л.К.** — зав. кафедрой "Педагогика" КазНПУ им. Абая, доктор педагогических наук, профессор; **Колумбаева Ш.Ж.** — профессор кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Мырзахметов М.** — директор НИЦ Абаеведения КазНПУ им. Абая, доктор филологических наук, профессор; **Мутанов Г.М.** — ректор Восточно-Казахстанского государственного технического университета им. Д. Серикбаева, доктор технических наук, профессор; **Молдабеков Ж.Ж.** — профессор кафедры "Культурной антропологии" КазНУ им. Аль-Фараби, доктор философских наук, академик Социальной академии, академик Академии Международной акмнологии; **Нарибаев К.Н.** — советник ректора КазНПУ им. Абая, доктор экономических наук, профессор, академик НАН РК; **Сарыбеков М.Н.** — вице-министр образования и науки РК, доктор педагогических наук, профессор; **Сманов Б.О.** — директор Республиканского института повышения квалификации научно-педагогических кадров, кандидат педагогических наук, профессор; **Сангылбаев О.С.** — зав. кафедрой "Общей и прикладной психологии" КазНПУ им. Абая, доктор психологических наук, и.о. профессора; **Табылдиев А.Т.** — профессор КазНУ им. аль-Фараби, доктор педагогических наук; **Туркпенов Ж.** — профессор кафедры педагогических специальностей Института Магистратуры и докторантуры РьД КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук, академик Академии гуманитарных наук; **Шолпанкулова Г.К.** — доцент кафедры "Национальное воспитание" КазНПУ им. Абая, кандидат педагогических наук; **Сейтова Ж.М.** — ответственный секретарь.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
dear member of NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. — the director of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, candidate of technical science, the professor, the deserved worker of the higher school of RK, the first deputy of the editor-in-chief; **Toleubekova R.K.** — the university chair of «National education» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the second deputy of the editor-in-chief; **Seysenbaeva Zh.A.** — the chief of department development of educational process of scientific research institute of innovative technologies and content of education of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor; **Aytbaev O.A.** — the president of the international community «Қазақ тілі», the main scientific employee of the Scientifically-terminological centre of Institute of language education, the doctor of philology, the professor; **Aytaly A.** — the professor of chair of socially-psychological disciplines of the Kazakh Law Humanitarian University, the doctor of philosophy; **Almukhambetov B.A.** — the dean of art-graphic faculty KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of National Knowledge Academy named after Y.Altynsarina; **Berkimbaeva Sh.K.** — rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences, the associate professor; **Baymyrzaev K.M.** — the rector of Kostanaysk State Pedagogical Institute, the doctor of geographical sciences, the professor; **Boleev K.** — the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor; **Beysenova A.S.** — the chair of sub department «the Scientifically-methodical centre on geography and ecology», the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Beysenbaeva A.A.** — professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Berikhanova A.E.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Gabbasov C.** — the writer, the deserved worker of public health services SSSR, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor; **Esim G.** — the deputy of senate of RK, the doctor of philosophic sciences, the professor, the academician of NAS RK; **Zharykbaev K.K.** — the director of the ethnopsychology and ethnopedagogics center named after Tazhibayeva T.T., the doctor of pedagogical sciences, the doctor of psychological sciences, the professor; **Kirabaev S.S.** — the chancellor adviser of KazNPU named after Abai, the mail scientist of the Literature Institute named after M. Auezov, professor of the chair "Kazakh literature" of KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the academician of NAS RK; **Kaskabasov S.A.** — the director of Literature Institute named after M. Auezov, the academician of NAS RK, the doctor of philology science, the professor; **Kazmaganbetov A.G.** — the rector of Atyrausk State University named after H.Dosmuhammedova, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kydyraliev D.** — the expert of Presidential Administration, the doctor of philosophy; **Kozybaev I.M.** — the chairman of Culture committee of the Ministry of culture and information RK, the doctor of historical sciences, the professor; **Kaliev S.K.** — the professor of the chair "General pedagogic" of Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Koygeldiev M.K.** — the university chair of humanitarian specialties of PhD studies and magistracy Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of historical sciences, the professor; **Kusainov A.** — the university chair of "Pedagogics and psychology" of the Kazakh State Female Pedagogical University, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Kerimov L.K.** — university chair of "Pedagogics" KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical science, professor; **Kolumbaeva Sh.Zh.** — professor of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Myrzakhmetov M.** — the director of the research center Abai-studies under KazNPU named after Abai, the doctor of philology, the professor; **Mutanov G.M.** — the rector of the East Kazakhstan State Technical University named after D.Serikbaev, the doctor of technical science, the professor; **Moldabekov Zh.Zh.** — the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair "Cultural anthropology" of KazNU named after Al-Farabi; **Naribaev K.N.** — rector adviser of KazNPU named after Abai, the doctor of economics, the professor, the academician of NAS RK; **Sarybekov M.N.** — the vice-minister of education and science of RK, the doctor of pedagogical sciences, the professor; **Smanov B.U.** — the director of Republican institute of improvement of professional qualification of the scientific-pedagogical personnel, the candidate of pedagogical sciences, the professor; **Sangylbaev O.S.** — the university chair of the "General and applied psychology" of KazNPU named after Abai, the doctor of psychological sciences, the acting professor; **Tabyldiev A.T.** — the doctor of pedagogical sciences, the professor of KazNU named after Al-Farabi; **Turikpenov Zh.** — the professor of chair of pedagogical specialties in the Institute of magistracy and doctoral PhD candidacy of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences, the academician of Academy of the humanities; **Sholpankulova G.K.** — the associate professor of a chair "National education" of KazNPU named after Abai, the candidate of pedagogical sciences; **Seitova Zh.M.** — the executive secretary.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың
4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2010



**Кешегі бабамызбен ғана емес, бүгінгі бағамызбен,
ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуды
ойлауымыз керек.**

Н.Ә. Назарбаев
«Туған елім – тірегім» кітабынан
Алматы, 2001 жыл, 106-беттен

**Ж.М. Сеитова –
Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның
жетекші маманы, Абай атындағы ҚазҰПУ**

**СҮЙСІНЕМ БОЛМЫСЫНА ЕЛАҒАНЫҢ...
(Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 70-жылдық мерейтойына)**

*Атадан жақсы ұл туса,
Елінің туы болады...
Қазыбек би*

Еліміз тәуелсіздігін алып, еңселі елдің қатарына қосылған уақыттан бері мемлекетіміздің іргетасын қалап, көшін түзеуде, жарқын болашаққа жол салуда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі орасан зор. Ел тарихы да, өз тарихы да елге еткен қызметі іс-әрекетімен тығыз байланысты. Оны халқы толық мойындап қуаттайтыны сөзсіз. Сан жылдар бодан болып мемлекеттігінен, елдігінен айырылған қазақ халқының дербес шаңырағын көтеру Елбасына оңайға түспегендігін, осы жолда кемеңгерлік пен көрегендіктің қаншалықты қажет болғанын халқы жақсы түсінеді және бұл үшін жан аямай еңбек еткенін ешкім де жоққа шығара алмас. Жар құлағы жастыққа тимей халықтың әлеуметтік, экономикалық, саяси дамуын қамтамыз ету үшін атқарған қызметін түгел қамтып, тізбелеп айту мүмкін еместей. Ішкі тұрақтылықты нық ұстап, сыртқы саясатта да абырой, беделі, дарын, қабілеті, кемеңгерлігі, көрегендігі бүкіл әлемге паш болғанын мақтанышпен айтатын болдық десек, бұл асыра айтқандығымыз емес. Елімізге келіп жатқан түрлі елдердің басшылары мен қайраткерлері болса, ол Нұрсұлтан ағаның шетелдіктермен Қазақстанның сыртқы байланысты ұйымдастырудағы нәтижесі деп ұққан жөн. Қазақ елінің мемлекеті іргетасынан бастап шаңырағына дейін көтергені болашақтың биігінен де көтеріліп, өзіне лайықты бағаланып шүбәсіз. Ел тізгінін алмағайып, аумалы-төкпелі қиын кезеңде қолына алып, даналығының, қаһармандығының арқасында тарих сынынан да, тағдыр сынынан да аман-есен өткізді. Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен Қазақстан бүгінде жаңа заман, жаңа дәуірдің есігін ашып, әлем таныған өркениетті, дамушы елдердің қатарына қосылып отыр. Он тоғыз жыл ішінде елдің көкейіндегісін тап басқан байтақ даланың бұла перзенті ел бірлігі мен ынтамақтастығын, бүтіндігін сақтауды саясатының алтын арқауы

етіп келеді. Елбасының арқасында көптеген істер тындырылды. Ішкі және сыртқы тұрақтылық сақталып, елдің қауіпсіздігі мен ұлтаралық келісім реттелді. Өткен ғасырдың 90-жылдардың басындағы азиялық дағдарыстан аман өтуіміз, БҰҰ-на мүшелік өту, дипломатиялық және консулдық өкілдіктерінің жұмыс істеуі, «Қазақстан – 2030» стратегиялық бағдарламасы, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, 2010 жылы ЕҚЫҰ-на төрағалық етуі сияқты т.б. атқарып отырған істері жетерлік. Президенттің осындай пәрменді іс-қимылы арқасында тәуелсіздігіміз баянды болып, ауыр, әрі абыройлы асулардан астық.

Нұрсұлтан аға құнарлы топырақтан нәр алып, көктеген жан. Оның шыққан ортасы нағыз қазақ жерінің жусан исі аңқыған, таумен қоршалып, сумен белдеуленген, шұрайлы, жазиралы кең байтақ Жетісудың сұлу өлкесінің бірі, тамыры терең, өмірі өлең ырысты ел қонған, құт-береке дарыған Шамалған бекетінің қасиетті топырағынан өсіп-өніп, қияға ұшқан азамат. Құс қанатын талдырып, тұлпардың тұяғын тоздырған байтақ даланың баласы ақындар мен батырлар елінен тәлім-тәрбие, өнеге алып өсті. Найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған халықтың киелі топырағы Нұрағаның тұлға болып қалыптасуына игі ықпалын тигізсе керек-ау, сірә! Оның мінезінен мырзалықты, дархандықты, ақындық қасиетті дарытқан да осы қасиетті жердің киесі деп ұғамын. Адамның қанаттанып, арқасын кеңге салып, қалыптасуына туған жері де әсерін тигізсе керек әсте! Қарасай батыр бабаның сегінші бел ұрпағы саналатын Нұрағаның бойындағы батылдық пен батырлыққа тән қасиеттер де оған ұрпақтан ұрпаққа жалғасып дарыса керек.

Адамның біз біле бермейтін қырлары мен сырларын түгел танып болмайсың. Себебі, әрадам тылсымға толы бір жұмбақ дүние. Оны ашып,

жұмбағын шешу қиынның қиыны. Әр адам өмірі тағдыр деген тас диірменнің шығыршығында шыр айналады десек, онда Нұраға да сол шығыршықта шыңдалып, өмірдің ащысы мен тұщысын бірдей бастан кешкен адамның бірі. Десек те, көп жағдайда біз Нұрағаның өзіміз тәрізді ет пен сүйектен жаралған жан екенін көңілден таса қалдырған сәттеріміз жиі кездеседі. Әйтпесе, барлық адамзатқа тән қасиеттер оған да тән екенін ұмытпағанымыз абзал.

Жастарға кім-кімнің болса да үлгі-өнеге болар тұлғалардың қырларын ашу өте орынды деп ойлаймын. Сондықтан да сіздер, бұл мақаланы әсіре мадақтау емес, осыдан жастар тәлім-тәрбие алсын деген ойдан шыққан тілек деп ұққандарыңыз жөн. Нұрсұлтан ағаның бойындағы бүкіл қасиеттерге тоқталып отыру, тізбектеп санап шығу мүмкін емес. Әйтсе де, өзім қол алысып, дәмдес болмасам да, күнделікті тіршіліктен теледидар арқылы көріп, газет-журнал, кітап арқылы оқып, Елбасының жүріс-тұрысынан, сөйлеген сөзінен, іс-әрекетінен байқағанымнан, түйгенімнен кейбір қасиеттерін жастарға үлгі болсын деген ниетпен біразына тоқталмақпын.

Әр адамның мінезі – астындағы тұлпары, ал бар құндылығы – оның өмірі. Сол мінезі, құндылықтары арқылы адам адамнан ерекшеленеді, дүниеге көзқарасын қалыптастырады. Нұрсұлтан аға жайлы айтарымыз, жанды жадыратар жасындай сөзді айтуға ол шебер, өзі де жадырып күлетін сәттері жиі кездеседі. Нұрсұлтан ағаның оқыста айтатын уыттай өткір сөздері, әзіл-қалжыңдары, қағытпалары найзағайдың жарқылындай жарқ етіп айтылған жерін ойып түседі. Бұл шешендік пен тапқырлықтың ана сүтімен бойына дарыған, күннің шуағымен тәніне бойлаған кемеңгерлігінен болар. Өзінің білімдарлығымен, өмірге шынайы көзқараспен қараушылығы, батылдығы мен қырандай қырағылығы, шешімділігі және қарапайымдылығы халықпен етене тығыз қарым-қатынасқа түсуде баға жетпес құнды қазынасы, ұстанған ұстанымы, асқан сезімталдығы, көпшілдігі, табандылығы, кісіге жақын, шыншыл мінезін, адамдардың жан-тәнін тереңнен түсіне білетін қасиеті, тосқауылдан сүрінбей өтуге талпынысын, батылдығын, тәкаппарлығын, жігерлігін, кең пейілділігін, саясатта дұрыс мақсат қоя білуі, оған жете білетін, өзіне-өзі есеп бере білетін қасиеттерін

мен өте жоғары бағалаймын. Соның ішінде ең бір үлгі болар жарқын мінезі оның көпшілік ортада, қонақта отырғанда өзін емін-еркін ұстауы, жарқын сөйлеп, адамдармен ой алмастыра алуы. Көпшіл, жұртшылықпен ашық әңгімеге, бетпелі кездесулерге барып, кез келген топпен тіл табыса білетіндігі. Соның нәтижесінде кезінде біртұтас мемлекеттің ыдырауынан, жоспарлы экономикалық құлдыраудан туындаған талай дау-дамай, әлеуметтік, экономикалық мәселерді осындай қасиеттері арқылы еңсере білді. Сыйласқан адамына астындағы атын түсіп беретін мырзалық, сырласқан адамына жүрегі елжірей көрсететін ырзалығы байқалатын қасиеті бір төбе. Бұл мінез кез келген адам бойынан көріне бермейді. Екі тілге де жүйрік, еске сақтар жады мықты. Оны небір сан фактілерді жатқа айта алатын қасиетінен байқауға болады. Айтпақ ойынды бірден түсінетін сезімталдығы, ой ашықтығы өз алдына. Халқымен етене тығыз қарым-қатынас жасап, өз ойларын ашық ортаға салатын басшылардың бірі де бірегейі. Ешқашан халқына жалған айтып, берген уәдесінен жалтарған емес. Соны көргенде марқайып қаласың. Шешендік, табан астында сөз тауып, өз орнында қолдана білетін қасиеті қазақи мінезімізге тән. Оның әсіресе, сөз саптау шеберлігі, қиыннан қиыстырып жол таба білер тапқырлығы әйгілі Қазыбек бидей шарпып өтеді, Төле бидей даналығы, Әйтекедей батылдығы, Шоқан мен Абайдай білімділігі бойына дарыған Нұрағаның бойынан қазақи қасиеттердің исі аңқып тұрады. Өздеріңізге сондай қасиеттерін айқындайтын мына бір қарапайым мысалды ұсынып отырмын. 2005 жылы елімізде өткен кезекті Президент сайлауының қарсаңында белгілі ақсақал жазушымыз Әзілхан Нұршайықов “Егемен Қазақстан” газетінде “Сайлау алдындағы сөз” деп аталатын тамаша мақаласын жариялады. Бұл майдангер қаламгердің халқымызды ынтымақ-бірлікке шақырған үндеуі іспетті, ерекше бір жылы жазылған дүниесі еді. Сол мақаладан үзінді келтірейін:

“...Осы жақында Президент Маңғыстау облысына барғанда мынадай қызық оқиға болыпты. Облыстың басшы қызметкерлерімен Президент кездесу өткізеді. Кездесу аяқтала бере бір әйел қол көтеріп сөз алады да, былай дейді:

– Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы, Сіз Украинада оқыдыңыз, украиндықтарды жақсы

көресіз. Украинша ән де шырқап жібереді екенсіз. Ал мен украин қызымын. Үлкен семьям бар. Осы Ақтау қаласының тұрғынымын. Өзім украин қызы болсам да, қазақша бесбармақ пісіре аламын. Сізді семьямның атынан біздің үйге кіріп, бесбармақ жеуге шақырамын.

Оған Нұрекең ықыластана күліп жасауап қатады.

– Мен қазақтар мен украиндықтарды ғана емес, барлық ұлтты жақсы көремін. Сіздің бесбармақ пісіре білетініңіз көңіліме ұнап тұр. Сонда сіздің үйдің бесбармағы қанша уақытта дайын болады?

– Тура төрт сағатта, – дейді әйел қуақылана сөйлеп.

Сол сәтте залдан тағы бір азамат қол көтереді.

– Ардақты Нұреке, менің атым Сайын Назарбекұлы. Осы елдің азаматымын... “Мың “сіз-бізден”, бір “шыж-быж артық” дегендей, мен сізге жүз рет сәлем бергеннен, бір рет үйге шақырып, дәм татырғанды артық көріп тұрмын. Ал сіз украин қыздарының алақанын көп сипадыңыз ғой. Сондықтан бұл кісінің көңілін қалдырғыңыз келмей тұр. Бірақ бұл ханымның шаруасы ұзаққа созылады екен. Төрт сағат! (Бұл сөзге отырған жұрт ду күлді). Ал біздің ет жарты сағатта әзір болады, Нұреке!

Осылай деп ол Президентке бас иеді.

Бұл шығыста Абай мен Шәкәрім күмбездерін көтерген, Оңтүстікте Домалақ Ана кесенесін салған атақты сәулетші әрі ақын Сайын Назарбекұлы болатын. Нұрекең оны бірден танып, бас иеді. Содан соң екі шақырушыға кезек қарап алып, жымыя күліп, былай дейді:

– Мен қиын жағдайда қалдым-ау, бауырларым. Қайсыларыңыздың үйіңізге барсам екен? Бәріміздің де қызмет уақытымыз өлшеулі ғой. Президенттің де сағат, минуты санаулы. – Осылай дейді де ол украин ханымға қарай қайта бұрылады. – Менің уақыт деген бастығым тамағы тез пісетін үйге барыңыз деп сыбырлап тұр. Егер сізден рұқсат болса, өкпелемесеңіз, мен Сайын мырзаның үйіне кіріп шығайын.

Әйел: “Амал не?” дегендей, екі алақанын жайып, басын изейді. Президент сөзін қайта жалғайды.

– Қазақта мынадай бір салт бар. Ауылға алыстан келген құрметті қонақ сәлемдесу үшін әр үйге кіріп шығады. Шығарда бір үйге қамшысын, бір үйге белбеуін тастап кетеді

екен. Онысы: ертең – осы үйге келіп түстенемін, бүрсігүні бұл үйден қонақасы жеймін деген ишарасы болса керек. Сол сияқты мен “қамшым” сіздің үйде қалды деп есептеп, келер жолы үйіңізге кіріп дәм татайын. Осыған келісесіз бе? – деп қонақжай әйелге қолын ұсынады. Әйел қуанғаннан Президенттің қолынан сүймекші болады.

– Жоқ, – деп Президент қолын тартып алады. – Әйел еркектің қолынан сүймейді. Сіздің қолыңызды мен сүйемін.

Осылай деп Президент жұмысшы әйелдің қолына ернін тигізеді.

Президент үйіне келгеннен кейін Сайын екі жасар немересі Досанды көтеріп келіп, Нұрекеңе сәлем бергізеді. Бала жатырқамай, Президентті құшақтай алады. Президент сәбиді құшағына алып бетінен сүйеді.

– Аты кім бұл батырдың? – деп сұрайды содан кейін.

– Аты Досан, Нұреке, – дейді Сайын.

– Қай Досан? – деп Президент басын көтеріп алады. – 1870-1873 жылдардағы патша саясатына қарсы Маңғыстау шаруаларының көтерілісін бастаған батыр Досан емес пе?

– Дәл солай, Нұреке. Бұл сол батыр Досанның ұрпағы – бала Досан.

– Досанды патша өкіметі ол кезде Александровск аталған қазіргі Форт Шевченкода азаптап өлтірді емес пе?

– Тура айтасыз, Нұраға.

– Онда бұл бала маған емес, мен бұл батырға сәлем беруім керек! – деп Президент баланы қайтадан қолына алып, көкірегіне қысады” [1].

Қарап отырсаңыз, зер салып, назарын аударған жанға Нұрсұлтан Әбішұлының білімділігін, табан астында тауып кететін қасиетін танытатын шешендігін, сөз тапқырлығын, парасаттылығын, қарапайымдылығын, уақытының тығыздығына қарамастан дәмді аттап өтпей, ас қадірін түсіне білгендігінің астарында қандай тәлім-тәрбие, өнеге жатыр. Халқымызда: «Күллі тіршілік, ізгілік атаулы күннің нұрымен, ананың ақ сүтімен келеді» дегендей, әйел затын қадірлеп, көктемнің шуағына теңеуі, тәуелсіз еліміздің ұл-қыздарын тәрбиелеп, азаматтарға сенімді тірек болумен қатар, қоғам ісіне де, үй шаруасына да білек сыбана кірісіп, қиын-қыстау кезеңде ерлермен қатар жүргенін, жалпы әйел қауымының арқасында бар жақсылықтың күннің сәулесі мен ананың ақ сүтімен келетіндігін

Нұрағаның түсіне білуі текті жерден, ананың ақ тәрбиесін дұрыс алып шыққандығының бір дәлелі екені рас.

Қазақтың ең күдіретті өнері – сөз өнері, ал ең күдіретті адам – сөз өнерін ұстанған адам. Осы тұрғыдан келгенде Нұрсұлтан аға да сөз өнерінен, шешендіктен кенде емес. Оны тек мінберлерде сөйлейтін сөзінен ғана емес, қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевтің 2008 жылдың қарсаңында Елбасына жолдаған Жаңа жылдық құттықтау хаты «Нұрсұлтан бауырыма. Жаңа жылдық жыр» деген өлең жолдарымен жолдайды, соған берген жауабынан көруге болады. Онда:

*Қазағымның тапсам деп қалай бабын,
Мен жүрмін тәуелсіз ел ойлап қамын.
Сен жырлай бер қазақтың бақ, ырысын,
Жылдан жылға аман боп, Тұманбайым!
Жақсыны, жаманды да көрді басым,
Сондықтан асымаймын, тасымаймын.
Тұманбайлар ісімді қолдап жүрсе,
Бастай берем халқымды, жасымаймын.*

Хаттың соңында «ақын емес – Н.Назарбаев» деп қол қойып, жауап жазғаны, қазаққа тән сөз қадірін түсінген болмысты көрсетсе керек.

Тұманбай ақынның «өстің ғой тұнықтарда ат суғарып» деген шумағы Елбасының мінез-құлығының жайлы, жайдарын меңзеумен қатар, таза, мөлдір деген мағына тұрғысынан оның адал көңілін, ақжарқын таза жан-дүниесін астарлап жеткізген әдеби тұрғыдағы теңеудің бір жолы. Ал, «іздеген батырымсың шөл жуасын» деген өлең жолдары халқын сабырлылыққа, тыныштыққа жетелейтін, елін жамандықтан қорғайтын батырға теңеуі деп қабылдаған жөн. «Тапсам деп қазағымның қалай бабын» деген өлең жолдары – ақынның елінің болашағы үшін жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген ел ағасының ерен еңбегін елеп-ескеріп бағалауы деп қабылдағанымыз орынды. Енді бұл өлең жолына «ақын емес» Нұрағаның жазған жоғарыдағы өлең шумақтары ол кісінің жан-дүниесінің нәзіктігінен хабар береді. «Әу демейтін қазақ жоқ» демекші, елдің қамын тереңнен ойлайтын Елбасының ақын жүректі жан екендігімен қатар, халық өнеріне бей-жай қарай алмайтындығынан хабардар етіп тұрғандай. «Жақсыны, жаманды да көрді басым» деп, өткен өміріндегі көрген еңбегі мен зейнетін ескеріп, «бастай берем халқымды, жасымаймын» деп, ел басқарудағы небір қиыншылықтардан мойымайтындығынан хабар беріп отыр. Тәуелділіктен арылып,

тәуелсіздікпен қауышқан тұстан бері қаншама игі істер мен қиындықтарды еңсеріп, басы-қасында жүрген Нұрағаның ерен еңбектерін халқы қолдап, елеп-ескеріп, бағалап жүргендігін Елбасы тереңнен сезіне білгендігінен шығар, жұртына деген ризалықтан «асымай, тасымай» әлі де болса, күш-қайраты келгенше келешектің қамы үшін күресе беретінін жеткізеді. Елбасының: *“Менің бабалары батыр, аналары дана халқым бар; тағдырдың талай тауқыметін мойымай көтерген, өмірдің небір шырғалаң кезеңдерінде небір аласапырандарды басынан кешірген төзімді халқым бар; өздерінің халі мүшкіл бола тұрып, өзіңкі түгіл өзге ұлттың жетімін тентіретпеген, қаншама ұлт пен ұлыстарға пана бола білген мәрт халқым бар; жүрегі жомарт, ақылы дария, ниеті пәк, көңілі кіршіксіз қардай ақ ақкөңіл халқым бар; талай жаудың меселін қайтарып, ел іргесін сөгілтпей, жерін жауға бермей аман алып қалған батыр халқым бар; күмбірлете күй төгіп, тамылжыта ән салып, қырық күн, қырық түн жырлана-тын дастандарды дүниеге келтірген өнерпаз халқым бар; қаншама данышпан-даналарды, кемеңгер ғалымдарды, алып батырларды, сұңғыла шешендерді, тура билерді дүниеге келтірген тәкаппар да паң халқым бар. Мені де осы халықтың дүниеге келтіріп, менің де Ұлы даланың қасиетті топырағына кіндік қанымның тамғанына ризамын. Айналайын, жомарт халқымнан, дана халқымнан, көнтерілі халқымнан!”* – деп жазуы қандай іс бастағанда да, Елбасы үнемі халқына сеніп, арқа сүйеп жүргендігіне байланысты тебірене жазатыны да сондықтан. Адам не нәрсеге болса да шабытын ояту үшін алдымен жақсы сөз, қандай да бір мейірімді жылулықты қажетсінеді. Пенде болғасын кім болса да өзгелерден жылулықты күтеді емес пе?! Нұрағаның да халқынан жылулық күтетіні сезіледі. Себебі, Елбасыны қорғайтын да, қолдайтын да, демейтін де туған елі, жұрты. Сондықтан, елім деп еміреніп, ұлты үшін қызмет етіп келе жатқан халық ұлынан жылуымызды аямайық!

Міне, біз талдап отырған Елбасы мен ақын Тұманбай арасындағы өлең жолдары негізінен түсіне білген адамға ішкі жан-дүниесінен хабар береді. Осы өлең жолдарымен танысқан сәтте мен үлкен толғаныспен тебірендім. Әрине, Тұманбай аға – ақын. Елбасының еңбегін елеп, арнайы жыр жолдарын ұсынды. Бұл түсінікті. Ал,

мені тебіrentкен Нұрсұлтан ағаның жанының нәзіктігі, тазалығы, нәрестедей пәктігі. Себебі, ол кісіге арналған жыр жолдары жетерлік. Бірақ, Тұманбай ағаның ақжарқын жырына бей-жай қарамай, адал көңілімен жырдан жауап қайтаруы мені қатты тандандырды. Міне, көп ұлтты Қазақстанды басқарып отырған Елбасының бұл жанының нәзіктігінің бір қыры.

Тағы бір жан сүйсіндірер қыры – халық ауыз әдебиетінен терең сусындап өскендігі, оны өмірде қолдана білгендігі. Жүзінен, тұла бойынан дала иісі аңқып тұрады. Далаға жаны жақын адам өнердің, әсіресе, халық ауыз әдебиетіне құмар болып келеді. Өнерлі, ширақ мінезі Нұрсұлтан Әбішұлының өнерге, әсіресе, халық музыкасына жақындығын айқындап тұрғандай сезіледі. Адамның рухын көтеретін де, көңілін құлазытатын да және жайнатып жадырататын да ән болғандықтан, оны байыбына тереңнен бойлап түсіне білу өнер сүйетін, құрметтей білетін жанға жат емес. Қазақтың барлық жан дүниесі халықтық музыкадан көрініс тауып жатқандай. Сал-серіліктен құр алақан еместігі де байқалады. Себебі, кейбір көңілді отырыстарда, бойын шаттық билегенде, қысылып, қымтырылмай ән айтатын сәттері халық өнерін тереңнен түсіне білгендігінде жатқандығынан болар. Қай заманда да ән қазақ үшін өнердің ұшар басында тұрды. Өнді айтқанда рухани азығымыздың өрісі өрлеп, өркендей, тынысымыз кеңге салынып жүре береді. Сұлу сазды, көркем сөзді асқақ әндерді салғанда Елбасы бойынан қазақ жерін әнмен көмкерген Сегіз сері, Нияз сері, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдың бейнелері бір сәтке елестегендей болады. Өзі де шабыттанған сәтте қара сөзден маржан теріп, өлең шығарады, өлеңіне жазылған әндері халық арасында шырқалып та жүр. Бұл да бір өнерді бағалай білгендігінің жарқын айғағы. Сондықтан да, біз Нұрсұлтан ағаны қаймана қазақтың небір асыл қасиеттерін бойыңа сіңірген адам деп толықтай айта аламыз.

Нұрсұлтан ағаны қазақтың ұлттық тәрбие дәстүрінен сусындаған, ұлттық қадір-қасиетті бойына жинаған, замана ағымын жіті ойлап,

жаңашылдығымен, әлемнің озық тәжірибелерін ұтымды пайдалана отырып, ата-бабамыздан қалған асыл өнегені ұштастыра білетін белгілі стратег, дарынды ұйымдастырушы, халық қамқоршысы деп білеміз.

Нұрсұлтан аға – ғұмыр-тіршіліктің нешелеген ой-қырларынан өткен, бай тәжірибе жинақтаған, бүгінгі мерей-мәртебесіне жас шағынан бастап талмай ізденіп оқудың, ерінбей де жалықпай, күн-түн демей қажырлы еңбек етуінің арқасында жеткен адам. Халқымызды күрделі, тарихи сынақтан сүріндірмей өткізіп, қабырғалы қалың елге көшелі ісімен қызмет етіп келе жатқан Нұрсұлтан Әбішұлының ерен еңбектерін сергек ойлы азаматтардың бәрі де терең сезіне алатыны даусыз. Бүгінде атқарылып отырған елдің қорғаныс қабілетін арттыру, халықтың әлауқатын жақсарту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес т.б. ауқымды іс-шаралардың барлығы да Н.Ә. Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Елбасының дұрыс та, сындарлы саясатының арқасында бізді әлем жұртшылығы таныды, мойындады. Оған жай ғана дәлел, кеше ғана Түркияның Премьер министрі Т.Ердоғанның біздің Елбасыны «түркі әлемінің лидері» деп атауы, түркі халықтарынан жаралғандардың ішіндегі озып туғанын мойындағанның көрінісі. Сондықтан да, қолда бар алтынның қадірін кетірмей, бағалай білейік. Президентіміз абырой биігінен көрініп, халықтың ыстық ықыласына бөлене берсін! Президентіміз үшін мақтансақ, еліміз, елдігіміз үшін мақтанғанымыз. Алла деніне саулық, амандық берсін! Ешқашан ауырмай, елдің көшін алға сүйреп, ортамызда мерейі үстем болып жүре берсін!

Жас ұрпақ осындай алты алашты қазақ халқының айбары мен қорғаны болып отырған тұлғалардың бойындағы құндылықтарға тереңнен бойлай мән беріп, шынайылықпен қарап, өз бойларыңа сіңіріп өссе, қоғам да, өзі де алға жылжымаса, кері кетеді деп ойламаймын. Елбасы бойындағы жоғарыдағыдай асыл қасиеттерді мен өте жоғары бағалаймын және жүрегім елжірей шын жүректен сүйсінемін!

1. Қасымбеков М. Жан жадыратар жасын сөз//Егемен Қазақстан. – 2010. 19 наурыз (№100-103).

В данной статье раскрыты достоинства и лучшие качества нашего первого Президента, Нурсултана Назарбаева. Показан его огромный вклад в развитие Казахстана, дальнейшие цели по улучшению состояния своего народа и т.д. Автор прослеживает идеи национального воспитания на примере первого Президента.

In the given article the merits and quality of our first President, Nursultan Abishevich Nazarbaev, are revealed. The author traces the ideas of national upbringing on the example of the first President.



Майлықожа

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

С.Ж. Піралиев –

п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры

Жетекші автор

М.А. Нуриев –

т.ғ.к., профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның директоры

Р.К. Төлеубекова –

п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлттық тәрбие» кафедрасының меңгерушісі

Л.К. Керимов –

п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі

Қ. Бөлеев –

п.ғ.д., профессор, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының "Педагогика және этнопедагогика" кафедрасының меңгерушісі

Ж.А. Сейсенбаева –

ф.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның оқу үдерісін жетілдіру бөлімінің басшысы

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Пәнді білім беру процесіне жүйелі ендірудің негізі

«Ұлттық тәрбие» пәнін білім беру жүйесіне ендірудің өзектілігі: Қазіргі жағдайда жастарға ұлттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналууда. Себебі, еліміздің өркениеті мен экономикасын тұрақтандыру, патриоттық сезімін арттыру жолында ұлттық тәрбие көздерімен сусындата білім беру қажеттігі туындап отыр. Осы мәселені іске асыру үшін болашағымыздың рухани дамуын дұрыс жолға қоя білуіміз керек. Халқымыздың орасан зор адамгершілігімен, үлкенге деген құрметімен, кішіге ізетімен, қонақжайлылығымен, ақыл-парасатымен, көсемдігімен, шешендігімен, әділдігімен, өз мүддесін ұлт мүддесімен ұштастыруымен, ұлтжандылығымен, көрегендігімен ерекшеленетін салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын, мол мәдени, рухани мұраларын сақтап, оны заман өткен сайын еселеп жаңғырта түсетін қырларын жастарға ұғындыра білім беруді негіздеу қажеттігі айқындала түсуде.

Еліміздің тәуелсіздік алып, әлеуметтік-экономикалық дамуы, ұлттық сананың қайта жаңғыруы жағдайында ұлтымыздың сан ғасырлар бойы жинақтаған тәлімдік тәжірибесін бүкіладамзаттық құндылық тұрғысынан саралап, қазіргі жастар тәрбиесінде пайдалана білу қажеттілігі туындауда. Ұлттық тәрбиені білім беру үрдісіне ендіру бүгінгі таңда өзіндік

ерекшеліктерімен айшықталары анық. Бұл жолда біз ұлттық құндылықтарды, мәдениетті, тарих, дәстүрімізді бүгінгі күнмен сабақтастыра өзге халықтарға таныту ол пәннің ғылыми мағынасын тереңдете түседі. Жастарға оқыту процесінде ұлттық тәрбие негізінде құрылған білім мен икемділік жүйесінен нәр алып, ұлтқа тән іс-әрекет түрлерін меңгерту және ұлттық тұрпаттық қадір-қасиетті таныту өз еліне деген сүйіспеншілігін оята отырып, өзге ұлт өкілдерінің тұрып жатқан жері мен елінің ұлттық қасиеттеріне деген қызығушылығын тудыра бірден бір жол.

Осыған орай, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінде жастар тәрбиесінің тиімділігін арттыруға негізделген “Ұлттық тәрбие” атты жаңа пәнін түзуді ғылыми тұрғыда негіздеу және оны оқу үрдісіне ендіру мәселесі қолға алынды.

Ұлттық тәрбиені жеке пән ретінде құрудың негізгі тұғырлары мен қағидаларын белгілеуде, базалық білім мазмұнын таңдап, оны түзуде ғұлама-ғалым, ойшылдарымыз: Жүсіп Баласағұни, әл-Фараби, А.Яссауи, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Ахмет, Жүсіпбек, Міржақып және т.б.еңбектері мен қазіргі тәрбие мәселесімен айналысып жүрген ғалымдарымыз: А.Айталы, С.Қирабаев, Ғ.Есім, Қ.Б.Жарықбаев,

К.Қ.Құнантаева, С.Қ. Қалиев, Қ.Бөлеев, С.Ұзақбаева, К.Ж.Қожахметова, Ә.Табылдиев, Ш.Таубаева, І.П.Халитова, Ш.И.Джанұзақова және т.б. еңбектері басшылыққа алынды. Бүгінгі таңда білім беру үрдісіне ұлттық тәрбиелік білім беру негізін жүйелі түрде оқу үрдістеріне ендіру мақсатында С. Пралиев, Л. Керимов, Р. Төлеубекова, М. Нуриев, К. Нарibaев, Ж. Сейсенбаева, К. Аганина сынды ғалымдарымыз жұмыстар атқаруда. Университеттің жанынан ашылған Жаңартпа технологиялар және білім беру мазмұнын Ғылыми Зерттеу институты мен «Ұлттық тәрбие» кафедрасы ғылыми қызметкерлерінің қатысуымен «Ұлттық тәрбие» пәнінің тұжырымдамасы, типтік оқу бағдарламасы дайындалды. Білім стандарты, оқу бағдарламасы, лекциялар курсы дайындалуда.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің мазмұнын негіздейтін ортағасыр ғұламаларының ой-пікірлері, көзқарастары, ұлтымыздың тілін, дінін, ділін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын дәріптейтін қазақ ағартушыларының, зиялыларының шығармалары, ақын-жыраулардың өлең-жырлары, тәрбиелік ойын түрлері, би-шешендердің даналық сөздері, батыр халқымыздың елін-жерін жаудан қорғаған ерлік-өнегелері ғылыми тұрғыда сараланып, талданып, заман талабына сай жүйелену жұмыстары жүргізілуде. Сонымен, **«Ұлттық тәрбие» – жеке тұлғаның тілін құрметтеуге, дінін қастерлеуге, ділін қалыптастыруға, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге бейімдеуге, ұлттық құндылық қасиеттерін үйренуге, бүгінгі күн талабындағы жетістіктерді нақты жағдайда пайдалануға үйрететін пән.**

«Ұлттық тәрбие» пәнінің мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Егер халық педагогикасындағы ұлттық тәлім-тәрбие берудің ғылыми педагогикалық негіздері айқындалса, онда оқушы-жастардың ұлттық сана-сезімі жетіліп, тұлғалық қасиеттері жан-жақты дамиды, өйткені оқушыларға әлемдік құндылықтар мен ұлттық ерекшеліктерді іріктіре меңгертуге мүмкіндік туғызылады.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің міндеттері:

- өскелең ұрпақты қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен,

дүниетанымдық идеяларымен және әдістерімен таныстыру;

- өскелең ұрпаққа қазақтың тілін, тарихын, дінін, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын таныстыра отырып, сана сезімін, намысын, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыру;

- өскелең ұрпағымызда қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде әлеуметтік-психологиялық, құқықтық-экономикалық және логикалық ойлауды дамытудың қажетті дағдылары мен шеберлігін меңгеруді, дұрыс және шешен сөйлеуді, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуді, бәсекеге қабілетті құзыреттілікті қалыптастыру;

- жат қылықтардан сақ бола отырып, жан сұлулығы мен тән сұлулығын ұштастыра білу және оны дамыту;

- қоғам мен табиғат ресурстарын адам игілігіне ұқыпты, ұтымды пайдалануға бейімдеу, ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру;

- қазақ халқының терең де, мәнді тәрбиесін басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қарым-қатынасты жетілдіру.

«Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнының негізгі мазмұндық желілері ұлттық тәрбиенің негізгі діңгектері - ұлттық сана, ұлттық тіл, ұлттық мәдениет, ұлттық діл, ұлттық салт-дәстүр мен әдет-ғұрып категорияларына сүйенеді. «Ұлттық тәрбие» пәні білім мазмұнын іріктеуде дәстүрлі классикалық педагогикадағы тәрбие бағыттарын толық қамту ескерілді.

Ерекше назар аударатын мәселелер ретінде қазақ халқының ұлттық ойындарының, мақал-мәтелдерінің, өсиет сөздерін, тәрбиелік мәні, туыстық қатынастары, жеті ата түсінігінің тәрбиелік мәні, қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі, келін тәрбиесі, ер азамат тәрбиесі, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасын реттеудегі ұлттық тәрбиенің ролі, қазақ халқына тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері, қазақ халқының адамгершілік құндылықтары, ұлттық тәрбие берудегі діннің алатын орны, тақырыптары белгіленген.

Қазіргі жастардың әлеуметтік-тұлғалық мәселелері ретінде жас ерекшеліктеріне байланысты ұлттық тәрбиенің мазмұндық сипаты, салауатты өмір сүру салты, адамгершілік тәрбиелілігі, сонымен қатар, жастар арасындағы жат қылықтар (шылым шегу, нашақорлық, жезөкшелік, маскүнемдік, бұзақылық,

кылмыстық әрекет) және жастардың әлеуметтік қалыптасуында діннің ықпалы жайында тақырыптар ұсынылған.

Халқымыздың ұлы ғұламалары мен ойшылдарының еңбектеріндегі тәрбие көрінісі, мәдени мұра нысандары, халқымыздың ұлағат сөздерінің тәрбиелік мәні және қазіргі мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық тәрбие берудегі ролі тақырыптары да қамтылады.

Сонымен қатар, Қазақстандағы ұлт саясатының қалыптасуы, дамуы және оның зиялы азамат қалыптасуындағы ролі тақырыптары да қарастырылған.

«Ұлттық тәрбие» пәнін оқыту кезеңдері. Ұлттық тәрбие пәнін ЖОО-да оқыту экспериментті Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүріп жатыр. Жалпы, ұлттық тәрбие негізінен отбасы, балабақша, мектеп қабырғасынан басталып, кәсіптік техникалық білім беру, ЖОО-да жалғасын табу керек деген пікірге сүйене отырып, ұлттық тәрбиені үздіксіз білім беру жүйесіне ендіру мәселесіне байланысты ғылыми-ізденіс жұмыстары жүргізілуде.

«Ұлттық тәрбие» пәнін оқытуды жүзеге асыру механизмі ретінде төмендегілер ұсынылады:

1. Ата-аналарды отбасында балаларға ұлттық тәрбие беруге дайындау.

2. **«Ұлттық тәрбие» пәнінің мектепте оқытылуы:** «Ұлттық тәрбие» пәні мектептің 1-12 сыныптарында аптасына 1 сағат – міндетті пән ретінде оқытылуы қажет. Ал, ЖОО-да 4 кредиттік пән ретінде жүргізілу ұсынылады.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің білім мазмұны: «Ұлттық тәрбие» пәнінің білім мазмұны кіріктірілген /интеграцияланған/ пәндер мазмұнынан, әр сынып оқушыларының психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес құрылады. /Қазақ тілі, әдеп, тарих, өзін-өзі тану, музыка, сурет, денешынықтыру, математика, биология, химия, физика, астрономия, қоғамтану т.б. пәндер мазмұнының кіріктірілуі/.

3. **«Ұлттық тәрбие» пәнінен сабақ өткізуші мамандар:** «Ұлттық тәрбие» пәнін ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мамандығын игергендер немесе мамандықты жетілдіру курстарында арнайы дайындықтан өткен мамандар бере алады.

4. **«Ұлттық тәрбие» пәнін өткізу формалары:** әр сыныптағы пәндер сабақтары, сыныптан тыс жұмыстар, мектептегі мерекелік іс-шаралар, тәрбиелік бағыттағы видеофильмдер, қойылымдар мен әдеби шығармаларды талдау, диспуттар мен жарыстар өткізу, тәрбиелік мәні бар тарихи орындарға саяхат жасау т.б.

5. **«Ұлттық тәрбие» пәнін өткізу құралдары:** «Ұлттық тәрбие» пәнінің оқу құралы мен оқу-әдістемелік құралдары, хрестоматиялар, мерзімдік басылымдар, тәрбиелік мәні бар көркем шығармалар мен арнайы тақырыптар бойынша тәрбиелік мақсаттағы кино-видео фильмдер, тарихи-мұра материалдары т.б.

«Ұлттық тәрбие» пәнін ендірумен қатар осы пәнді мектепте, жоғары оқу орындарында **оқытушы маман дайындау** мәселесіне қатысты пікірлер айтылып, **«Ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастырушы»** мамандығын ашу жөнінде ұсыныс жасалды. Бұл ұсыныс та мамандардан қолдау тауып, осы мамандықтың **типтік оқу жоспарының** жобасы дайындалды. Типтік оқу жоспарының 32 кредитке есептелген жалпы білім беру пәндері педагогикаға қатысты мамандықтар жоспарына сәйкес келеді. Бұнда 10 кредиттің көлемінде таңдаулы пәндерге орын берілген. Ал 64 кредитке есептелген «Ұлттық тәрбие» базалық пәндер ретінде: Ұлттық тәрбие жұмысын ұйымдастырушы мамандығына кіріспе; Жалпы педагогика негіздері; Жалпы психология негіздері; Тәрбие теориясы; Әлеуметтік педагогика; Этнопедагогика; Этнопсихология; Мәдениеттану; Әдептану; Абайтану; Қоғамтану; Педагогикалық менеджмент; Тәрбие жұмысының технологиясы пәндері ұсынылады. Бұнда 22 кредит көлеміндегі таңдаулы пәндер ұсынылады. Ал 32 кредитке есептелген кәсіптендіру пәндері ретінде: Қазақтың ұлттық тәрбие негіздері; Ұлттық идеология; Ұлттық психология; Қазақтың отбасы тәрбиесі; Қазақтың ұлттық құндылықтары: салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдени мұра; Ұлттық тәрбиені оқыту әдістемесі; Шешендік өнер пәндері ұсынылады. Бұнда да 10 кредит таңдаулы пәндерге арналған. Ұсынылған бағдарлама ғалымдарға талқыға ұсынылды.

Ұлттық тәрбие беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда ұлттық тәрбие мәселесімен айналысып жүрген ғалым-тәлімгерлердің жетекшілігімен авторлар ұжымы дайындайтын оқу құралдары төмендегіше белгіленді: Ұлттық тәрбие негіздері; Ұлттық

тәрбие әдіснамасы; Ұлттық тәрбие философиясы; Ұлттық тәрбиенің тарихи аспектілері; Ұлттық тәрбиенің экономикалық және экологиялық аспектілері; Қазақ әдебиетіндегі ұлттық тәрбие; Ұлттық тәрбиедегі салауатты өмір салты; Ұлттық тәрбиенің психологиялық аспектілері; Қазақ халқының отбасы тәрбиесі.

Күтілетін нәтиже. Ұлттық тәрбиенің жеке пән ретінде құрылып, оқу-тәрбие үрдісіне енгізілуі өскелең ұрпақтың барлығы дерлік қазақ ұлтының тәлім-тәрбиесінің нәрімен сусындаған, заман талабына сай азамат болып тәрбиеленуіне мол мүмкіндік туғызады.

Келесі бөлімдерде ұлттық тәрбиенің мазмұны білім беру жүйесінің әрбір сатыларына жеке-жеке бөлініп берілген.

1. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

1.1 Ана тілі /Тіл – тәрбие құралы/

Ұлттың ең бірінші қасиетті сипаты – Ана тілі.

Туған елім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы,
Өссе тілім, менде бірге өсемін,

«Өссе тілім, мен де бірге өшемін!» – деп, ақын Әбділдә Тәжібаев ағамыз жырлағандай тіл қай елде болса да қастерлі, құдіретті. Ол достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы, ырыс-берекенің алды, ұлттың әрі жаны, әрі ары. «Тіл тағдыры – ел тағдыры». Өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, орынсыз шұбарлануына қарсы тұру әр адамның міндеті. Ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

1.2 Ойнайық та, ойлайық! /Қазақтың ұлттық ойындарының тәрбиелік мәні/

Баланың бірінші әрекеті – ойын. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы.

Ойын – ақыл-ойды кеңейтетін, тілді ұстартатын, сөздік қорды байытатын, өмірді танытатын, сезімді кеңейтетін, ерік және мінез қасиеттерін бекітетін, адамгершілік сапаны жетілдіретін, ұжымдық сезім әрекеттерді өсіретін, еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік беретін, дене күшінің жетілуіне көмектесетін тәрбие құралы.

Ұлттық мұраның бай қазынасының бірі – халықтың ұлттық ойындары. Қазақтың ұлттық

ойындары үш топқа бөлінеді, бірінші топқа, өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала «санамақ, тәй-тәй, айгөлек, соқыр теке, қуырмаш, алақан сокпақ, ақ серек-көк серек» т.б. ойындарын ойнайды. Ойын арқылы баланың бойында ұйымдастырушылық қасиеттері, тапқырлық, шыдамдылық, белсенділік, есте сақтау қабілеттері, зейіні, тілі дамиды.

Ойын жүйелері:

- мазмұнды бейнелі ойындар: */отбасы, балабақша, мектеп, аурухана, ұшқыштар, мал фермасы, құрылысшылар, мұнайшылар, темір жол, теңізшілер/;*

- қимыл қозғалыс ойындары: */«ақ серек, көк серек», «ұшты-ұшты», «аңшылар», «сиқырлы таяқ», «мысық пен торғайлар», «бақташы мен қозылар», «соқыр теке», «мысық пен тышқан»/;*

- дидактикалық ойындар: */заттардың түсін анықта, қуыршақты серуенге дайында, орныңды тап, ойлан тап, түсті лото, тез ретке келтір, көршілер, аралар, дүкен, сен жалғастыр, дәл тауып айт, т.б/;*

- рөлді-сюжетті ойындар: */ертегі, әңгімелерді ролдерге бөле отырып орындау, сахналық көрініс көрсет/.*

1.3 Қызықты қойылымдар /тәрбиелік мәні бар сазды-сахналық көріністер, қуыршақ театры/

Өнер – мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық қалпын, ой-өрісін, мінез-құлқын орнықтырудың басты құралдары. Балабақшада өнерді дамыту бағыттары:

1. сазды-сахналық (музыкалық) қойылымдар
2. қуыршақ театры

Балалардың шығармашылық қабілет-дарынын дамытып, оны қоршаған ортаның ерекшеліктеріне орай бейімдеп, сонымен тығыз байланыстыра отырып ұғындыру, өмірді түсінуіне жағдай жасап, қиял-армандарын жетілдіру. Қойылымның негізі қасиеттері (адамгершілік, достық, кішіпейілдік, ерлік, батылдық, адалдық, әділдік, шыншылдық). Балалардың кейіпкерлерге еліктеуі. Театрландырылған ойындар және олардың тәрбиелік мәні.

1.4 Менің туыстарым

Ағайын-туыс деп бір рудан, тайпадан өсіп, өрбіген ұрпақтар қауымы мен бірлігі. Жеті ата туыстығының мәні. Отбасы – адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы, сыйластық,

жарастық орнаған орта, бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Ата-ана – отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Қазақ *отбасындағы* ұрпақ жалғасы: *ата, әке, бала*. Ата – әкенің әкесі. Жеті атадан санағанда үшінші ұрпақ. Ел-жұрт «*ақсақал*» деп құрмет тұтатын қадірлі ел тұтқасы. Әке – әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы. Бала – әке-шешенің перзенті, ұрпағы, ата-ана өмірінің жалғасы. Жыныс ерекшелігіне қарай ұл, қыз, жас шамасына қарай: нәресте, сәби, бөбек, балдырған, жеткіншек, жасөспірім болып жіктеледі. Әже (әйел) – әкенің шешесі. Ел іші, от басының бүтіндігін ойлайтын көптің сыйлы анасы. Ана (әйел) – өзінді өмірге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүтін берген аяулы адамың. Аға «ер» – бір әке-шешеден туған немесе рулас ағайын-туыс жасы үлкен жігіт аға деп аталады. Ағаның жөні де, жолы да үлкен деп есептеледі. Іні «ер» – бірге туған ағайынды адамдардың жасы кішісі. Апа (әйел) бірге туған және туыстардың жасы үлкен қыздары, оның інілері мен сіңлілері, келіндері үшін «апа» болады. Қарындас «әйел» ағайындылар ішінде жасы кіші қыз, ағалар үшін қарындас болады. Сіңлі (әйел) – бірге туған апалы қыздардың кішісі. Жеңге (әйел) – ағаның әйелі. Жасы үлкендер үшін «келін», кішілер үшін «жеңге» деп аталады.

1.5 Сәлемдесу тәртібі. Кіммен қалай сәлемдесу керек?

Сәлем – әдептілік белгісі. Сәлем беру – адамға жақсылық, есендік, саулық тілеу белгісі. Үлкен адамға сәлем беру – кіші адамның міндеті. Сәлем беру тәртібі. Сәлемдесудің түрлері:

- Сәлем!
- Қалайсың?
- Қалай жағдай?
- Сәлеметсіз бе?
- Сәлеметте болыңыз!
- Аман-саусыз ба?
- Аман-сау болыңыз!
- Аман-есенсіз бе?
- Аман-есен болыңыз!
- Үй-ішіңіз аман ба?
- Ден-саулығыңыз қалай?
- Түркі халықтарына ортақ:
- Ассалаумағалейкум!
- Уағалайкумассалам!

2. БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

2.1 Менің Отаным /*Отанға деген сүйіспеншілікті тудыруға бағытталған тәрбиелік мәні бар туындылар/*

1. «Отан-менің ата-анам, –

Отан-туған ауылым. –

Отан-өлкем, астанам. –

Отан -менің бауырым» өлең жолдарының мән-мағынасы.

2. Қазақстан Республикасының рәміздері: Ту. Елтаңба. Гимн.

3. Елімнің тұңғыш президенті. Ел ордасы - Астана.

2.2 Кел балалар, оқылық!

«Білім» – адамзат тіршілігінің барысында жинақталған әлеуметтік тәжірибе. Білім – адам өмірінің шамшырағы. Білім және оның маңызы. Адам өмірінде білімнің орны. Білім беру негіздері. «Білімді мыңды жығады, білімсіз бірді жығады» мақалының мәні.

2.3 Ана тілің – арың бұл /қазақ тілі, сөйлеу әдебі/.

Тіл – халықтың тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Халықтың аса бай рухани қазынасы – туған ана тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ана тілінің мәні мен мазмұны.

2.4 Ұжымдық қатынас.

Мектеп ережесі. Оқушылардың тәртіп сақтау ережесі, олардың сабаққа дейінгі, сабақтан кейінгі және үзіліс кезіндегі өзін-өзі ұстауы. Оқушының сыртқы көрінісі. Оқушы өмірінің табиғи ритмі. Күн тәртібін қалыптастыру негіздері. Қарым-қатынас әдебі.

2.5 Шынықсаң, шымыр боласың / денсаулықты нығайтуға негізделген қазақтың ойындары/

Баланы өсіріп, тәрбиелеудегі маңызды шарттар: шынықтыру, белсенді қозғалуына ықпал ету, дене тәрбиесі, жасына сай физиологиялық дұрыс күн тәртібі, тиімді тамақтану. Анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер. Шынықтыру жүйелері: ауамен шынықтыру, таңертеңгілік жаттығу, таза ауамен тыныстап ұйықтау. Күнделікті өмірдегі шынықтыру элементтері. Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі рөлі.

2.6 Ойлан, тап! /қазақтың тәрбиелік мәні бар ұлттық ойындары/

Ойлан, таптың мақсаты – ойындар негізінде

оқушының жалпы интеллектуалды ой-өрісін дамыту. Оқушылардың логикалық қабілеттерін дамыту. Топпен жұмыс жасауға үйрету.

2.7 Әсемдік әлемі /қоршаған ортадағы әсемдік, әсемдікке баулу/

Қоршаған ортамен ізгі қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастыруға бағыттау. Балалардың табиғатқа эстетикалық қатынасын қалыптастыру және денсаулықтарын нығайту мақсатында экологиялық, шығармашылық іс-әрекеттер ұйымдастыру. Жасөспірімдерді әсемдік сезімге тәрбиелеу. Әсемдікті қабылдау және эстетикалық түсінік. Баланың талғам құндылықтарды құруға бағытталған қабілеттіліктерін және әсемдік туралы түсініктерін қалыптастыру. Әсемдік пен сұлулыққа ояту, талғам танымдарын арттыру.

2.8 Шебер қолдар /қолдан бұйым жасау өнері/

Оқушылар шығармашылығын қолөнер негізінде дамытудың маңызы. Шығармашылық ұғымының мәні. Қазақ халқының қолөнерін оқушыларға үйретудің маңызы мен мазмұны. Қолөнер түрлері. Қолөнер бұйымдарын әзірлеуде оқушылардың шығармашылық және ісмерлік дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды қолөнерге баулу үрдісін ұйымдастырудың шарттары. Еңбекке баулу мазмұны; Техникалық еңбек; Көркем еңбек; Дизайн; Тұрмыстық еңбек.

3. НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

3.1 Қазақтың даналары

Халқымыздың ұлы ғұламалары: Қорқыт ата, Әмір Темір, әл-Фараби, Ж.Баласағұн, А.Яссауи, Абылай хан, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Қабанбай батыр, Бөгенбай батыр, А.Құнанбаев, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев, М.Жұмабаев, С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Есенберлин, І.Жансүгіров, Т.Рысқұлов, Т.Жүргенов, Ж.Жабаев т.б. Олардың жас жеткіншектер бойында адамгершілік, ұлтжандылық, еңбекқорлық, ұқыптылық, әдептілік сияқты қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған еңбектерінен мысалдар. Бұл еңбектердің жас жеткіншектер тәрбиелеудегі қазіргі заманға сәйкес қолданылуы.

Қорқыт ата нақылдары. **Әл-Фараби** іліміндегі тәрбиенің әлеуметтік мәні, экономика,

адамгершілік, ақыл-ой тәрбиесі туралы.

Абайдың өзінің халқына, келер ұрпағына арналған өшпес әдеби мұралары. Абай: ...адал еңбек, ар-ұждан қай дәуірде болмасын көнермейтін, адамды қиыншылық атаулыдан аман-есен алып шығатын тіршіліктің тұтқасы, өмірдің нұсқасы, жастарды алға жетелер жарық жұлдыз.

Ш.Уәлиханов еңбектерінің темірқазығы – қоғамның шаруашылық-экономикалық проблемалар, қазақ халқының экономикалық жағынан дамуы - Шоқанның негізгі арманы болды.

Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде жастарды сабырлыққа, әдептілікке, ұқыптылыққа, еңбек сүйгіштікке үйрете отырып тәрбиелеуді мақсат еткен. Ы.Алтынсариннің көлемі шағын әңгімелерінде білім, оқу, ғылым, мұғалім, еңбек, байлық, кәсіпкерлікті үйрену, баюдың жолдары нақты мысалмен түсінікті жазылған. Оның «Малды пайдаға жарату», «Дүние қалай етсең табылады», «Білімнің пайдасы», «Қыпшақ Сейітқұл», «Петр патшаның тергелгені», «Мұжық пен жасауыл», «Жомарт», «Сараңдық пен жинақылық» деген т.б.

Т.Рысқұлов қаржы және салық саясатына – халық шаруашылығына басшылық жасаудың маңызды және шешуші тетігі ретінде қарады. Т.Рысқұлов үкімет жетекшісі болып сайланғаннан соң республикадағы салық саясатын жан-жақты зерттеген, оның қазіргі нарық қатынастарын үйретудегі мәні.

3.2 Білімнің пайдасы

Білімділік – озық ойлы, кең өрісті, мәдениетті азамат болу кепілі. Ұлы Абайдың «Білімнің пайдасы» еңбегінің мән-мағынасы, оның қазіргі өмірдегі сипаты. Білім – адамның негізгі қажеттілігі. Еліміздің көркеюі – білімді азаматтардың еңбегінің жемісі. Қазақ халқының білімге қатысты мақал-мәтелдері: «Білімнің берері мол», «Өнер білім бұлағы, білім өмір шырағы», «Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады», «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез», «Оқу-білім азығы, білім-ырыс қазығы» мақалының мән-мағынасы, тәрбиелік мәні. Қазақтың халық есептері. Олардағы балаларды тапқырлыққа, ұқыптылыққа, талпынысқа, алғырлыққа тәрбиелеу мүмкіндіктері.

3.3. Тілдердің үш тұғырлығы

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақ тілінің өзге ұлт тілдерінен негізгі ерекшеліктері. Қазақ тілінің

даму тарихы. Орыс тілі – халықаралық қатынас құралы. Шет тілін үйренудің маңыздылығы. Тілдерді үйренудің жаңа технологияларын таңдай білу. Көптілділік – әлемдік өнер мен терең білім игеру кепілі.

3.4 Қазақтың қол өнері

Қазақтың қолөнер туындыларының түрлері. Қазақтың сәндік-қолданбалы өнері, оның даму ерекшелігі, бүгінгі заманға сәйкес икемделуі мен оның қазіргі қолданылуы және жастардың киім кию біліктілігін қалыптастырудағы рөлі. Зергерлік бұйымдар, ондағы ою-өрнектердің мәні мен мағынасы, тәрбиелік рөлі. Тоқыма бұйымдар, оларды дайындау, өңдеу, пайдалану. Кесте тігу, киіз басу өнері, оның жасөспірімдерді әсемдікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке, төзімділікке баулудағы рөлі. Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін пайдаланып киім тігу, оның жас ұрпақтың сән өнерін қалыптастырудағы мүмкіндіктері.

3.5 Денсаулық – зор байлық

Білім алушылардың жеке бас гигиенасы. Жас ерекшеліктеріне байланысты қыз гигиенасы, ұл гигиенасы. Дене күтімі мен дене шынықтыру – денсаулық кепілі. Ұйқы, оның адам денсаулығын бекітудегі рөлі. Демалысты ұйымдастыра білу шеберлігі. Ұйықтайтын, дем алатын, ас ішетін бөлме тазалығы. Ас – адамның арқауы. Қазақтың ұлттық тамақ түрлері, оларды пайдалану реті мен оның адам денсаулығына әсері. Ас дайындау тәртібі. Ас мәзірі. Ас ішу әдебі.

3.6 Ізденушілік шеберлігі

Қызығушылық аясының кеңдігі – жас ұрпақтың тәрбиелілігінің белгісі. «Іздеген жетер мұратқа» мақалының мән-мағынасы, тәрбиелік мәні. Ізденімпаздық қасиетін дамыту мүмкіндіктері: сөзжұмбақ, сөзтізбек шешу, сұрақ жауап ойындары, бейнесөздер құрастыру, оны шешу. «Алғашқылар, біріншілер, тұңғыштар», «Бұл кім? Бұл не?», «Не?, Қашан?, Қайда?» сұрақ жауап ойындарының мәні мен мағынасы, оның жас ұрпақтың ізденімпаздығын, шығармашылық құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлі. Мектеп кітапханасынан, әдеби құралдардан, информациялық ақпарат құралдарынан қажетті материалдар іздеу тәртібі. Ізденіс нәтижесін тиімді пайдалана білу қабілеттілігі.

3.7 Табиғатты аялау

Жер, су, ауа тазалығы – табиғат байлығының кепілі. Қоршаған орта табиғатын қорғау мақсатындағы ата-баба дәстүрлері. Жергілікті

жердің табиғи ерекшеліктері, оны қорғауға қатысты әрекет түрлері. Қоршаған орта тазалығы. Көгалдандыру жұмыстарында ата-баба дәстүрлерін пайдалану. Жер мен судың ластануының денсаулыққа әсері. Табиғатта серуендеу тәртібі /ауа райына лайық киіну, серуенге лайық тамақ, ыдыс аяқ дайындау, серуен соңында отырған орын тазалығын қамтамасыз ету/.

Жасыл ел бағдарламасын жүзеге асырудағы жас жеткіншектердің үлесі.

Жергілікті жерлердегі табиғатты қорғауға бағытталған ұйымдар және олардың жұмысы.

3.8 Еңбек – ер атандырады

Қазақтың еңбек тәрбиесі туралы, ұқыптылық, үнемшілдік, еңбекқорлық қасиеттерін қалыптастыруға мүмкіндік жасайтын мақал-мәтелдері, олардың тәрбиелік мәні: «Еңбек түбі зейнет», «Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек», «Ер дәулеті еңбек», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» т.б. Қазақ халқының дәстүрлі еңбек түрлері, олардың қазіргі сипаты, ондағы еңбек әрекетінің өзгерістері, қазіргі өмірге бейімділігі, тәрбиелік мәні.

3.9 Адами қасиеттер

Бақыт деген не? Адам бақыты туралы қазақ ойшылдарының пікірлері. Махаббат. Ана махаббаты, бала махаббаты. Жолдастық. Жолдастың өмірдегі орны. Сүйіспеншілік сезімі, оның өмірдегі орны. Дос құпиясын сақтай білу. Жолдасты қалай таңдау керек? Достық, жолдастық қарым-қатынас белгілері.

4. БАҒДАРЛЫ МЕКТЕПТЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

4.1. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары

Тіл – ұлттың ары. Мемлекеттік тілді білу – парызың. Қазақстандағы ресми тіл. Халықаралық қатынастар тілі. Әлемдік тіл – әлемдік деңгейге шығар жол. Қос тілділік – өркениетке жетелейтін баспалдақ. Үш тұғырлы тіл – жаһанданудың кепілі.

Діл. Қазақ халқының өзіне тән - ұлттық ділінің ерекшеліктері: Мінез-құлқы, намысты қолдан бермеушілігі, рухты биік ұстауы, батырлығы, сабырлылығы, ақкөңілділігі мен аңғалдығы, бауырмалдылығы, көпшілдігі мен қонақжайлылығы т.б.

Қазақ халқының ділі – оның әдет-ғұрпында

ойын-сауықтары, ырымдары мен тыйымдары, түс жоруы, жыл қайыруы мен мал бағудан туындаған астрономиялық көзқарастары т.б. Қазақ халқының көшпелі тұрмыс өміріндегі қолөнері және оның тәрбиелік мәні құрақ құрау, текемет, киіз басу, сәнді тоқыма тоқу, кесте тігу, ою, өрнек өнеріндегі бейнелері.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр. «Үйлену – оңай, үй болу – қиын» мақалының мән-мағынасы. Отбасын құруға байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер құда түсу, қалың мал, құдағи таныс, қалыңдық ойнау, өлі-тірі беру, есік-төр көрсету, батаяқ байлау, ақтық, шаңыраққа мінгізу, ақ қастық, үкі тағу, отқа май тамызу, жол кеспеу, арқан керу, ақ алып шығу, домалақ қалыңмал, есікті қатты жаппау, неке қияр ғұрпы, неке шар-ты, ат тергеу, табақ тарту, жар-жар айту, беташар т.б.

Қазақ халқының қонақжайлылығы. Қонақ күту. Қонаққа табақ тарта білу. Қонақ кәде.

Дін. Ежелгі қазақ даласындағы халықтардың ұстанған діни наным-сенімдері көкбөріге табыну, ата-баба әруағына, отқа, суға, жерге т.б. *Әлемдік негізгі діндер:* Ислам діні, Христиан діні, Будда діні. Діннің адам психологиясына әсері (пайда, зияны).

Қазіргі кездегі түрлі діни ағымдар және жастар.

4.2 Қазақстандағы ұлтаралық қатынастар

Халықтар достастығы және оның маңызы. Дипломатиялық қатынастар. Сауда-саттық қарым-қатынастары. Ресми қарым-қатынас. Бейресми қарым-қатынастар. Бұл қарым-қатынастардың қазіргі заман азаматын тәрбиелеудегі маңызы.

4.3 Еліміздің мақтан тұтар азаматтары

Менің пірім. Атақты адамдар өмір жолы, еңбегі, жетістіктері, өсиеті, оларға еліктеу. Мысалы: Құрманғазы Сағырбаев, Қажымұқан Мұңайтпасов, Ыбырай Жақаев, Бауыржан Момышұлы, Мұқағали Мақатаев, Мұхтар Шаханов, Олжас Сүлейменов, Әзілхан Нұршайықов, Шәкен Айманов, М.Өтелбаев, Т.Әубәкіров, А.Жұмаділдаев, Қ.Рысқұлбеков, Б.Саттарханов т.б. Сіздің қалыптасуыңызға әсер еткен адамдар. Зиялылық. Зиялылыққа тәрбиелеу жолдары.

4.4 Салауатты өмір салты

Салауатты өмір салтын құру және оған тәрбиелеу. Салауатты өмір салтының рухани-мандылық, әлеуметтік-экономикалық және

қоғамдық-саяси негіздері.

Қазіргі қоғамдағы қауіпті дерт және оларды болдырмау жолдары. Олардың түрлері: темекі шегу, анаша шегу, арақ ішу, жезөкшелік, жұқпалы аурулар (СПИД, мерез, сөз, трихомониаз т.б.). Тастанды балалар. Ата-анасын қарттар үйіне өткізу проблемалары, оны болдырмаудағы қазақ халқының дәстүрлі әрекеттері. Қарияға деген құрмет.

4.5 Зерттеушілік қабілеттерді дамыту және оның түрлері

Зерттеу мәдениеті. Шығармашылық қабілет. Ізденушілік қабілет. Өзіндік жұмыстар. Шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстың түрлері мен бағыттары.

4.6 Сұлулық әлемі және сұлулық құпиясы

Әсемдік. Сымбаттылық. Сүйкімділік. Дене күтімі. Бет күтімі. Киіне білу. Ас ішу. Гигиена т.б. Қазақ халқының әдет-ғұрпындағы әсемдік пен сұлулық сырларының көрінісі.

4.7 Еңбек етсең – емерсін

Еңбек тәрбиесінің маңызы, оның спортпен бірлігі қазақ халқының ұл баласының ертеден ат жалында ойнауы, ұлттық ойындарға мән беруі т.б., Кәсіпкер әдебі. Кәсіпкердің ұлтжандылық, қайырымдылық қасиеттерінің маңызы.

4.8 Ұл тәрбиесі

Жеті ата. Шежірені білу. Ұлдың отбасындағы орны. Ұл қандай болуы керек? Оған келешекте жүктелетін міндеттер. Жыныстық тәрбие. Отбасын құру. Жар тандау. Айттыру. Отбасын жоқпарлау. Отбасының адам өміріндегі маңызы. Күйеу бала әдебі.

4.9 Қыз бала тәрбиесі

«Қызға қырық үйден тыю» мақалының мағынасы. Қыз баланың отбасындағы орны. Қыз қылығымен тартымды. Бойжеткен қыздың гигиенасы. Қыз абыройы. Қыз бала – болашақ ана. Қыз балаға ерте жастан жыныстық тәрбие беру. Қазақ халқының ертеден қыз баланы қонақ деп құрметтеуі. Қыз бала – болашақ келін. Келін – отбасының ұйытқысы, ақ босағаның аруы, үлкен шаңырақтың береке-құты.

4.10 Бақыт деген не?

Бақыттың мәні. Шынайы бақыт деген не? Адамға бақытты болу үшін не керек? Бақыт пен байлық бір-бірімен байланысты ма? Ел бақыты. Ер бақыты. Ана бақыты. Бала бақыты. Баянды бақыт. Жолдастық. Жолдасты тандау. Жолдастықтың адам өміріндегі маңызы.

Сүйіспеншілік. Сүйіспеншіліктің адам өміріндегі маңызы.

Сұлу, сұлу емес – сүйген сұлу. Ұнату. Жақсы көру. Махаббат. Сүю. Қимастық сезімдері т.б.

5. ЖОО –да ұлттық тәрбие беру

5.1 Ұлттық тәрбиенің теориялық негіздері

1. Ұлт. Ұлттың қалыптасуы

2. Ұлттық тәрбие көздері тіл, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, дін, діл

3. «Ұлттық тәрбие» пәнінің негізгі мазмұны, оның алғышарттары

4. «Ұлттық тәрбие» пәнінің басқа пәндермен байланысы

Ұлт туралы жалпы түсінік. Ұлттың қалыптасуына, дамуына әсер ететін факторлар. Ұлттың дамуындағы ұлттық тәрбиенің рөлі. Қазақстанның дамуындағы әлеуметтік-рухани тәрбие беру жолдары.

Ұлттық тәрбие көздері – тіл, тарих, дін, мәдениет, салт-дәстүр, діл. Ұлттың ыдырамас тұтастығы, мызғымас бірлігі ұлт тілімен тығыз байланысты. Ұлт тілі – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан асыл қазынасы, рухани құндылықтарды ұрпақтан-ұрпаққа сақтап жеткізуші формасы. Әдебиетте шығарма кейіпкерлері арқылы олардың тілін, ойын, іс-әрекеттерін, мінез-құлқын, ұлттық қасиеттерін көрсету арқылы үлгі ретінде баяндаса, содан кейін оны көркемдеп көрсету арқылы жеке тұлғаның адамдық қасиеттерін қалыптастырып, сана сезімін арттыра түседі. Ұлттық тәрбие – ел тарихының ажырамас бөлігі. Ұлттық тәрбиеде ұлт тарихын оқытуда мақсат – саналы тұлға тәні мен жаны сау ұрпақты өз елінің тағылымдарын мақтан тұтатын жастар тәрбиелеу.

Діни негіздегі тәлім-тәрбиенің негізі, ең алдымен, отбасынан бастау алып, білім беру жүйесінің алғашқы сатыларында (балабақша, мектеп) балаларға жан-жақты тәрбие беруде діни сананы жеке тұлғаның қалыптасуындағы қоғамдық сананың бір бөлігі ретінде орынды пайдалану қажет. Ұлттық тәрбие берудегі діннің алатын орны.

Ағартушылық сипатты насихаттай отырып, имандылық пен діни тазалық, адамгершілік, бірлік, татулық білімділікті негізгі мақсат ету қажет. Қандай дін өкілі болмасын адам болмысын жақсылыққа жетелейтінін ұғындыра отырып,

ғылым мен діннің үйлесімділігін айқындап таныту. Дін түрлері. Мұның себебі, әлемді жаратушы әр түрлі жолмен тану деген сөз. Ұлттық тәрбиені салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты дәріптеп оқыту арқылы білім алушының бойына күнделікті өмір тұрғысындағы тәрбие нақыштарының сан белесінен хабардар етеміз. Сол дәстүр нақыштарымен, әдет-ғұрыптардың бүгінгі таңдағы рөлін айқындай отырып, жастардың халық үрдістеріне деген сүйіспеншілігін ояуды мақсат етуді негіздеу. Жалпы, салт-дәстүр, әдет-ғұрып адам психологиясымен етене байланысып, замана жаңаруына сай өзгеріп отыратын құбылыс.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің басқа пәндермен байланысы. Ұлттық тәрбиені тек жеке пән ретінде ғана емес, басқа пәндермен байланыстыра тәрбиелік тұрғыдан жастарға үлгі-өнеге болатындай оқытуды қарастыру. Әрбір жас пән арқылы өмірге шынайы қарауға тәрбиеленеді. Сондықтан да, пәнді оқыта отырып жастарды адами құндылық қасиеттерін дамытып, оны өмірден, адамдар қарым-қатынас қылықтарынан, еңбек іс-әрекеттерінен, еңбек нәтижесінен көретіндей етіп, сол дарытқан қасиеттерді күнделікті өмірде жасау ынтасы мен көрінісінен, іскерлігінен байқауға тәрбиелеу көзделеді.

5.2 Ұлттық тәрбиенің тарихи тамырлары

1. Халық фольклорындағы тағылымдар

2. Ұлттық және әлемдік өнер тәлімі

3. Қазақ ойшылдарының ұлттық тәрбиедегі ой-пікірлері

Қазақ халқының ауыз әдебиеті (фольклоры) сонау ерте замандардан бастау алады. Халық есінде ұмытылмай, ғасырдан ғасырға созылып, сақталып келген көне мұраларымыздың жас ұрпақты тәрбиелеуде алар орны ерекше. Сан кезеңдерді көктей өтіп, ұлттың рухани арқауына айналған ауыз әдебиетінің жастарды ұлтжанды, Отанын, елін сүйетін азамат етіп тәрбиелеуде маңызы зор. Осы арқылы біз ауыз әдебиетінің түрлері: айтыс, шешендік сөздер, батырлар жыры, тарихи жырлар, эпостық, лирикалық жырлар, ертегі, аңыз-әңгімелер, бесік жыры, толғау, мақал-мәтелдер тағы басқа түрлерінде көптеп берілген тағылымдар арқылы оның тәрбиелік маңызын түсіндіріп, талдау арқылы жас ұрпақ тәрбиелеу жағын қарастырамыз.

5.3 Ұлттық тәрбие – адами-мәдени даму негізі

1. Жалпыадамзаттық құндылықтар

2. Ұлттық-мәдени құндылықтар

3. Денсаулық құндылықтары

4. Табиғат құндылықтары

Тұлға мәдениетінің негізі оның жалпыадамзаттық құндылықтарға қатынасынан көрінеді. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз – белгілі бір ұлтқа тән ата-бабаның ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтары. Жалпыадамзаттық құндылықтарды жастарға түсіндіре, оны танудың негізі қоғамға бағытталған идеялардың, сезімдердің, ұғымдардың қалыптасуына; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды байланыстыра білуге; қоғамға және басқа адамдарға болған қатынастарға орай құқы мен міндеттерін зерттеп тануға; азамат құқы мен міндеттерінің бірлігін түсінуге; азаматтық мінез-құлық пен сезімдерді тәрбиелеуге; пікір жүргізу еркіндігінің дамуы мен көңіл-күй ортақтығын сезінуге және т.б. орайлас екендігін айту. Жалпыадамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалық қасиеттерін қалыптастыру көзделген. *Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін қарастыра отырып: а) өзін-өзі тануға: махаббат, денсаулық, еркіндік, бақыт, еңбек, тән мен жан үндестігі; ә) өзгелерді тануға: отбасы, достық, сыйластық, теңдік, бауырмалдық, диалог, өзара түсіністік, ынтымақтастық; б) әлемді тануға: табиғат, Отан, әлем, өмір, Бүкіл әлеммен үндестік, сенім, үміт; в) адамзаттың рухани тәжірибесін тануға: ақиқат, жер адамзаттың ортақ үйі, шығармашылық, мәдениет, адамзатпен бірігуге тәрбиелеу.*

Қазақстан Республикасының халықтарының өміріндегі тарихи оқиғаларына, қоғам мен мемлекеттің дамуына ықпал ететін мәдени мұраларды көненің көзіндей сақтап, оны маңызын жастарға түсіндіру арқылы бағалай білуге шақыру қарастырылады. Жастардың ұлттық құндылықтарға бағдарланған тұлғалық болмысын қалыптастыру жолдары.

Көп этнос пен диаспора тұратын елде ұлтаралық мәселе тұратыны заңдылық. Ұлтаралық құндылықтың ең бастысы – татулық пен бірлікте. Бірлігі жарасқан елдің болашағы зор екендігін түсіндіре отырып, жас ұрпақты ауызбіршілікке, өзара сыйластыққа баулу қарастырылған.

Денсаулық. Бірінші байлық – денсаулық,

өмір өзегі. Ұзақ өмір. Мәнді, мазмұнды өмір. Денсаулықты нығайту. Денсаулыққа зиянды, пайдалы әрекеттер. Салауатты өмір салты. Адам өміріне зиянды әрекеттерден аулақ болу: нашақорлық, ішімдік ішу, шылым шегу, СПИД және т.б. Адамның саналы да, жарқын тәрбиелі өмір сүруі үшін алдымен денсаулық қажет. Салауатты өмір салтын сақтай отырып, әр жастың денсаулығын қалай күту керектігі, оның құндылықтары жайлы мағлұмат беру. Денсаулықтың алты аспектісіне жеке-жеке тоқталып, мән-мағынасын түсіндіру:

- а) физикалық денсаулық;
- б) психикалық және интеллектуалды денсаулық;
- в) жеке денсаулық;
- г) рухани денсаулық;
- д) эмоционалды денсаулық;
- е) әлеуметтік денсаулық;

Табиғат құндылығын түсіну. Табиғаттың сұлулығы мен әсемдігін сезіне білу, табиғаттан үйлесімділік, жарасымдылық табу, әсемдікке, сұлулыққа талпыну. Табиғатқа қамқорлық жасау, аяушылық, жанашырлық таныту, күтіп-баптау, өсіп-өнуіне көмектесу.

5.4 Ұлттық тәрбиенің психологиялық қырлары

1. Ұлттық мінез-құлық
2. Ұлттық сана-сезім тәрбиесі
3. Көңіл-күй иірімдері
4. Тұлғалық кәсіби сапалар
5. Адамның тұлғалық ерекшеліктері
6. Ұлттық өзіндік сана
7. Ұлтжандылық
8. Отансүйгіштік

Ұлттық психологияның құрылымдық элементтерінің күрделі, әрі маңыздыларының бірі ұлттық мінез-құлық болып табылады. Жастарға халықтың қоғамдық-өндірістік тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан әдеттердің жиынтығы екенін және еліміздегі басқа халықтардың да ұлттық мінезін мәдениеті мен тұрмысынан, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерінен байқату оқытылады.

Сезім адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты түрлі формада көрінетінін сезіндіріп, оның түрлерін, ұлттық сезімді, адамның бір-біріне деген сүйіспеншілік сезімдерін жастарға кең түрде мағлұмат бере отырып тәрбиелеу қарастырылады.

Көңіл-күй адамның барлық толғаныс тебіреністері мен әрекетіне өң беретін біршама ұзақ эмоциялық күй екендігі белгілі. Жалпы, қазақ халқына тән өзіндік көңіл-күйдің қыр-сырларына жеке тоқталып, оның басқа халықтардан ерекшелеп тұратын қасиеттерін ашып көрсету қарастырылады. Мәселен, қуанышты, ашулы, жайбарақат көңіл-күйлері т.с.с.

Әр адамды басқалардан айқындап, ерекшелік тұратын жеке болмыс-бітімінен бөлек, Тұлға бойындағы әр түрлі осы тәріздес ерекшеліктерге тоқталып, оның саналы да, тәрбиелі азамат болудағы алар орны жайлы кеңінен ашып, мән-маңызын көрсету қарастырылған. _

Ұлттық өзіндік сана ұлттық дүниетанымға негізделеді. Ал, ұлттық дүниетаным дұрыс таным-түсінік арқылы өріс жайып, ұлттық дәстүр арқылы өз болмысын танытады. Өз ұлтына деген құрметтің көрсеткіші – ұлттық сана-сезімнің қалыптасу деңгейіне байланысты. Жастарға ұлттық сана төмен болса, халық халықтық қасиетінен айрылып, мылқау тобырға айналатынын түсіндіре отырып, оның алдын алу жайы және оны болдырмауға тәрбиелеу көзделеді.

Ұлтжандылық дегеніміз – адамның өзінің араласқан белгілі бір саяси, мәдени және әлеуметтік ортасына – Отанына деген аса терең сезімі. Ұлтжандылыққа тәрбиелей отырып, жастардың азаматтық санасын қалыптастыру, оқушылардың саяси білімдерін жетілдіруге, өз азаматтық құқықтары мен міндеттерін, туған жердің, өскен елдің табиғатын аялай білу сезімін қалыптастыра білуге тәрбиелейміз.

Отансүйгіштік – азаматтық санамен қалыптасатын қасиет. Жастардың азаматтық санасын біліммен қаруландыра отырып, аға ұрпақтың қалдырған мәдени-тәлім мұраларынан сусындаған, туған жері мен елінің рухани-материалдық, мәдени құндылықтарын бойына сіңіре отырып, ақыл мен парасаттылығы жетілген, ұлтжанды, саналы азаматты тәрбиелеу жолға қойылады.

5.5 Этика-эстетикалық тәрбиелік негіз

1. Сыйластық әдебі
2. Сөйлеу әдебі
3. Жүріс-тұрыс әдебі
4. Қарым-қатынас әдебі
5. Сән-сымбат әдебі
6. Инабаттылық дәстүрлері
7. Жалпы адамзатқа ортақ әдеп нормалары

Құрмет, ізет, сыйластық туралы түсінік беру. Қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту. Үлкендер мен кішілер арасындағы сыйластықты түсіндіру. Отбасы сыйластығы, туыстар сыйластығы, достар сыйластығы, ұжымдастар сыйластығы және т.б. Әр халықтың өзіндік дәстүрі бар. Алайда, дәл қазақтардай үлкенді сыйлау, өзара сыйластық қасиеттерін бала кездерінен бойына сіңіріп өскен ұлттар мен ұлыстар кемде-кем. Десек те, жастардың тәрбиесі жаһандану жағдайында алаңдатары анық. Қазақ дәстүрінің ерекшелігі тек ата-ананы ғана емес, жалпы адамды сыйлауға баулуында. Бұл тақырыпта біз жас ұрпақты үлкенге сәлем беру, орын беру, жол беру, кимелеп, баса-көктеп өтпеу, үйіне қонақ келсе жақсылап күтіп-шығару, мейманға, жолдас-жораларына, жалпы адамзатқа қайырымды болуын, адамдарға деген шын ниетпен құрмет көрсете білу құлық-мінездерін тағы басқа сыйластық әдебін сақтай білетіндей, бойына сіңіре отырып тәрбиелеуге бағыттаймыз. Осы секілді мінездерді қорлау – өзін-өзі қорлау, сыйлау – алдымен өзін-өзі сыйлау керектігі жайын тәрбиелік тұрғыдан түсіндіру қарастырылады.

Өзінің бастауын сан ғасырлық терең тарих тезінен өткен тілдік әдеп негіздері мен ұлттық құндылықтардан алатын сөйлеу әдебін, талаптарын барлық жас сақтай бермейді. Оны жалпыадамзаттық мәдениетпен ұштастыра отырып жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың мәдени әлеуетін арттыру сөз мәдениетіне баулу әдебін сақтау арқылы жүзеге асары даусыз. Өйткені, тіл – адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау, ал сөйлеу – адамның интеллектуальдық әрекетінің ерекше түрі болғандықтан, сөйлеудің әдебі мен тәртібіне тәрбиелеу жүйе ретінде қарастыратын мәселе.

Қоғамдық орындарда: мектепте, көшеде, кинотеатрда, транспорттарда әдептілік сақтау. Дұрыс киіну, өзін-өзі дұрыс ұстау әдептері және т.б. жүріс-тұрыс әдебін жастарға түсіндіре отырып, сол тұрғыда тәрбиелеу қарастырылады. Қазір көп адам жүріс-тұрыс қағидасын ұмытып барады. Мәселен, қалай болса, солай жүріп, киініп, сөйлеп т.с.с. Дәстүрлі, бірақ өте тиімді этика нормаларын қазіргі заманның ыңғайына лайықтап, жаңғырта отырып жастарға тәрбие беру көзделген.

Қарым-қатынас әдебі. Ата-анаға бала қарым-қатынасын ұғындыру. Жолдастар арасында қарым-қатынас әдебі.

Біздің этика-эстетикалық тәрбие берудегі мұратымыз – сырт көріністің әдемілігі мен рухани кемелділіктің табиғи біте қайнасуы. Ондай адам – жетілген, парасатты, қабілетті адам болмақ. Сондықтан да, адам жарасымды тәуір киіне білуі керек. Бүгінгі жастарға әдебі мен әдеті көпке үлгі жас ұрпақтың екендіктерін ескерте отырып, мүмкіндігінше өзіне лайықты киім таңдап, оның сәні мен сымбатының үйлескендігін қадағалап, бағыт беруге тәрбиелеу.

Инабаттылық – қазақ халқына тән ерекше қасиет. Бұл – ұлт психологиясының өзегі, адамгершіліктің бірегейі, халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көрінісі, барлық кісілік қасиеттердің жынтығы екенін түсіндіре отырып, және оны жастардың бойына сіңіру тәрбиенің басында тұратын ең маңызды мәселе. Инабатты, ибалы ұл-қыздарымызды тәрбиелеу қоғам үшін басты орында тұруы қажет.

Қоғамдағы өмірдің мәні мен сәні, берекеттілігі мен мерейі, жақсылығы мен жарастығы, түптеп келгенде адамдардың әдебі мен инабатына, имандылығы мен ар-ұятына т.б. жалпы әдептің нормаларына қатысты. Әдеп болмаса адамның өзге хайуаннан артығы болмас еді. Жалпыадамзатқа ортақ жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ар-иман, обал-сауап, тағы басқа әдеп нормалары адамдардың қарым-қатынасында өнеге болып табылады. Әр қасиеттерге жеке тоқтала отырып, жарқын өмір үшін әдеп нормаларын сақтаудың маңыздылығына тәрбиелеу осы бөлімде қарастырылады.

5.6 Еңбек тәрбиесі

Еңбекке баулу. Адам тек табыс табу үшін еңбек етпейді. Балаларды еңбекке баулу әрқашан да тәрбиенің маңызды бөлігі болып келеді. Бүгінгі күні еңбек көп қырлы, тиімді ұйымдастырылып, адамгершілік құндылықтармен бірге байланыстырылса, онда оның нәтижесі тәрбие құралы болатындығы дәлелденді. Педагогтың міндеті бала еңбегіне рух беру, оны жасампаз, шығармашыл ету, өз өмірінде адал еңбекпен биік жетістіктерге жеткен адамдарды сыйлауға, құрмет тұтуға тәрбиелеу. Еңбек сүйгіштікке, еңбекті құрметтеуге, еңбекке дағдыландыруға үйрету. Студенттерді еңбекке баулудың басты міндеттерінің бірі – негізінен еңбекке тәрбиелеу, қоғам игілігі үшін еңбек ету парызы.

Обал, ысырап, сауап

Халқымыздың мыңдаған жылдар бойы тұрмыс тіршілігінде **Обал, ысырап, сауап** өзіндік әдебін құрайтын төл қағидалары ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған. Олар күні бүгінде мәдениетіміздің негізін құрап, қазіргі заманғы тұрмысымызбен өркениетіміздің жаңалықтарымен қорлана түсуде. Жасөспірім жаман мен жақсыны қалай ажырата білсе, обал мен сауапты да тап солай жан-тәнімен сезінуі тиіс. Бұл баланың санасына өскен ортасына, өзі тәрбие алған шаңырағынан даритын қасиет десе болар. Кейде бұдан мүлдем мағлұматы жоқ жанға обал-сауапты жете түсіндіріп берудің өзі қиын.

Обал – жақсы нәрсенің қадірін біл, оны тастама, түбінде оның зарын тартасың деген ұғымды білдіреді. Мысалы: “Сүтті төкпе, обал болады”, – дейді әжесі.

Ысырап – әр заттың құнын, бағасын білмей, босқа шашуды білдіретін ұғым. Мысалы: “Судың да сұрауы бар” деп халық ұрпағын әр затты үнемдеп, өз орнымен пайдалануға тәрбиелейді.

Сауап – Қазақ дәстүрінде «сауап жасау», «сауабын алу» әрбір адамның адамгершілік борышы болып табылады. Басқаға жақсылық істеу, табиғатқа қамқорлық жасау, яғни сауап жасау. Мысалы: “Балам, мына қайнардың көзін ашып, сауабын жасашы” – дейді атасы.

Нарықтық экономика. Жеке тұлғаның әлеуметтік құнды нарықтық қатынас жағдайында бәсекелестікке дайындығын, экономикалық санасын, ойлауын, мәдениетін, мәнді сапасын, жағымды қасиеттерін қалыптастыру үдерісі. Жастарға нарықтың ұғымын, оның мәнін, пайда болуы мен даму кезеңдерін, қалыптасуын, атқаратын қызметтері мен инфрақұрылымдарын, мемлекеттің нарықтық экономикада атқаратын рөлін түсіндіре отырып, дамыған елдердің қазіргі таңдағы экономикасының нарықтық болуымен ерекшеленетініне байланысты, сол жағдайға бағыттап тәрбиелеу қарастырылады. Нарықтық экономика негізгі экономикалық мәселелердің ең тиімді жолмен шешетін жүйесі болып табылады. Сондықтан да, мемлекеттің болашағы жастардың қолына өтетіндіктен, нарықтық экономиканың жай-жапсарына қарай бағыттап тәрбиелеу бүгінгі күннің өзекті талабы. Себебі, ол бірнеше ғасырлар бойы құрылды, өркениет формасын қабылдады және болашақта бүкіл әлем халқының экономикалық кейпін анықтап отырады. Ұлттық экономикалық тәрбие берудегі

мақсат – жоғарыдағы талаптарды жастардың бойына сіңіру, бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуға ұмтылысты түсіндіре отырып, соған бейімдеп тәрбиелеу.

5.7. Ұлтаралық қарым-қатынас және оның Қазақстанда дамуы

Жаһандану жағдайындағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті. Жалпы ұлтаралық келісімге психологиялық дайындық.

Толеранттық. Қазақстандағы ұлт өкілдері мен этникалық топтар және тәрбие мәселесі.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, оның ұлттық тәрбиедегі рөлі. Қазақстандағы ұлт саясатының қалыптасуы, дамуы және оның зиялы азамат қалыптасуындағы рөлі. Мәдениетаралық өзара байланысқа дайындық.

Бейбітшілік /халықтар мен мемлекеттер, адамдар арасындағы тыныштық пен келісім жердің адамзат өркениетінің өмір сүруінің маңызды шарты. Ұлтына деген мақтанышы мен ұлттық санасын биіктетіп, ерлікке, отан сүйеге тәрбиелеу/.

Ынтымақтастық. Мемлекетаралық қабылданған келісім шарттардың мүлтіксіз орындалуы. Тәуелсіз мемлекеттердің жақындасуына экономикалық негізі. Жастардың құқықтарын және заңдық мүдделерін қорғау жөніндегі жүйені жақсарту және жетілдіру, әлеуметтік жетімдік пен отбасы институтының тұрақтыландыру мәселелерін шешуге азаматтық қоғамды белсенді қатыстыру мақсатында, мүдделерін арттыру жолындағы өзара ынтымақтастықты жүзеге асыру жолдары. Ынтымақтастықты дамыту сипаты.

Ұлттық тұтастық. Ұлттық тұтастық ұғымына жалпы түсінік. Ұлттық тұтастықты дамыту жолдары. Ұлттық тұтастықты нығайтудағы Қазақстанда жасалынып жатқан игілікті істер. Ұлттық тұтастықтың даму жолында жастардың рөлі.

Толеранттылық – жеке адамдардың, топтардың, әлеуметтік жұртшылықтың арасындағы мәдени, діни, нәсілдік және басқа айырмашылықтардың заңдылығын мойындау, басқа адамдардың түр-түсіндегі, бет-әлпетіндегі, мінез-құлқындағы, жан-дүниесіндегі ұқсассыздыққа төзімділікпен қарау. Қазақстан Республикасының демократиялық дамуының маңызды жетістіктерінің бірі діни төзімділік пен этносаралық келісім негізінде саяси тұрақтылық.

5.8 Ұлттық мәдениет және әлемдік

мәдениет

Ұлттық тәрбие мәселесінің халқымыздың ұлы ғұламалары мен ойшылдарының еңбектеріндегі көрінісі.

Мәдени мұра нысандары – ұлттық тәрбие көзі. Халқымыздың ұлағат сөздерінің тәрбиелік мәні.

Қазіргі мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдарының ұлттық тәрбие берудегі рөлі. Ұлттық тәрбиенің этникалық аспектісі.

Қоғам мәдениеті – адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны ары қарай дамытуы. Жастарға ұлттық мәдени дәстүрлер арқылы әлемдік мәдени құндылықтарға тәрбиелеу қарастырылады. Қоғамдық мәдениетті меңгерте отырып, өзге мәдениеттерге бағыт ұстаған жан-жақты тұлға тәрбиелеу және қоғамдық ортада өзін ұстау мәдениетіне баулу.

Материалдық және рухани мәдениетті оқыта отырып, жастарды материалдық ұлттық тәрбиенің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен және әдістері мен таныстыру арқылы тәрбиелеу. Рухани дүниемізде бүгінгі заман талабы, қоғамдық әлеуметтік қажеттілік, ұлттық дәстүрлі өнерге жаңа көзқарас тұрғысынан қайта қараудың, оның осы күннің өзекті мәселелері мен үндестігін ашудың көкейтестілігін негіздей түсу де өзекті мәселе.


Мәдениет – адамдықтың өлшемі болғандықтан, тікелей қатынаста өмір сүреді. Сол себепті, жастардың білімін, икемін, қабілетін дамыта отырып, адамдық мәнін жасауға тәрбиелеу. Қоғамның материалдық мәдениеті жоғары болған сайын оның рухани мәдениеті де жоғары болмақ.


Ұлттық рухани мәдениет үлгілері – ұлттық мәдениет пен өнерге құрмет. Ұлт тарихын түгендеу, түгелдеу, ұлт руханиятын қайта түлету. Әрбір іс-әрекеттің, шығармашылық ойлаудың, қарым-қатынастың негізінде адамзат баласы қоғамы жинақтаған тәжірибе, ақыл-ой, пікір, идея, көзқарас, дүниетаным, мәдени мінез құлық, рухани, адамгершілік-имандылық сапа, интеллектуалдық таным рухани мәдениет үлгілері болып саналады. Осыларды негізге ала отырып, жастарды қазақ ұлтының және әлем халықтарының мәдениетінің бай үлгілерінен тәлімдік ойларды ала отырып тәрбиелеу көзделген.

Сонымен, ұлттық тәрбие – ұлттық

Бұл мақалада білім беру үрдісіне ұлттық тәрбие пәнін жүйелі түрде ендірудің бағыттары қарастырылады. Ұлттық тәрбиелік білім негізін бүгінгі таңда білім беру процесіне ендіру өзекті мәселелердің біріне айналуға. Халқымыздың тарихи жолында сан ғасырлық тәлім-тәрбиесін бүгінгі білім алушыға ұғындыру жолын сатылай саралаған еңбекте ұлттық тәрбие жұмысының білім беру процесіндегі рөлі айқындалады. Еңбек білім беру ұйымдарының мамандарына арналған.

In the given article the basic directions, the problems, expected results of system introduction in educational process of discipline «National education» are considered. Also the maintenance of national education in all stages of a continuous education system is analyzed.





гуманистік бастаманың жақсаруы, әртүрлі байланыстардың кеңеюі және нығаюы, өзара қарым-қатынас бірлігінің қажеттілігін түсінуі т.б. Жастарға жаңа саладағы талаптардың алға қойылуы, қоғамдық нақтылы жағдайда, жалпыадамзаттық деңгейде білім беру жүйесін құрудағы жаңа бағыттардың айқындалуы.

Осы орайда, демократиялық қоғамға өздігінен ойлайтын, өзіндік сана сезімі бар, еркіндікті сүйетін, әрекетшіл, ізгілік қасиеттерді бойына дарытқан, жаңа дүниетанымды, шығармашылық ізденімпаз, нарық қатынастарының тиімділігін білетін, құзырлығы жоғары адамжанды, қайырымды, өз құқығын қорғай білетін, отансүйгіштік қасиеттерде тәрбиеленген жаңа адамдар қажет.

Сондықтан ұлттық тәрбиені, оның отбасы теориясын және практикасын социумның талаптарына сай қайта құру бүгінгі күнде көкейкесті мәселеге айналып отыр. Осыған байланысты соңғы кезеңде тәрбиенің өзара байланысын және әлеуметтену мәселесін айқындау күн тәртібіне қойылуда. Мұның нәтижесінде жаңа көзқараспен ұлттық тәрбиенің мәнін ашу қоғамдық қажеттілікке айналууда. Бұл ретте Л.С. Выготскийдің адам дамуының әлеуметтенуі, бұл қоғамның бүкіл мәдениетінің, қоғамдық тәжірибенің жеке индивидке берілуі деп қарастырғаны бүгінгі күнде өзекті мәселеге айналып отыр.

Жеке тұлғаның ұлттық тәрбиесін ұлттық идея тұрғысынан қарастыру, жоғары адамгершілікті өмір сүруге өзінің өмірлік мақсатын, мүддесін, өзінің іс-әрекетін, Отанына деген сүйіспеншілікпен, қайырымдылықпен, мейірімділікпен басқа ұлт адамдарымен қарым-қатынаста болуымен қатар, өз халқының ең жоғарғы қасиет-сапаларын құрметтей білетін толымды жастарды қалыптастыруға бағыттайды.

Әлеуметтану барысында оқушы-жастардың әлеуметтік-мәдени құндылықтарымен танысуы, олардың тәрбиеленуі не қажетті рухани және пәндік кеңістік туғызады. Мұндай рухани орта болмайынша, әлеуметтік-мәдени құндылық өзінің нақтылы өмірлік мазмұнынан айырылып, жалаң дидактикалық сызба түрінде қалуы мүмкін.

Тәрбие – өз тарапынан әлеуметтік-мәдени тәжірибені шығармашылықпен меңгеруші. Себебі, оның болашақ ұрпаққа әлеуметтік

ортаның ықпалын үнемі реттеп отыруда мол мүмкіндігі бар. Атап айтқанда, оқушы-жастардың әр жақты өзіндік тәжірибелерін қалыптастыруда, ал кейде олардың тұлғалық дамуына кедергі болатын ортаның келеңсіз жағдайларын болдырмау шараларына оқушы-жастардың өздерін қатыстыру арқылы, әлеуметтік ортаның тәрбиелік потенциалын мақсаттылықпен пайдалану ұлттық тәрбиенің мазмұнын айқындайды.

Соңғы уақыттарда ғылыми әдебиеттерде «Әлеуметтік-мәдени орта» термині жиі қолданылып келеді. Онда жеке тұлғаның әлеуметтігі, қандай әлеуметтік жүйеге жататыны, әлеуметтік субъектінің (тұлға, топ, қоғам) қандай ортамен өзара әрекетте болатыны, жеке тұлғаның ынта-ықыласын және құндылық бағыттылығын қалыптастыруда рухани қажеттілігін дамытуға ықпал жасайды.

Әлеуметтік ортаның бір құрамы – әлеуметтік-мәдени жағдай. Ол әр жақты мазмұны және мінездемесі, сипаттамаларымен жастарға әр қырынан ықпал жасайды. Әлеуметтік-мәдени жағдай құрылымына мәдени тәжірибені ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, танытып отыратын білім беру жүйесі әлеуметтік институт ретінде енгізілген.

Мамандардың дәлелдеуі бойынша әлеуметтік-мәдени жағдай адамды қалыптастырады, ал кейбір жағдайда мүлде адамды кері өзгеріске ұшыратады. Осыдан жеке тұлға өзінің өмір сүру барысында әр түрлі әлеуметтік-мәдени жағдайда байланысты бірнеше өзгеріске түсіп отырады.

А.В. Петровский жеке тұлғаның әлеуметтік дамуын 3 кезеңге бөліп қарастырады. Бірінші кезең – балалық шақ. Бұл – әлеуметтік өмір ережелерін қабылдаудың бастауы; екінші – жеткіншек шақ, бұл тұлғаның барынша дербестену және өзіндік ерекшелігін танытуға ынталы кезеңі; үшінші – жастық шақ, бұл кезеңнің басты ерекшелігі өзінің жеке тұлғалық қасиет-сапаларының қалыптасуына әрекеттену.

Қазіргі уақытта тәрбиенің мазмұнын айқындауда әлеуметтік-мәдени өрістің бірі – білім алу жүйесі. Осы орайда, білім алу әрбір баланың жас адамзат ретінде өзінің жеке өмірін саналы, жалпыадамзаттық құндылықтар рухына сай құра білу, өз халқының ұлттық мәдениеті, менталитеті және салт-дәстүрі негізінде басқа халықтарға сый-құрмет көрсетуге негіз болады.


Осы ретте ұлттық идеология бірлігі мен

байыту бір-бірімен тығыз байланыстылықта көрсетілген. Сонымен қатар, білім беруде ұлттық тәрбиенің негізі өз Отаны Қазақстан Республикасының Азаматын, Патриотын, Жеке тұлғасын тәрбиелеу бағытына ерекше назар аударған. Жоғары оқу орындарында студент жастарға ұлттық тәрбие негізінде мәдениетті меңгеру процесі олардың әртүрлі мәдениетінің негізінде өздерінің нақтылы іс-әрекеттері мен (ақыл-ой, практикалық, қайта жасау, өңдеу, қарым-қатынастық, көркем-сурет) және адамзат тарихындағы рухани шығармашылықтардың материалданған үлгілеріне сүйенген әлеуметтік мінез-құлықпен байланысты болуы керек. Мұнда оқушы-жастардың бойында, кез келген іс-әрекет түрінің субъектісі ретінде, ұлттық тәрбие негізінде қарым-қатынастың қалыптасуы ең басты мәселе ретінде қарастырылады. Сондықтан, адамды орындаушы құрал қалпында ұстаған тәжірибелік саясаттан арылып, жастарды мәдениет адамы дәрежесіне көтеруді маңызды құндылық деп есептейміз.

1. *Нысанбаев А., Сулейменов Ф.* Социокультурный выбор модели образования//Мысль, 1993. №12. – 58-62 с.
2. *Давыдов В.В.* Воспитание молодежи в новых социально-экономических условиях//Советская педагогика. – 1991. – 2.
3. *Нысанбаев Ә.Н., Нұрмұратов С.Е.* Қазақ халқының мәдениеті. –Алматы: Білім, 1988. – 36 б.
4. *Сейдімбек А.* Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. –Алматы: Санат, 1997. – 464 б.

В данной статье отношение школьников-подростков рассматривается как субъект любого вида деятельности и его формирование на основании национального воспитания как основная задача, и именно поэтому рассматривается избавления от политики державшей человечество как исполняющий инструмент и подъём молодых людей на уровень культурных личностей.

In this article the relationship of young schoolchildren considered as the subject of any activity type and its formation on the basis of national upbringing, that's why there also considered deliverance from policy which kept people only as executive instrument and to raise young people to the level of cultivated people.



Қ.Бөлеев
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының
«Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 12-ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУГЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУДЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ МЕН НОБАЙЫ

1. Тұжырымдаманың қажеттігі және оның мақсаты

12-жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау белгілі бағдарламаға сай «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу пәндерін оқыту арқылы оларға этнопедагогикалық білім мазмұнын берумен жүзеге асырылады.

«*Ұлттық тәрбие*» терминін ендіру педагогика ғылымында әлі өз шешімін тапқан жоқ. Ол этнопедагогика ғылымында ендірілуі тиіс. Өйткені, этнопедагогика – ұлттық тәлім-тәрбиені жинақтайтын, оны қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Философия, саясаттану, мәдениеттану, психология ғылымдарында соңғы жылдары ұлттану терминдеріне жан-жақты әртүрлі анықтамалар беріле бастады.

Ұлт – адамдардың тарихи, әлеуметтік, этникалық тұтастығы. Ал, *ұлттық* – белгілі бір ұлтқа тән, оның ерекшеліктерін көрсететін, қамтитын дәстүр. Ұлттық ерекшеліктер оның тілінен, тарихынан, мәдениетінен, салт-дәстүрінен көрініс береді. Егер, осы ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жеке тұлғаны тәрбиелесе және оқытса, ол ұлттық тәрбие алады. Сонда ғана оның ұлттық мінезі, санасы, намысы, дүниетанымы ұлттық сипатта дамып, біртұтас болып қалыптасады.

1. Ұлттық мінез деп ұлттың барлық психикалық ерекшеліктерінің жиынтығын; *ұлттық сана* – ұлттан ұлтты айыратын, тарихи себептердің ықпалымен қалыптасқан субъективті құбылыс; *ұлттық намыс* – өз ұлтының «мен» дегізгерлік қасиеттерін қызғыштай қорғайтын, ұлтты іргелі, жоғары деңгейге көтеруді аңсайтын да қолдайтын, ісімен де, күшімен ұлттық намыс туын көтеріп, қара басын, керек болса, мәңгілікке жолдайтын қаракет; *ұлттық дүниетаным* – ұлттық болмыс көрінісі, саяси,

адамгершілік, эстетикалық, діни наным-сенім, тәрбие, тарихи сана, басқа да дәстүрлі мәдени-рухани көзқарастар жүйесі, ал *ұлттық білім* – білім мазмұнындағы ұлттық дүниетаным. Сонда *ұлттық тәрбие* деп жеке тұлғаның ұлттық сана-сезімі, намысы мен мінез-құлқының және ұлттық дүниетанымының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерін меңгеруі негізінде қалыптасуын айтамыз.

Мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие отбасында және мектепте берілуге тиіс. Өкінішке орай, қазіргі отбасындағы тәрбие және мектептегі тәрбие мен оқыту кеңестік педагогика және шетел педагогикасы арқылы жүргізілуде. Оқушыларға ұлттық тәрбие беруге мектеп мұғалімдері даярланбаған, ол этнопедагогикалық білім алмаған, өйткені, этнопедагогика педагогтік оқу орындарында пән болып оқытылмады. Сондықтан ертеңге қазақ ұлты сақталсын десек, болашақ мұғалімдерге қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихын жүйелі оқытып, оларға этнопедагогикалық білім беруді тезірек жүзеге асырып, солар арқылы отбасы мен мектепке қазақтың ұлттық педагогикасын енгізу керек. Сол үшін болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жасау және оны іске асыру қажет болды.

Тұжырымдаманың мақсаты – ұлттық құндылықтарды ескере отырып, болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру арқылы оларды оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлау.

Қазақтың ағартушы-педагогтары мен ғалым-педагогтарының көп жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы жеке-жеке ғылым ретінде өз статустарын алды. Олардың осылайша қалыптасуы оларды оқу пәндерді етіп оқытуға жол ашты. «Қазақ этнопедагогикасы» оқу

пәнінің мақсаттары, міндеттері, объектісі, пәні, құзыреттері, әдістері, факторлары, принциптері, заңдары, заңдылықтары, теориялары, көздері, ұғымдары, терминдері мен категориялары анықталып, оның әдіснамасы, теориясы мен практикасы жасалды.

«Қазақ этнопедагогикасы» – жалпы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі, оның саласы, ол қазақ этнофилософиясының, этносаясатының, этномәдениетінің, тарихының, этнографиясының, этнос теориясының, фольклористикасының, этнопсихологиясының, этнопедагогика тарихының тоқайласуы арқылы педагогика ғылымының аясында қалыптасқан, біртұтас жүйелі этнопедагогикалық білім беретін дербес оқу пәні, оның өз пәні – қазақтың ұлттық тәрбие процесі.

Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлау үшін қазақ этнопедагогикасы мен оның тарихының әдіснамалық, теориялық және практикалық проблемалары бойынша арнайы курстар, арнайы семинар мен факультативтер ұйымдастырып өткізуге болады. Мысалы, «Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері», «Қазақ этнопедагогикасының даму тарихы», «Қазақтың ағартушы-педагогтарының этнопедагогикалық ой-пікірлері», «Қазақ этнопедагогикасындағы отбасылық тәрбие», «Қазақ этнодидактикасы», «Қазақ ғалым-педагогтарының ғылыми-зерттеу жұмыстары», «Қазақстан халықтарының этнопедагогикасы» т.б.

2. Этнопедагогикалық білім беру мазмұны

Этнопедагогикалық білім деп этнопедагогика ғылымының теориялық негіздерін айтамыз. Ал, этнопедагогикалық білім беру – болашақ мұғалімдерге сол білімдерді жүйелі меңгерту арқылы олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыру процесі, нәтижесінде олардың оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даяр болуы.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім берудің міндеті – оларды ұлтжанды ұстаз етіп даярлау, яғни олардың ұлттық санасы мен ұлттық дүниетанымын өз халқының тіліне, тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне біртұтас етіп қалыптастыру.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық

білім мазмұны арнайы этнопедагогикалық бағдарламалар арқылы берілетіндіктен біз «Қазақ халқының этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты оқу бағдарламаларын жасап, оларды ғылыми талқылаулардан өткізіп, оқу процесіне ендірідік.

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім мазмұны жоғары мектепте оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі формалары мен әдістері арқылы жүзеге асырылады.

Этнопедагогикалық білім берудің аудиториялық формаларына: лекциялар, семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар, арнайы курстар, арнайы семинарлар мен факультативтер жатады. Ал **аудиториядан тыс формаларына:** экскурсиялар, рефераттар, конференциялар, диспуттар, конкурстар, олимпиадалар, курстық және дипломдық жұмыстар т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру әдістеріне: әңгімелеу, әңгімелесу, түсіндіру, пікірлесу, көрсету, талқылау, жаттығу, сұрақ-жауап т.б. жатады.

Этнопедагогикалық білім беру құралдары: ұлттық тіл, ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, халық тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, ұлттық өнер т.б.

Этнопедагогикалық білім берудің нәтижесінде болашақ мұғалімдердің оқушыларға ұлттық тәрбие беруге даярлығы қалыптасады, яғни, олар ұлтжанды ұстаз болып шығады.

3. Этнопедагогикалық білім беру кезеңдері

Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындау оларға жүйелі этнопедагогикалық білім беру арқылы жүзеге асырылады. Этнопедагогикалық білім жалпы педагогикалық білімнің құрамдас бөлігі болғандықтан, оны студенттер педагогика ғылымының теориялық мәселелерімен танысып болған соң, екінші курстың екінші семестрінен бастап беруді ұсынамыз. Сонда **бірінші кезең – II-курста** болашақ мұғалімдердің этнопедагогикалық даярлығы «Қазақ этнопедагогикасы» атты оқу пәні бойынша жүргізіледі. **Екінші кезең – III-курста** студенттерге этнопедагогикалық білім беру «Қазақ

этнопедагогикасының тарихы» атты оқу пәні бойынша, арнайы курстар мен семинарлар арқылы беріледі, ал этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары ғылыми-зерттеу жұмыстар орындауда және педагогикалық практика кезінде қалыптастырылады. **Үшінші кезең – IV-курста** болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім арнайы курстар мен семинарлар, факультативтер арқылы беріледі, ал олардың этнопедагогикалық іскерліктері мен дағдылары ғылыми-зерттеу жұмыстар орындауда және педагогикалық практика кезінде қалыптастырылады.

4. Этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасын жүзеге асыру жағдайлары мен жолдары

Болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беруді жүзеге асыру үшін 1992 жылы Жамбыл педагогтік институтының ректораты мен педагогика кафедрасы мына төмендегідей ұйымдастыру-педагогикалық жағдайлар жасауға міндеттенді:

1) Педагогика кафедрасының жанынан «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты ғылыми-зертхана және оқу-әдістемелік ісбөлме ашу;

2) Кафедра жанынан этнопедагогика бойынша мамандардың біліктілігін арттыру үшін арнайы курс ұйымдастыру;

3) Педагогика кафедрасын қазақ этнопедагогикасынан көрнекті құралдар, оқу және әдістемелік құралдар, оқытудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;

4) Тұжырымдаманы жүзеге асыруды ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету үшін:

– болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру жүйесін жасау;

– «Қазақ халқының этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты бағдарламалар жасап шығару;

– «Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» оқу пәндері бойынша лекциялар курсы, оқулық және оқу-әдістемелік құралдар шығару;

– қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан арнайы курстардың, арнайы семинарлар мен факультативтердің тақырыптарын анықтап, олардың бағдарламаларын жасау;

– қазақ этнопедагогикасынан және оның тарихынан студенттердің оқу-ғылыми зерттеу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының

тақырыптарын жасау;

– қазақ этнопедагогикасынан педагогикалық практика кезінде студенттер арнайы орындайтын тапсырмалар жүйесін жасау;

– қазақ этнопедагогикасы және оның тарихы бойынша курстық және дипломдық жұмыстар орындауға студенттерді көптеп тарту.

5) Кафедра оқытушыларының біліктілігін арттыру бойынша:

– педагогика кафедрасының оқытушыларын этнопедагогика мәселелері бойынша дайындық курсынан өткізу;

– кафедрада бірнеше ізденушілер мен аспиранттар этнопедагогика проблемасы бойынша ғылыми жұмыстармен айланысу.

5. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың нобайы

«Қазақ этнопедагогикасы» және «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» оқу пәндерінің мектеп мұғалімдері мен болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың негізі екенін жасау үшін қажетті «Қазақстанның педагог мамандар даярлайтын оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындаудың кезеңдік-мазмұндық нобайын» ұсынамыз (сурет 1).

«Тұжырымдаманы» және нобайды жүзеге асыру үшін ғылыми-зерттеу зертхана қажет екендігіне көзіміз жетті. Содан Жамбыл педагогикалық, қазіргі Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының жанынан «Қазақ тәлім-тәрбиесі» атты зертханалық ісбөлме ұйымдастырдық, ал ондағы мақсат – жас ұрпаққа және жастарға ұлттық тәлім-тәрбие берудің мазмұны мен әдістемесін жасау, ол үшін мектеп мұғалімдер мен болашақ мұғалімдерге этнопедагогикалық білім беру қажет.

«Қазақ тәлім-тәрбие» зертханасының міндеттері:

– балабақша, жалпы білім беретін мектеп, кәсіптік-техникалық, орта, арнаулы білім беретін түрлі оқу орындарының тәрбиешілерін, мұғалімдерін, оқытушыларын, жоғары мектеп оқытушыларын этнопедагогикалық дайындықтан өткізу;

– педагогтік жоғары оқу орындарының студенттерін этнопедагогикалық дайындықтан өткізу;

ҰЛТТЫҚ ТАҒЫЛЫМ



Сурет 1. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындаудың кезеңдік-мазмұндық нобайы

— қазақ этнопедагогикасынан ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу.

Зертхананың жұмыс жоспары: үздіксіз білім беру жүйесіне арнап қазақ этнопедагогикасынан бағдарламалар жасау; рефераттар, баяндамалар, лекциялар, семинарлар, конференциялар тақырыптарын, олардың жоспарлары мен мазмұндарын жасау; курстық және дипломдық

жұмыстардың тақырыптарын, жоспарларын жасау, оларды орындауға болашақ-ұстаздарды үйрету; библиографиялық көрсеткіштер құру; ғылыми-зерттеу жұмыстарына болашақ-ұстаздарды, тәрбиешілерді, мұғалімдерді, оқушыларды кеңінен тарту; түрлі әдістемелік нұсқаулар, дидактикалық материалдар, түрлі көрнекіліктер жасау; ата-аналар мен жалпы

көпшілікке, мектептерде ұлттық тәлім-тәрбиелік мазмұнды іс-шаралар өткізу.

«Қазақ тәлім-тәрбие» зертханасына арнап институт ректораты шешімімен 12х6 м бөлме жөндеуден өткізілді. Зертхананың ішкі құрылымы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім **«Қазақ тәлім-тәрбиесінің мазмұны»** деп аталады. Онда өлшемдері 2х1,5 м төрт стенд бар. Оларда қазақ этнопедагогикасынан әр түрлі кестелер сызылып салынған. Бірінші стендте «Қазақ халық педагогикасы, этнопедагогика – ғылым, оның пәні, міндеттері, құрылымы және негізгі ұғымдары», «Қазақ этнопедагогикасының зерттеу көздері, асыл-арналары мен бұлақтары», «Халық педагогтары» кестелер түрінде берілген. Екінші стендте «Қазақтың отбасы тәрбиесі», «Қазақтың мәдени өнері», «Қазақ халқының ауыз әдебиеті», «Қазақ халқының этнографиясы» кестелер арқылы көрсетілген. Үшінші стендте «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие түрлері», «Қазақ этнопедагогикасындағы білім беру мазмұны», «Қазақ этнопедагогикасындағы тәрбие мен оқытудың әдіс-тәсілдері» кестелер арқылы берілген. Төртінші стендте «Қазақ халқының салт-дәстүрлері» деп аталып, онда «Қазақ халқының салт-дәстүрлерінің түрлері», «Қазақтың бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлері», «Қазақтың тұрмыстық салт-дәстүрлері», «Қазақтың әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері», «Жаңа заман салт-дәстүрлері» кестелері арқылы берілген. Осы бөлімнің екі жағында тарихи-педагогикалық әдебиеттердегі «Халықтық педагогика» мен «Этнопедагогика» ұғымдарына берілген 10 түрлі анықтамалар жеке-жеке екі стендте жазылған. Мысалы, профессор Қ.Жарықбаев «Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы» т.б.

Зертхананың екінші бөлімі **«Қазақ тәлім-тәрбиесі тарихынан»** деп аталады. Онда 30-дан аса ортағасыр ғұлама-ойшылдарының, ағартушы-тәлімгерлердің, ақын-жыраулардың, ғалым-тәлімгерлердің суреттері салынған өлшемі 100х60 см портреттері ілінген, яғни, әл-Фарабидің, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Абай Құнанбаевтың, Шәкәрім Құдайбердиевтің, Ахмет Байтұрсыновтың, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың, Бауыржан Момышұлының, Мұхтар Әуезовтің,

Мәлік Ғабдуллиннің, Төлеген Тәжібаевтың т.б. түрлі түсті суреттері, олардың туылған және қайтыс болған жылдары мен тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінен үзінділер жазылған. Мысалы, әл-Фараби (870–950): «Тәрбиелеу дегеніміз халықтардың бойына білімге негізделген этикалық ізгіліктер мен өнерлерді дарыту деген сөз»; Шоқан Уәлиханов (1835–1865): «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет»; Ахмет Байтұрсынов (1873–1938): «Ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім»; Мағжан Жұмабаев (1893–1938): «Әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуы тиіс»; Бауыржан Момышұлы (1910–1982): «Қазақ халқының өткен тарихындығы барлық жақсы дәстүрлері бүгінгі таңда қайта салтанат құруы тиіс»; Мәлік Ғабдуллин (1915–1973): «Қазақ халқының өмірінен орын алған тәрбиенің тарихын жан-жақты қарастыру өз алдына зерттелетін мәселе» т.б. Портреттер астында алты шкаф, олардың ортасындағы жетінші сөрелері 45° етіліп орналастырылған шкаф қойылған. Шкафтарда дидактикалық материалдар, кестелер, суреттер, газеттер, кітаптар тұрады. Ал ортаңғы шкафта этнопедагогикадан жарық көрген әдебиеттер, бағдарламалар, студенттердің рефераттары, баяндамалары, курстық және дипломдық жұмыстары, озық ұстаздардың іс-тәжірибелерін жинақтаған еңбектер көрмесі орналастырылған. Үшінші бөлім **«Қазақ халқының тәлімгерлері»**, Абылай мен Әбілхайыр хандардың, Төле, Қазыбек және Әйтеке билердің, бірнеше ақын-жыраулардың түрлі түсті суреттері салынған өлшемдері 70х45 см портреттері ілінген.

Зертхананы жасауға және жабдықтауға сурет-графика және филология факультеттерінің студенттері кеңінен тартылды. Олар эскиздер, кестелер, суреттер, көрнекі құралдар жасады. Зертханада «Қазақ этнопедагогикасы» мен «Қазақ педагогикасының тарихы» оқу пәндерінен лекциялар, семинарлық және зертханалық сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар, онда облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтының тыңдаушылармен дәрістер, әр түрлі ғылыми семинарлар, конференциялар, кездесулер тұрақты өткізілуде. Осындай зертхананы балабақшаларда, орта мектептерде, кәсіптік-техникалық оқу орындарында, әр түрлі орта арнаулы оқу орындарында, жоғары мектептерде жасап, оны тәрбие

институты бірігіп өткізген «Халық педагогикасы мен психологиясы дәстүрлерінің оқу-тәрбие ісінде қолданылуы» атты ғылыми-практикалық конференциясында талқыланып, оны жоғары педагогтік оқу орындарының оқу процесіне ендіру туралы шешім қабылданды. Бағдарлама баспадан шығарылып, Қазақстанның барлық жоғары педагогтік оқу орындарында таратылды. Қазір ол болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге дайындауда кеңінен пайдаланылуда. Ал үшінші «Қазақ этнопедагогикасының тарихы» атты бағдарлама Алматы қаласында 1994 жылы қарашаның 22-23 жұлдызында өткен «Қазақстандағы этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарының теориялық және қолданбалы проблемалары» атты ғылыми-теориялық конференцияда талқыланып, оны да жоғары педагогтік оқу орындарының оқу процесіне ендіріп, пайдалану ұсынылды.

Бағдарламаларға қажетті библиографиялық көрсеткіштер, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар және көрнекіліктер жасалынып, олар баспадан шығарылып, оқытушыларға, мұғалімдерге және студенттерге таратылды.

1. Қазақстан Республикасындағы 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005.
2. Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Астана, 2005.
3. *Ұзақбаева С., Қожахметова К.* Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998.
4. *Бөлеев Қ.* Қазақ халқының этнопедагогикасы. Оқу пәнінің бағдарламасы. – Жамбыл, 1992.
5. *Бөлеев Қ., Бөлеев Т.Қ.* Қазақ этнопедагогикасының тарихы. Оқу бағдарламасы. – Жамбыл, 1994.
6. *Бөлеев Қ.* Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындаудың теориясы мен практикасы. – Алматы: Ғылым, 2001.
7. *Бөлеев Қ., Арзымбетова Ш.* Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2002.
8. *Бөлеев Қ.* Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008.

В статье рассматриваются вопросы подготовки будущих преподавателей предмета «Национальное воспитание» в школьной программе 12-летнего образования в Казахстане. Предложены формы, методы и содержание подготовки учителей.

In the article questions of preparation of the future teachers of a subject «National education» under the school program of 12-year-old education in Republic Kazakhstan are considered. The author offers the form, the maintenance and methods of preparation of teachers.



Б.Сманов –
Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлары біліктілігін арттыратын Республикалық институтының директоры, профессор

ОҚУШЫЛАРДЫ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Жалпы орта білім беретін мектеп қабырғасында жас жеткіншектерге адамгершілік негізде ұлттық тәрбие берудің мүмкіндіктері мол. Мұны ұстаз күнделікті сабақ үрдісінде де, мектептен тыс, сыныптан тыс жұмыстарда да кеңінен жүргізе алады. Айталық, сондай жақсы мүмкіндіктердің бірі – қазақ әдебиетінің классик жазушысы, кеңестік кезеңдегі ең жоғары Лениндік сыйлықтың иегері М.Әуезовтің «Абай жолы» романын талдау барысында да іске асыра алады. Туындыдағы адамгершілік мәселесінің түп-төркіні әйгілі қаламгердің гуманистік ой-пікірлерінде жатыр. Ал ондағы гуманизм, ізгілікті ой көркем бейнелердің имандылық көзқарастарын, оны суреттеудегі автордың адамгершілік позициясын саралау барысында ашылмақ. Жалпы, имандылық мәселесі «Абай жолы» роман-эпопеясының басты идеялық арнасы десе де болғандай. Бұл, сөз жоқ, ең алдымен «ислам бұлағынан су ішіп, түрікшілдікпен тәрбиеленген» (Ж.Аймауытов) ұлы суреткердің жеке басының имандылық, адамгершілік қасиеттерінен, білім-білік сауатынан, исламдық пікір-пайымынан, имани тәлім-танымынан туындап жатады.

Данышпан жазушының дін-ислам іліміне «шашасына шаң жұқтырмайтын» жампоз-жүйріктігін, асқан білімпаздығын «Абай жолы» романынан мейлінше молынан, авторға дән ризалықпен байқап отырамыз. Автор шығармада өзінің әрбір ойын, пікір-тұжырымын, не кейіпкерлерінің сөзімен, не авторлық мәтіндермен бекітіп отырады. Бұл көрнекті қаламгердің ұлы жаратушыға деген рухани биік сенімін, діни дүниетанымын, ислами білімге ұлан-ғайыр сауаттылығын танытады.

Халқымыздың ақиық ақыны Әбділда Тәжібаевтың мына бір әңгімесі де жазушының діни-адамгершілік көзқарасын, жеке тұлға ретіндегі наным-түсінігін аңғартқандай:

«...Айманкүлді, менің шешемді М.Әуезов «Әйеке» деуші еді. Бір күні Мұхаң біздің үйге

келді. Өңі сыныңқы. Шешем мұны көріп Мұхана:

– Мұхтар, қарағым, қабағың жараспай тұр ғой, біреуге ренжіген сыңайың бар білем?, – деді. Сонда Мұхаң мұңайған, қабақ шытқан самарқау күйін өзгертпей:

– Е, Әйеке, несін сұрайсыз. Белгілі жәйлер ғой, – деді.

Сонда Айманкүл шешем жұлып алғандай:

– Құдай үйген төбені, пендесі кетпендеп тауыса алмас болар, – демесі бар ма.

Мұхаң сонда қатты серпіліп, жадырай жөнелді».

Романдағы негізгі ой арнасы, гуманистік үлгі-өнегелер ұлы Абайдың: «Құранның іші толған ізгілікті іс», – деген сөзінен бастау алып жатқандай. Бұған мұғалім шығармадағы мынадай тақырыптарға мән беру арқылы, соларға оқушыларының назарын аудару арқылы көз жеткізеді:

1. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы оқу-білімге байланысты исламдық көзқарастар;
2. Шығармадағы діни адамдар бейнесі;
3. Роман-эпопеядағы діни ұғымдар, наным-сенімдер;
4. Шығармадағы дінге қатысты мақал-мәтелдер, айшықты сөздер, терминдер, фразеологизмдер.

Бұл тақырыптардың қай-қайсысы да шығармаға жаңаша көзқарастар тұрғысынан баға беруге, бүгінгі заман талабына сай рухани құндылықтарымызды қадірлеп-кастерлеуге, гуманистік ой-пікірлерді, адамгершілік көзқарастарды қалыптастырып дамытуға септігін тигізеді.

М.Әуезовтің: «Абайға Шығыстан кірген бұйымдардың басы – ислам діні», – деуі де жайдан жай емес. Мұны роман-эпопеяның өн бойынан, оның мазмұнынан, идеялық-көркемдік сипатынан байқау қиын емес.

Енді романдағы діни тұрғыда айтылған оқу-білім мәселесіне байланысты жайларға ден

қоялық:

«Абай Зерені қойып қайтқан күні кешке, әжесінің төсегіне отырып алып, құран аударуға кіріседі. Анасының әруағына арнайтын дағдылы «Құран хатымды» молдаға оқытпай, өзі оқитын болды.

Бір жұма бойы сол құранды екі аударып шықты. Осы күндерде ас үстіндегі бір әредікте Құнанбай Абайға:

Жай аударары екенсің, – деп еді, Абай жауап айтқан жоқ. Құнанбай мұндайда үш-төрт аударып тастайтын, сыдыртқыш молдаларды есіне алып айтқан.

Абай болса ішкі себебін айтқан жоқ. Ол да жылдам оқи білуші еді.

Абай анасына сауап болсын деп, құранды өзгеше ықыласпен, асықпай, соншалық мүлгіп, мінәжат қып оқиды. Құранның кейбір парасының үстінде ұзақ отырып қап, жалғыз, жасырын ойлар да ойлайды.

Онысы әжесінің адамшылық, аналық қасиеттерін жоқтау еді. Өз ішіндегі адал алғысын бағыштау да дұғалық, тілек есепті көрінетін» [1. 236-237 б.].

Бұл үзіндіден Абайдың шынайы рухани сенімі жан-жақты екені көрінеді. Мұнда Зере әжесінің әруағына арнап немересі Абайдың өзінің құран оқуынан, оның үстіне «Кәләм-Шәріпті» (Алла сөзін) молдаға оқытпай, өзінің хатым етуінен ислам шариғаты бойынша дүниеден озған адамның артында қалған ұрпақтарының, туыскандарының «Алла жеңілдік берсін», «жатқан жерін жайлы етсін», «иманды етсін» деген ізгі ниетпен мүмкіндігінше құран түсіріп, сүре оқып, дұға еткен сайын қайтыс болған адамға да, оқыған, тілеген адамдарға да Алла-тағала үлкен сауап жазатындығын байқатқанын аңғарамыз.

Абай әжесінің соңында қалған имандылық инабаты мен адамгершілік қасиеті мол қайырлы ұрпақ ретінде әкесі Құнанбай ойлаған кейбір молдалар секілді құранды сыдыртып аудармай, жан-жүрегімен беріле оқиды, ықыласпен, шын көңілімен асықпай оқиды. Құран оқу үстінде ұзақ отырып әжесінің адамгершілік, аналық қасиеттерін есіне алып ойлануы – оның таза ниетпен алғыс айтып, тілек етуі де орынды. Алланың сөзі жүрекпен оқылмай тек сыртқа, өзгеге көрсету үшін оқылса, онда бұл бос әрекет, мұнафиқтық, екіжүзділік болатынын Абай біледі, әрі Абай тұлғасын осындай шынайылықпен суреттеп жеткізе алғанын Мұхтар Әуезов те жақсы

біледі. Өйткені, Абайдың да мұндай наным-сенімге, игі ниетке ие болуына себепші болған бірден-бір жан Зере еді. Бұл жөнінен біз Абайды мұсылман дінінің бүкіл шарт-қағидаларын жете меңгерген, нағыз иманды адам ретінде танимыз.

Ал, әкесі Құнанбайдың «Жай аударары екенсің», – деп әредіктен тиісіп қалып айтуына Абайдың түк те қарсы жауап қайтармауының да, біздіңше екі түрлі себебі бар: біріншісі – баланың әке сөзіне қарсы келуі Алла жолындағы адамға қарсы келуі секілді екендігін аңғарып, әдеп сақтауы; ал екіншісі – Мұхаммед пайғамбардың: «Кім біреу хақсыз, дұрыс болмаған сәтінде де қарсылық етпей (қарсы келмей), үн шығармаса, сол ең көркем мінезділердің бірі болып есептеледі. Ондайлар жәннаттың ең үстінгі қабатына лайық», – деген хадис-шәрифін ескергені деп ойлаймыз.

Расында да құран оқып, әруақтардың ризашылығына арнап бата бағыштау, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» демекші, өткендерді еске алып, дәм беру, нәзір беру адамгершілік парыз болмақ. Ұлы жазушы діни сенімге байланысты ойын: «...Жуасып, жүдеген елге ақырғы тыныштық, жұбаныш осыдан табылмас па екен, ендігі өмірдің емі бой ұсынып, сабырмен шыдап, діннен тірек іздеуге болмас па екен дейді. Әр заманда әр елдің тарихында үміт кемесі су астындағы жартасқа соғылып, талқан болған шақта, әрбір жан өз жарасымен ыңырануға айналғанда осындай момындыққа түсіп, мұңға батып, дін бесігін іздейді», – деп түйіндейді «Әдебиет тарихы» атты еңбегінде.

Романдағы төмендегі көріністен де ұлы Абайдың діни біліктілігін, ислам ілімінен хабары молдығын, адамгершілік игі қасиеттердің мөлдір бастауы қайдан шығып жатқандығын байқаймыз:

«Жай сұрасып болған соң, Абай Әлпейім шәкіртке бұрыла қарады да:

– Ал, Әлпейім, айтшы, сен бұл күнде не оқып жүрсін? – деді.

– Наху оқып жүрмін, Абай мырза! – деп, Әлпейім «не дер екен» дегендей жылтыраған көзін Абайға қадап, күлімсірей қалды:

– Е, жынды болуға аз-ақ қалған екенсің! Арабтың өзінің мақалы бар: «Фихқаны көп оқыған ақылды болады, Нахуды көп оқыған ақымақ болады» деген, – деп осы сөздерді Абай арабша да судыратып айтып шықты» [2]. Немесе кемеңгер жазушы Абайдың ақыл-ой,

парасат-пайымын, оның талғам-тұжырымын мына сөйлемдерден аңғартады: «Абай күндіз ойлана жүріп, бірнеше кеш бойы осылайша отырып жазу жазады. Күңгірт көңілден кешіп өткен ойлар күздің ақ сұрғылт бұлтындай. Сол реңсіз ойлар толқыны тудырған жолдарын күйлейді. Бір сәтте өлең боп оралған ойлар:

Құранды молда теріс оқыр,
Дағарадай болып сәлдесі.
Өзімшіл көңілі бек соқыр.

Бүркіттен кем бе жем жесі?... – дегендей жайларға құйылып оралады.

Тағы бір сағаттарда Абай ишан, имам, халфе, хазіреттермен олардың өз тілінде сөйлеседі. Адамгершілік қағидалар, кісілік игі қасиеттер, ізгілік иірімдеріне байланысты олардың жер-жебіріне жете, ызалана соқтығады.

«Молдалар былай тұрсын, хусусән бұл заманның ишандарынан да бек сақ болыңыз. Олар фитнәи – ғалам, өздерін аъли тариқат біліп, басқаларды жеткізбек дағуасын істейді. Олардың барлық қуаты басындағы сәлдесі, қолындағы тасбиғы. Одан басқа түк те жоқ. Наданның наданы, зорлықшыл жыртқышы, топасы солардың өзі!, – деген жолдарды жазып, ызалы көңілі ширығып отыр еді».

«Абай жолы» роман-эпопеясынан діни оқу-білім, ислам іліміне қатысты осы секілді сан алуан мысалдарды келтіруге болады. Бұл мұғалім міндетіне жүктеледі.

Шығармадағы келесі бір келелі тақырып роман-эпопеядағы діни адамдар бейнесі. Романда сымдай тартылып, бір-бірімен жалғасып жатқан тартыс көп, онда қатысатын кейіпкер де аз емес. Олардың кейіп-кескіндері ішкі-сыртқы ерекшеліктерімен, ой-сезімдерімен, тебіреніс-толғаныстарымен тұтас психологиялық құрылым, әлеуметтік портрет құрайды. Онда ақын тағдыры мен халықтың тұрмыс-тіршілігі қат-қабат алына отырып, бүкіл қазақ тұрмысының сан алуан қырлы этнографиялық, этнопсихологиялық, таза ұлттық, рухани болмыстары шынайы бейнеленеді. Қысқасы, «Абай жолы» роман-эпопеясында халқымыздың ары, намысы, арман-мақсаты, күллі бітім-тұлғасы тұтастай көрінеді.

Шығармадағы ерекше сипатталатын адамдар бейнесі қажы, қожә, молда, муфти, имам, мәзін секілді дін өкілдерінің кескін-келбеті. Енді соған мән берелік. «Еңісте» атты тарауда Ақшоқыдағы қыстауда Кішкене молда мен Абай арасында

болған әңгіме-диалог қызықты:

«...Әйгерім ...

– Біз молданы да бүгін шақырып алып, бата қылдырып, жақсы тілекке арнап бір бозқасқа шалдық. Молда әруақтарға сыйынып, құран оқып, бата берді! – деді.

Абай бұл жайдың бәрін шын мақұлдағандай ықылас білдіріп, Әйгерімнің өзіне де, бала-шаға, дос-жаранына да осы жаңа үйде жаңа бақыт, тіршілік тілегенін тағы айтты. Содан кішкене молдаға қарап, көзі күлімдеп, аз мысқыл әзіл тастады:

– Молдеке, Әйгерім Ақшоқыдан қора салғанда оқылсын деген де фатиха бар ма еді? Қандай құран оқыдыңыз?

Кішкене молда сарғыш жүзі ду етіп, ызамен қызарып:

– Сіз фатиха жоқ деп білесіз бе? Күллі мұсылман білсе лазым-дұр, әрбір жақсы ниетке жақсы фатиха бірге ере жүрсін. Мен «яразиқұл ғибади» фатихасын оқыдым. Ғайып па екен сол?! – деді.

Абай бұрынғы сабырлы қалпынша:

– Молдеке, ол қырман көтергенде айтылатын фатиха болса керек еді ғой, «Лаухынамадан» солай көрсем керек!, – деп еді Кішкене молда Абайдың фатиха жөніндегі қалжыңын орынсыз көріп, қабағын ренішпен бір шытынды да, үлкен көк көздерін даукес Абайға қарай жалт еткізіп, үндемей тынып қалды...

Абай өзінің кітап оқыған, шаттанған халін қайта тапқандай боп, енді Кішкене молдаға, Ерболға жаңағы айтқан машақатының рақатын білдірмек.

– Молда, өзіңіз де сезерсіз, мен былтырғы жаз, биылғы қыс бойы бір ғана талап соңында едім. Қазір, міне, сол талабымның салынып біткен қарасын бірнеше рет көргендей боп отырмын!, – деп біраз тоқтап қалды...

– Мына кісі, Кішкене молда, жақсы біледі. Ықыласты шәкірт көп оқыған жылдар соңында бір уақыт жайшылықтағы оқып жүрген жылдарынан, айлар, күндерінен бөлек бір жаңалық табады. Дүние есігі жүре-бара өзінен-өзі оның ақыл көзіне кең ашылып кеткендей болады. Оқушы, талапкер тірлігінде ол ең бір бақытты шақ. Бұны мына кісілер, молдалар, «мұталағасы ашылғаны» дейді. Мен өздеріне мәлім, көп ізденген, ұстазсыз шәкірт халымда, орыстың тілінен сол мұталағам ашылған шаққа жеткендеймін... Менің машақаттарымның да

осындай сыры бар еді достар, – деді.

Кішкене Молда Абайды мақұлдаған жоқ.

– «Мұталаға ашылды» демек, Мантиқ, Ғақайыдты оқып жүріп, «Қафия», «Шарх Ғабдолланы» өз талабына халфесіз, хазіретсіз, дәріссіз фәһімлейтін болса, соған айтса ләзім. Болмаса, орыстың әллә нинди «шытритыриын» фәһімледім деп «мұталағаны» бұл жерде сөз қылу мүмкін емес. Оныңыз Һәм хата, Абай!, – деді.

– Абай әуелі қабақ түйіп, бір сәт қатты ашуланып, «тоқта, молда!» деп зілмен тыйып тастады.

– Біздің бүгінгі хәлфе, хәзрәт, көп ишан, ғұламаларымыздың осындай бір соры бар еді, Кішкене молда, сіз де содан арылмаған жансыз ғой!

Кішкене молда қазір тоқтайтындай емес екен:

– Абай, сіз исламият, ғарабият жолында сөйлесеңіз, мен еш нәрсе айтпас едім. Сіз кімнің кітабын, нені айтып отырсыз? Дүнияуи ғылым мәжүси, насранилерде қадимнен бар болатын, бәлки, ешбір мұсылман ғалимі оны өзіне қанағат қыларлық, шүкірана етерлік білім санамағаны қайда? – деді.

Абай:

– «Ешбір ғұлама» дейсіз, «айтпаған» дедіңіз. Өзгені қойғанда пайғамбардың хадисінде «ғұламаның жазу жазған қара сиясы шәһидтің қанынан қымбат» деген сөзді қайтесіз? Екінші ғалемнің, инсі жанның жаралмыш тарихын, тек «Қыссасұл Әнбиеден» білген білімнің аты да білім бе? Адам қауымының бар нәсілінің мінез-кұлқын тек қана «Қырық хадис», «Лаухынама», «фикхкәйдәни» тұрғысынан танып білген де жұбаныш па? – деп еді» [3].

Абай сол кездегі дүмше молдалардың, қари-мәзіндердің білімсіздігін осылайша әшкерелеп отырды. Ол дін дегеніміз соқыр сенім емес екендігін, тек бір арнада, бір салада ғана білім қууды мойындамайтынын исламдық қағидаларға сүйене дәлелдейді.

Шығармада дін адамдарының кескін-келбеттері, діни көзқарастар тек қожа-молдалар, хазірет-халфелер немесе ишан, қари, имамдар бейнесі арқылы ғана емес, романдағы әрбір діни сауаты бар кейіпкерлердің дүниетаным-пайымдаулары арқылы да танылып жатады. Мұның бәрі М.Әуезовтің кеңестік катал кезеңнің өзінде ізгілік туралы қалай ой түйгенін,

діни көзқарастарының, ислами білімінің, адамгершілік ұстанымдарының соншалықты биіктігін көрсетеді.

Осы бүгінгі егемен ел, дербес мемлекет болатынымызды ұлы қаламгер сол кездің өзінде – өткен ғасырдың қыркыншы жылдарында алдын-ала болжап білгендей. Оған шығармадағы Абай аузынан шыққан мына сөздерді дерек көзі ретінде алға тартуға болады: «...Жылдар ма, көп жылдар ма, оны болжау өз басыма оңай емес. Менен артық білгендер, алысты көретіндер, орыс қауымының шын жақсы дана дара адамдары бәлкі жыл мөлшерін де айтар еді. Әйтеуір, бір болжайтынымыз бар! Неғылса осы өздерің біліп, көріп тұрған дүние асты-үстіне келіп, астан-кестен бір өзгереді де жаңғырады. Одан арғы заман, сендердің ата-бабаң, арғы-бергі әруағың аңдап, болжап білмеген бір өзгеше заман болады!» [3].

Ұлы ойшыл айтқандай кеңестік қызыл империя тарап, басқа елдер қатарлы біздің мемлекетіміз де дербестікке ие болды, халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізді. Қазіргі өскелең өміріміздегі, жаңарған қоғам дамуы тұсындағы жергілікті халықтың, сондай-ақ, бүкіл еліміз жұртшылығы мен дәстүрлі діндер өкілдері назарын аударып алаңдатып отырған ерекше мәселе, біздегі қаптаған шетелдік дін уағыздаушылардың іс-әрекеттері белең алған жағдайда гуманистік ой-пікірлерді тілге тиек ете отырып, ата дініміз жөніндегі мұндай мағлұматтарға тиісті мән беру бәріміз үшін аса қажетті. Бұл, әсіресе, жас жеткіншектерді бүгінгі діни ақпараттар ағымына теориялық тұрғыда сауаттандырып әзірлеу міндетін қояды. Осы мақсатта нысаналы жұмыс жүргізу жалпы орта білім беретін мектептер мен арнаулы және жоғары оқу орындары үшін маңызды мақсат болуы керек.

Мұндай өнегелі бастаманы алғашқы дала қоңырауы – ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин осыдан бір жарым ғасыр уақыт бұрын қолға алған еді. Ол: «...Біріншіден, қазақ жастарының дін жөніндегі түсініктері теріс бағытқа түсіп кетпеуі үшін; екіншіден, қазақтың жазба тілінде татар тілі орынсыз етек алып кетпеуі үшін мен соңғы кезде Мұхаммед шариятын үйрене бастап, ...осы оқу құралын құрастыруға кірістім», – деп жазды қазақ-орыс мектептеріне арнап шығарған «Мұсылманшылықтың тұтқасы» атты оқулығының кіріспесінде [4. 101 б.]. Бұл мәселе осы күнге дейін күн тәртібінен түскен жоқ,

С.Д. Ізтілеуова –
филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Абайтану»
ҒЗО-ның жетекші ғылыми қызметкері

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ТАҒЫЛЫМЫ

Қазіргі қазақ жастарын тәрбиелеуде ұлттық тәрбиенің маңызы зор. Елімізде жастар тәрбиесінің құлдырауы ел болашағының дамуына кедергі. Тәрбие жұмысы мен жастар саясатының мазмұндық күретаымын адамгершілік, адамды сүю, шыншылдық, әділеттілік, әдептілік, халықтардың өзара түсінісуі, еңбекқорлық, шығармашылық, отаншылдық рухта болуы айшықтайды. Алайда, полиэтникалық, поликонфессиялық Қазақстанда автохонды қазақ ұлтының рухани, мәдени құндылықтарын өркендету негізінде тәрбие жұмысын жүргізу жалпы мемлекеттік тәрбие істерінің бір бөлшегі ғана. Қазақ елінің біртұтастығын сақтау үшін, қоғамдық келісім үшін көп диаспоралы қазақстандықтарды адамгершілік рухында


тәрбиелеу маңызды.

Жастарға ұлттық тәрбие беруде Абай мен Шәкәрім шығармашылығының олардың адамның рухани дамуына, жетілуіне байланысты ойларының маңызы зор. Абай адам тәрбиесіне өз шығармашылығында айрықша тоқталады. Қазіргі кезеңде жас ұрпақты рухани тәрбиелеуде Абайдың толық адам концепциясының ұлттық тәрбие негізінде бірден-бір ұстаным етіп алуға болады. Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, [1]–дейді.

Абайдың «толық адамын» төмендегідей схемамен бейнеледік:



Абайдың осы ұстанымы жастарды адамгершілік тұрғыдан өз-өзін танып білуге тірек болатын үлкен бір қағида. Себебі, қазақ жастарына ұлттық тәрбие беруде алдымен ішкі әлеміне үңілдіруді, сол арқылы адами қасиеттерді жетілдіру негізінде тәрбиелеудің маңызы зор. Абай толық адам болу үшін керекті адами сапаларды сараптап көрсетіп береді. Нағыз адам болу үшін нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек қажет. Абай адамның өз бойындағы ізгілікті сапаларды қастерлеп, ұштай білуді мақсат тұтады. Ал, Шәкәрім бұл тақырыпты өзінше жаңа қырынан көрсетуге ұмтылған.


Абай талап, шыдам, қайрат, жүрек, ақыл сияқты адами сапалардың қатар болуын, адам бойынан бірдей көрінуін қаласа, Шәкәрімде бұлармен қатар мейірім, ынсап, әділет, ақ ниет сияқты сапалық қасиеттерді уағыздау басым. Адами қасиеттердің түп қазығын ол адалдық пен ақ ниетке әкеліп тірейді. Шәкәрім:

Байлаймын да көзінді,
Патса қылам өзінді,
Ұғып отыр сөзімді,
Ел билетем жеті ру,
«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»,

Түп қазығы: «Ақ ниет» –

Бұл жетеуін ел қылу, [2]– дейді. Шәкәрім адамның ішкі әлемінің құндылықтарын жетілдірудің нақты жолдарын көрсетеді. Шындығында қазақ жастарына ұлттық тәрбие беруді осылайша ұйымдастырсақ нақты нәтижеге

қол жеткіземіз. Демек, тәрбиені жақсартудың бірден-бір маңызды да, ықпалды жолдары осы даналардың шығармаларындағы үлгі-өнегеде жатыр. Шәкәрімнің Абай ойларын жалғастырған «түзу адам» бейнесін төмендегідей схемамен көрсеттік:



Шәкәрім адам тәрбиесіне ерекше ықпал ететін қағидаларды одан әрмен тереңдете түседі. Шәкәрім: «Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі

үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ, – дейді. Шәкәрімнің осы тұжырымды ойын біз келесі схемамен бейнеледік:



Шәкәрім «Талап пен Ақыл» өлеңінде талапты потенциалдық күш ретінде танытады. Талапқа бап-тәрбие қажет. Талап ақыл сарабынан өткен әбден ақылмен байланып, маталған, ынтамен, жігермен өз мақсатына ұмтылады. Талаптың іс-әрекетінің дұрыс-бұрысын ақыл анықтап отырады. Жүрек үнемі ақылға бастау болып отырады.

Шәкәрім адамның рухани және мәдени мүмкіндіктерін кеңейтетін ішкі ресурстарын

байытуды «талап» қасиетімен байланыстырады. Талапқа байланысты терең толғай келе:


Ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық –

Талапқа алты түрлі нұқта тақтық.

Алтауының ішінде ынсап әділ,

Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық, – деп жазады. Бұл үлгіні біз төмендегідей схемамен бердік:

Талаптың алты досы ынсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық осылар адам өмірін



дұрыстаушы құндылықтар. Осылардың негізгі тізгіні ынсапта тұр. Шәкәрім тәрбие негізіне адамның ішкі бай ресурстарын пайдаланудың жолдарына осылай мысалдар келтіреді. Қарап отырсақ, ұлттық тәрбие бағытына адамның ішкі құндылықтарын орын-орнымен пайдалануы негізін қалыптастыру қажет сияқты. Бұларды

бүлдіршіндерден бастап, балабақшада және отбасында, жоғары оқу орындарында жастардың күнделікті тыныс-тіршілігінде мәдени өресіне айналдыру қажеттілігі туындайды.

Шәкәрім адам өмірін қалай түзеуге болады деген сұрақтар қоя отырып, оған өзі жауап та береді. «Адам өмірін түзейміз деп сан ғалымдар



түрлі ойлар айтып, ол ойларын халыққа таратып, том-том кітаптар жазды. Солардың ойларының мен білетін бастылары: біреулер адам өмірі жаратқан иесін танумен түзеледі десе, кейбіреулері үкімет жойылса, әркім өз бетімен өмір сүрсе түзеледі деді. Ал, біреулер оқу біліммен, халықты ағартумен адам өмірі түзеледі деді. Біреулері бай, кедейді теңеумен түзеледі десе, біреулері тәрбиемен түзеуге болады деді. Өмірдің өзі – тіршілік таласы. Сондықтан, адам өмірін жаратылыстың өзі солай жаратқан, бірін-бірі жеп, талап, таласып өмір сүрмек дегендер де болған. Біздіңше, бұларды жекедей алғанда ешқайсысы да адам өмірін түзей алмайды», – дейді Шәкәрім [3]. Ойшыл ақынның адам түзейтін ойларының негізінде тәрбие мәселесіне де өте бір сақтықпен қарайды: «Тәрбиемен түзеуге болады десе, менің ержеткен төрт ұлым болды...». Ары қарай Шәкәрім баланың әр түрлі қасиеттері жайлы жазады: «...Бірақ, біреуі шыдамды, біреуі шыдамсыз, біреуі еңбекке құмар, біреуі жалқау, біреуі мейірімді, біреуі қатал, біреуі ашуланшақ».

Ақынның осы пікіріне сүйенсек, тәрбие жұмыстары адамның мінез-құлқын жөндеуге, ішкі құндылықтарды тәрбиелеуге бағытталуы тиісті сияқты. Сонымен қатар, адам тәрбиесіне еңбектің маңыздылығын ақын баса айтады. Еңбекті адал еңбек тұрғысынан қарастырады. Адамды адал еңбек ететін жолға салу керек, – дейді. Ол үшін билік басына арлы, ақылды адамдардың келуін қалайды ақын. Жастарға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажеттілігін айтады. Адал еңбек, білім үйренумен қатар «Ар ілімі» оқытылса деп жастар болашағына үлкен бір бағдар көрсетеді. Жалпы, Абай мен Шәкәрімге дейінгі бабалардың ішінде, әсіресе, әл-Фараби еңбектерінде адамның жетілу мәселесіне ерекше ден қойылған.

Екінші ұстаз атанған әл-Фараби бабамыз да бақыт жолын сілтейтін нәрсе адам бойындағы ақыл-парасат, мәселе сол арқылы ақыл-парасатты әділет пен жақсылыққа бағыттай білуде. Жақсы ақыл-парасаттан тамаша әрекеттер, жаман ақыл-парасаттан оңбаған әрекеттер болады [4], – деп

көрсетіледі.

Қазіргі қоғамды жақсартатын және келешегін қамтамасыз ететін бірден-бір рухани күш – ұлттық тәрбие. Ұлттық тәрбиені ұйымдастырудың тағылымдық маңызы зор деп білеміз. Оны ұйымдастыру үлкен теориялық және тәжірибелік ізденістерді талап етеді.

Қазақстанда жаңа жағдайдағы ұлттық тәрбие жұмысы біз жоғарыда айтқан ойшылдар ұстанымдарына негізделсе өз нәтижесін берері сөзсіз. Оның негізгі бағыттары жалпы адамзаттық өркениет ұстанымдарымен және Қазақстан мемлекетінің конституциялық нормаларымен айқындалуға тиісті.

Мемлекет дені сау, бойында қайрат-қуаты бар азаматтың өзін-өзі жетілдіруін ұйымдастыруды көздейді. Әрбір адам өз тағдырына өзі ие. Ол еркін, оның жеке басының бостандықтарына, жеке меншігіне, заң шеңберіндегі барлық ізденістеріне шек қойылмайды. Адамдар заң шеңберінде еңбек етіп, баюға құқылы. Демек, ұлттық тәрбие жүйесі осы мүмкіндіктерді енді жастардың рухани негізін байыту бағытында жұмыс жасауымыз қажет. Ең басты ұстанымның бірі жастарды еңбекке үйрету мәселесі. Жастар қазір тек қана ересек адамдардан тәлім алумен ғана шектеле алмайды. Себебі, Қазақстанда қызмет ету үшін ересектердің тәжірибесі жеткіліксіз. Жастар өмірді өз беттерінше үйренуге, тануға міндетті. Онсыз олар табысқа жете алмайды. Бүгінгі күнде тәрбие беру істерінде Абайдың, Шәкәрімнің т.б. ойшылдардың еңбектеріндегі өзекті қағидалық идеяларды басшылыққа ала отырып жұмысты дұрыс ұйымдастыра аламыз. Себебі, олар «дұрыс адамды», «толық адамды», «кемел адамды» қалай қалыптастыруға болатындығын айтып кеткен. Біз дана бабаларымыз айтқан үлгілерді басшылыққа ала отырып бүгінгі таңда тәрбие жұмысын «үш бағдар» негізінде ұйымдастырған дұрыс деп есептейміз.

Қазақстанның тәуелсіздігіне негізделген тәрбие танымы мен негізгі өзегін айқындайтын құбылыстарды «үш бағдар» төңірегінде көрсетуге болады. Оған кіретін тәрбие жұмысы міндеттерін төмендегідей сараладық:

Тәрбие жұмысының I-ші бағдары:

- Жастарды ұлттық идеология, ұлттық тәрбие негізінде тәрбиелеу (қазақ, орыс және

Қазақстанды мекендеген басқа халықтардың рухани мұрасы), тілдің, мәдениеттің, дәстүр, салттардың, ұлтымыздың рухани өресінің дамуы. Көнеден келе жатқан балалар мен жастарды тәрбиелеудің бүгінгі күнге жарамды үлгілерін жаңғырту. Жас ұрпақты ұлтымыздың аса көрнекті қайраткерлердің үлгісінде тәрбиелеу. Қазақстан қазақ ұлтының тарихи Отаны болғандықтан, оның ұлттық рухани құндылықтарының сақталуы, өсіп-өрбуі өз жерінде ғана мүмкіншілікке ие. Оларсыз қазақ ұлты да, жеке бет-бейнесі бар Қазақстан мемлекеті де болмақ емес. Қазақстанның ұлт негізін құраушы қазақ ұлтының тілін, рухани мұраттарын насихаттау, өркендету, жастардың бойына сіңіру тәрбиенің, үгіт-насихаттың ең басты міндеттеріне айналуы керек. Бұл істе зорлыққа, асығыстыққа жол бермеу маңызды. Мектептер мен балабақшаларда барлық қазақ бүлдіршіндері мен балаларының қазақша сөйлеп тұруына жетісу тәрбиенің ұлттық келешекті қамтамасыз етуі болып табылмақ. Тәрбие, идеология Тәуелсіз Қазақстанда қазақтардың ана тілінде сөйлемеуі ақылға сыйымсыз, күлкілі, тіптен өте ұят жағдай екендігін сезінуге тиістіміз. Елде осындай рухани ахуал қалыптасуының тағдырлық мәні бар. Билік басындағылар қазақ тіліне, ұлттық құндылықтары мен мұраттарға бетбұрыс жасамайынша іскерлер тобы, жергілікті басқару органдары, шаруашылық, бизнестік, коммерциялық, банк құрылымдары ұлттық тәрбиені, ұлттық идеологияны өркениетті елдер үлгісімен үйлестіру негізінде адамның ішкі әлемін, ішкі құндылықтар мен арлылық, ар-ұждан мәселелерінде үйлестіру қажет.

- Қазақ ұлтының рухани, мәдени құндылықтарын өркендету негізінде тәрбие жұмысын жүргізу жалпымемлекеттік дәрежеге айналса ғана шеңбері кеңейеді. Қазақстан қоғамының біртұтастығын сақтау үшін, өзге ұлт өкілдері қазақ ұлтының рухани мұраттарын біліп, түсіну арқылы келісімді, үйлесімді тәрбие жұмыстарын жүргізуге болады, сонымен қатар, көп диаспоралы қазақстандықтарды бірлікке бастайтын жалпықазақстандық рухани мұраттарды насихаттау негізінде тәрбие жұмыстарын жүргізу де аса қажетті.

Тәрбие жұмысының II-ші бағдары:

- Азаматтарды, жастар мен балдырған

ұрпақты үнемі Қазақстан Республикасының Конституциясын және мемлекеттік рәміздерін білуге және құрметтеуге тәрбиелеу міндетті. Бұның өзі жастарды отаншылдыққа баулиды. Жоғарғы оқу орындарындағы барлық пәндер ел мүддесі негізінде ұлттық тәрбие рухында жүргізілуі тиіс. Қазақ елінің барлық оқу орындарында, мемлекеттік органдарда, қандай да болмасын мекемеде, елді мекендерде Республика Конституциясы мен мемлекеттік рәміздері дұрыс, сауатты және саналы көрнекілікте көрініп тұруы да міндетті. Бұлай болуы Қазақстанның елдігін құрметтеуге, оның мемлекеттілігін нығайтуға көмектеседі. Сонда ғана жас ұрпақтың еліне, жеріне, мемлекетіне құрметі баянды болады. Ұлттық тәрбие мемлекет мүддесімен ұштасады.

- Ұлттық тәрбие жұмысы елдегі тұрақтылық пен келісімді, бірлікті нығайтуға бағытталады. Адамдар қоғамда қандай да болмасын күрделі, шиеленісті мәселені келісім арқылы шешуге болатыны үйренуі дұрыс. Күш көрсету, зорлық пен соғыс тек қана қайғы-қасірет пен қантөгіс әкеледі.

- Жастар – баршаға ортақ мақсат-міндеттер бар екендігін үнемі есте ұстауы тиіс. Оларды елдің экономикалық, әлеуметтік-рухани, саяси дамуын қамтамасыз ету міндеттеріне бейімдеуге, соның ішінде адамды сүюге, құрметтеуге баулып, адамгершілік қағидаларының басты ұстаным екендігін жастар санасына сіңіру қажет. Ұлтымыздың ойшыл даналары Абай, Шәкәрім мұраларындағы адам тәрбиесіне қатысты тағылымдық жүйемен тәрбиелеудің маңызы зор. Қазіргі қоғамның негізгі сфераларының құлдырауы жағдайында әлеуметтік оптимизмді жоғалтпаудың бірден-бір жолы осы. Елдегі қиыншылықтар мен қателіктердің, кемшіліктер мен дағдарыстың себептерін талдау салдарынан сабақ алу тәрбие жұмысының мазмұндық арқауына айналса, сонда ғана отаншылдық қалыптасады. Жасандылық пен жалған сөзге негізделген тәрбиенің, таным жүйесінің келешегі жоқ, ғұмыра қысқа.

- Ортақ міндеттерді білу, түсіну жағдайында ел азаматтарының санасында белгілі бір жүйе қалыптасады. Ол жүйе Қазақстандық рухани құндылықтарды қалыптастыруды, тәрбие жұмысында жаңа ісденістерді қажет етеді. Ел мүддесіне істелген істер үлгісінде жастарға тәлім беру үнемі қажет. Олар елдің өзіндік төл мүдделері, мақсаттары бар екендігін үнемі біліп

отыруы шарт.

- Адамның өзін-өзі жетілдіруі, тануы ұлттық тәрбие беруде үлкен рөл атқарады. Бұл мәселе оқу орындарының қандай формасында болмасын үнемі сөз болып отыруы тиіс. Сонда ғана адамның даму мүмкіндіктерін, кемшіліктер мен қателіктер себептерін түсінуге мүмкіндік туады. Жастар болашақ үшін өткен және бүгінгі істерден сабақ алуды үйренеді.

Тәрбиенің қамтитын III-ші бағдары:

- Адам құқы мәселелері. Адамдар Алла тағала сыйлаған табиғи заңдылықтармен өмір сүреді. Ұлттық тәрбие жастарды, балдырғандарды адам өмірінің мәні неде және күнделікті қандай жақсы істер жасауы керек деген бағытта жұмыстар жүргізе отырып, діни құндылықтарға тәрбиелей білуі қажет. Ислам дініндегі адам тәрбиесіне қатысты қағидаларды алланы сүюге, адамды құрметтеуге, әділетті жақтауға үйрететін имани тұрғыдағы тағылымдық жүйені насихаттаудың маңызы зор. Демократиялық қоғам адамдарды ашық пікір таласта, түрлі идеялардың сайысы жағдайында шындыққа жетеледі. Өтірікті, жалғанды жеңу, олардың бетін ашу дұрыс өмірге, өркениетке жол ашады.


- Қазақстан азаматтары үшін ел мүддесі қаншама маңызды болса, адамзатқа ортақ жалпыпланетарлық мәселелерде соншалықты маңызды. Себебі, адамзаттың тағдыры ортақ. Әр халық үшін табиғатты қорғау, рухани құндылықтар, білім мен өнер қажеттілік.

- Тәрбие жұмыстарында бейбітшілікті үнемі насихаттау, қылмыскерлікке, терроризмге қарсылықты күшейту үрдістерін қолдау пайдалы. Әлем халықтарына төнетін түрлі қауіптер мен құбылыстардың барлығы – біздің елге де қауіпті. Сондықтан, оларға қарсы тәрбиелік, профилактикалық шаралар үнемі іске асырылып отыруы қажет. Ұлттық тәрбиеде жас ұрпақты терроризммен және қылмыскерліктен аулақтату мәселелері де шешіледі.

- Қазақстан әлемдегі түрлі қауіпті құбылыстардан тысқары тұрған жоқ. Түрлі індет аурулары, СПИД сияқты жұқпалы аурулардан сақтану істері де тәрбие жұмысының мазмұндық арқауына айналғаны жақсы. Онсыз денсаулығы күшті ұлтты тәрбиелеу мүмкін емес. Тәрбиеде осымен қатар, дұрыс тамақтану, жеке гигие-

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Ұлттық тәрбиенің үш бағдарын төмендегідей схема арқылы көрсетуге болады:



на, жыныстық тәрбие беруді назардан тыс қары қалдырмау керек.

- Қазақстандағы дәстүрлі діндерде имандылық көрініс берген. Сондықтан, тәрбие жұмысында діннің рухани-моралдық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану маңызды. Имандылық – өркениетті ел азаматтарын қалыптастырудағы ажырамас қасиеттердің бірі.

Сондықтан, бізге имандылыққа ден қоюмыздың ел болашағы үшін маңызы зор. Алайда, қазір түрлі зиянды діндер, секталар көп. Жастарды ислам құндылықтарын түсіндіре отырып, үйретудің маңызы зор.

- Сананы гуманизациялау мен гуманитар- лизациялау тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі болып отыр. Адамдар мен халықтар ара-

сында ізгілікті қарым-қатынастар жасауды тіршіліктің принципіне айналдырмай болмайды. Ізгілік, адамгершілік, имандылық, еңбексүйгіштік, іскерлек пен ұқыптылықты насихаттау, жастардың өмірлік позициясына айналдыру – тәрбиенің ешқашан күн тәртібінен түспейтін істері. Оларды жас ұрпақ бойына сіңірудің оңтайлы жолдарын қарастыру балабақшадан бастап жоғары оқу орнына дейінгі ұстаздар ұжымдарының қасиетті парызы.

Айтылған пікірлерден туатын қортындыларға келер болсақ, адам тәрбиесінің бүгінгі мәселелерін шешудің аса күрделі мәселе екендігін көреміз. Бір мақала көлемінде қоғам үшін тағдырлық міндетті шешудің жолдарын

көрсетіп беру тіптен мүмкін емес. Сіздердің назарларыңызға ұсынылған еңбекте дана бабаларымыз әл-Фараби, Абай, Шәкәрім шығармаларындағы адам тәрбиесі туралы идеяларының бүгінгі жастар тәрбиесі, адамды түзету мәселесіне ықпалы теориялық та, тәжірибелік тұрғыдан маңызды деп білеміз. Сөз жоқ, қазіргі адам мәселесін, жас ұрпақты адамгершілік пен ізгілік рухында тәрбиелеу тұрғысында біз ұлы бабаларымыздың рухани мұрасын пайдалана отырып шеше аламыз. Сондықтан, бүгінгі тәрбие берушілер Абайға, Шәкәрімге ден қояды. Олардың ұлт болашағы үшін жазған шығармаларынан ұлттық тәрбие қағидаларын табамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Абай Құнанбаев*. Өлеңдер мен поэмалар. 1-ші том. – Алматы: «Ғылым» баспасы, 1977. – 175 б.
2. *Шәкәрім Құдайбердиев*. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 128 б.
3. Бұл да сонда. – 465 б.
4. *Әл-Фараби*. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1975. – 10 б.

Резюме

В статье раскрываются основные идеи произведений Шакарима и Абая, направленные на воспитание личности. В их произведениях заложен огромный морально-этический и духовно-нравственный потенциал для успешной организации воспитательного процесса.

Summary

In the article the basic ideas of products of Shakarima and Abai are reveal. Such ideas directed upon education of the person. In their products the huge morally-ethical and spiritually-moral potential for the successful organisation of educational process is located.

XX
XX

С.И. Оспанов –

**философия ғылымдарының кандидаты,
ҚазМемҚызПедУ-нің Философия және әлеуметтік-
гуманитарлық ғылымдар кафедрасының доценті**

ТЕКТІЛІК ТАҒЫЛЫМЫ

«Тегің кім?» деген сұрақ ертедегі қазақтар үшін құдайы қонаққа қойылатын ең бірінші және басты сұрақ болған. Кез-келген қонақ кемінде өзінің руы мен жеті атасына дейінгі аттарды атаудан бастап, он үшінші қаймана тегіне дейінгі (өзі, яғни бала–әке–ата–немере–шөбере–шөпшек–немене–туажат–жекжат–жұрат–жұрағат–жүрежат–қаймана) аттарын да, тіпті солардың тұстарындағы нағашы тектерінің қандай рулар екендігін де атай алған. Мұндай таныстықтан ол қонақ болып түскен ауылдағы кімдерге қай ата-

дан жиен немесе бөле болып шығатындығын да анықтаған. Осыдан “құда мың жылдық” деген сөздің түбірін түсінуге болады.

Осы ауыл-әулетке (ертеректе бір ауылдағылар негізінен бір атадан тараған ұрпақтар болып келген) келін болып түскендердің ішінен әжелерінен бастап жаңа түскен келіншектеріне дейінгі әйел заты да, келген қонақтың өзінің төркін немесе нағашы жұрттарымен қарға тамырлы туыс болып шыққанын естісе, жаңа туысымен танысып көзайым болады. Бұл олардың жүректерінің

тереңінен туындаған, қонаққа ғана емес, ендігі жерде жаңа туысына деген көңілінің жылы сезім толқынын, ой мен естелік тамырларына шуақты жылуын таратады. Олардың батылдаулары жас болса жаңа туысын тапқандығын, қуанышты екендігін еркелік назымен, әже болса, салиқалы сөзімен де жеткізеді. Олар өздерінің отағаларымен ақылдасып, қонаққа келесі кеште өз отауларына тағы бір түн қонақ болып, туыстық сыбағасын жеп кетуді ұсынады. Жаңа туысы үшін олардың кебелерінің түбінде жатқан таңдаулы дәм дорбаларының аузы да ашылады. Ол кештерде ошақтың оты көңілді шалқиды. Қазандағы ет сорпасының бүлкілі көңіл толқынының қызуын онан әрі бусантады. Жүреkte жатқан туыстық естеліктерінің неше түрлі кастерлі, қуанышты кезеңдері мен уақиғалары еске оралады.

Сонымен, қаймана қазақтың тегін сұрау рулардың, тіпті үш жүздің арасындағы қарым-қатынастарын қазақтардың “қарға тамырлық туыстығының” тамырларын жаңғыртып, тереңдетіп, нығайтады. Егер осы ауылдан табылған жаңа туыстардың бірі келесі бір уақыттарда дәм тартып, осы қонақтың елінің үстінен өтетін жолы түссе, қонағының атын атап, іздеп барып үйіне түсері сөзсіз. Сондықтан, қаймана қонақ қазақ үшін кездейсоқ бір пенде емес, қазақтардың туыстығын нығайтатын “құдайы (құдай жіберген) қонақ” болып табылады.

Бұл айтқандарымыз қонақ пен қонақ иесінің және онымен амандасуға келген ауылдастардың арасындағы “әңгіме-дүкеннің” тек бастапқы танысу кезеңі ғана. Ондай әңгіменің “дүкендік” жағы, яғни ұлттық рухани-ділдің «ет(ке) ене(тін) қызуы» мен ауыл жастары үшін ұлттың салттық, тәрбиелік, мән-мағынасы бар құндылықтары әңгіменің келесі кезеңдерінде ашылады. [Бұл тұста мақала тақырыбының маңыздылығын онан әрі тереңдету үшін, «дүкен» деген сөздің өзінің түбіріне сәл тоқталайық. Байырғы кездері ұста дүкенінде металл немесе басқа нәрселерден тұрмысқа қажетті қарапайым заттардан бастап, ат әбзелдерін, қару-жарақтар мен дулығасауыт сияқты аса құнды заттар жасалған. Соларды жасаушы, яғни “дүкенші” ертедегі ел үшін қарапайым бұқара жұртшылықтың бірі ғана емес, шеберліктің өте көп құпияларын білетін құрметті ғана емес, қасиеттілігі, кейде аруақтылығы, арқасы бар адам да болып табылған. Яғни, дүкенші қазақтың салт-

дәстүрлік, ырым-жоралғылық мәдениетінің ерекше жақтары мен тамырларын сақтап, күнделікті жұртшылық тіршілігінің қарым-қатынастарына ерекше сипат беріп келген тұлға болған. Кезінде Сократ әңгімелерінің көбісін ұста дүкендерінде жиналған жұртпен өткізгендігі біздің әңгімеміз үшін де үлкен тағылымдық мағынасы бар (ол туралы төменде)].

Әңгіме-дүкеннің әлеуметтік жағы сол жердегі ортақ ой-сезімдік көңіл-күй (аура) аясында туындайтын әлеуметтік-психологиялық, халықтық-педагогикалық, даналық, салт-дәстүрлік, ырым-жоралғылық сияқты құндылықтардың онан әрі қыздырылып-суғарылып шындалуы үшін олардың мән-мағыналық астарларын жүйелеп тарқату қажет. Соның тағылымы келешек ұрпақтарды ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің ерекше бастауларын дұрыс түсінуге жол ашу мүмкіндігі. Соны көрсету – мақала мақсаты.

Әңгіме-дүкен қызуының тектілікпен байланысты тағылымын талдау үшін сол «дүкенге» келгендерден (естігенін есінде сақтайтын, сөздің төркінін түсіне алатын, үлкендердің әңгімесіне көңілінің «сақ құлағын» түретін баладан бастап еңкейген қарттардан) тұратын шағын әлеуметтік ортаны ойлауымыз, солардың ортасында отырғандай жағдайды сезінуіміз керек. Әлқисса..., қонақ өз руын, аталары мен нағашы жұрттарын таныстырғаннан кейін, ауыл ақсақалы немесе естияры қонаққа «тегіңнің тектілерін таныстыра отыр, қонағым» деп қолқа салады. Бұл «ата тектеріңнің ішінде қайсысының аты елге тараған, танымал болған еді кезінде» деген мағынаны білдіреді. Ортақ әңгіме-дүкеннің онан арғы мазмұны мен сипаты осы сауалға берілетін жауаппен байланысты өрбиді. Қонақ өзінің ата-бабаларының ішінде қайсысы атақты батыр немесе би, мыңғырған мал жиған бай немесе (үш жүзді аралап жүріп, әр түрлі елдер мен жерлердегі отбасылардың мүшелерінің ата-тектері мен үрім бұтақтарының аты-жөндерін сұрастырып, есінде сақтап, жүйелеп, елдің қарғатамырлық қатынастарын құрушы) шежіре, жыл қайыратын жұлдызшы-есепші, арғы тектерінен аруақ қонған емші, сынықшы немесе көріпкелдігі мен емшілігі бар бақсы сияқты тұлғалар болғандығын сөз етеді.

Әңгіме-дүкеннің ішіндегі қариялар мен шежірені жақсы білетіндер қонақ айтқан адамдар туралы да бір естігендерін еске түсіруі ғажап

емес. Отырғандар жалпы сондай қасиеттері бар басқа да адамдар туралы, сол қасиеттің өзінің Жаратушының құдіретті күшінің көрінісі екендігі туралы сөздер қозғалады. Солар арқылы халыққа қаншалықты жақсылықтар келгендігі, қанша адамның ауру-сырқаудан, бәле-жәледен құтылғандығы сөз арқауына айналады. Әңгімеге зерде құлағын барынша түріп отырған бала мен жастар үшін қаймана қонақ ендігі жерде сөз болып отырған мәселенің басты кейіпкеріне де айналғандай болады. Оның мақтанышты нұрлы жүзі, оған ауылдастарының ықыласымен қарауы, айтылған қадірлеу сөздері мен ынтық құрметімен қастерлей қараған көздердің жанарлары отырған балалар мен жастарға өте үлкен әсер етеді. Олардың зерделері мен ділдік сезімдері жалпы адамның қандай да бір жақсы қасиетке ие болуы, халық үшін аса қадірлі нәрсе екендігі көңіл сезімін билейді, толғандырады, сондай болсам деген ой сана астарында жер асты магмасындай ділдік (интенциялық) қозғалыстарға келеді. Егер, сол жерде ондай жастардың өздерінің ата тектерінің бірі туралы сөздер де еске алынса, онда біз сөз етіп отырған жағдай оның да рухани әлемін орайды, мақтаныш пен қуаныштың қуатты қызуына бөлеп толғандырады. Осы бір сезімдер жастардың көңілінде ұзақ уақытқа, тіпті өмір бойына қалады. Тек жас өсе келе, ондай сезімнің салдарлары әртүрлі болуы мүмкін. Ондай салдарлардың ең маңыздысы – аталған жағдаяттардың мағыналық түйіні адамның азаматтық табиғатына терең әсер етіп, оның өмірде істеген істерінің тыянақты, имандылыққа тән болуына терең ықпал жасайды. Батырлықтарға байланысты айтылған мақтау сөздері мен қас батырлық үлгілер жастардың келешекте ел үшін жасайтын ерліктердің ішкі қуат көзіне, керек кезінде іске қосылатын серіппелі семсеріне айналады.

Әрине, ондай әңгімелердің мазмұн-мағынасы өзінің бір ата тектерімен байланысты болса, әдетте, ондай даңқ сол рудың бір мақтанышына, тіпті, аруақ шақыру ұранына да айналады. Алайда, бірсыпыра жағдайда мұндай ата тегінің ерлігі мен қасиеттілігіне деген мақтаныш сезімі, оның өзінің нағыз қасиетке ие болатын адами қалыптасуының орнына тек соған деген мақтаныш сезімінің деңгейінде ғана шектеліп қалуы мүмкін. Мұндайда адамның қасиеттілік туралы ой мен сөзі оның істеген ісінен алшақ болып шығады. Осы бір жікара кейбір шиеленісті

жағдайларда, адамдар арасындағы байлыққа, басқа да қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген ынта-тартыстар кезінде адамның әділеттіліктен, нағыз шындықтан қашық істерді де істеуі мүмкін. Бұл руаралық қақтығыстар кезінде де орын алып отырған. Қазақ халқының бағына орай мұндай руаралық шиеленістерден гөрі, олардың арасындағы бірлікке деген ынтаның үстемдік етуі еліміздің осынша аймағының біртұтас Қазақстан есебінде сақталуына тікелей әсер еткен.

Сондай нәтиже, жоғарыда айтылған әңгіме-дүкендер кезіндегі жүз бен рулардың бірлігінің асқан құндылық екендігі туралы баға алған. Қазақ даласына шеттен қауіп төнген кездері үш жүздің баласы бірігіп, тізе қосып жауға қарсы тұрған. Сол кездерде қай рудан батырлар шыкса, кейін сол руды «батырдың руы», «батыр ру» деп атаған. Сондықтан, қонақтың руы аталысымен, қариялар ол рудың сондай батырлар руына жататынын білсе, ә дегеннен-ақ, оған батырдың тұқымынан екен ғой деп ерекше құрмет көрсетілген. Бұл қонақтың тектілігінің тікелей бір көрсеткіші болып табылады. Кезінде батырлар батырлық көрсеткенде тек өзінің атын ғана шығару үшін емес, өз руының келешек ұрпақтары осы ерлігін мақтаныш ететінін еске алып та жасаған. Яғни, әр батыр өз руының тектілігін, ұрпақтарының ғана емес, жалпы қазақ халқының есінде қалатын батырлық тұғырын өз қайратымен, жауды жеңген жүректілігімен тұрғызған. Батыр руының ұрпақтары келесі бір шешуші тарихи жағдайларда сондай атаққа кір келтірмеуге тырысқан, «намысты қолдан бермеуге», «малын жанымның садақасы» деп, ал «жаным – ар-намысының садақасы» деп атаған. Ал, егер аталғандай тарихи шайқастар кезінде кімде-кім қорқақтық көрсеткен болса, онда ондай намыссыздық үшін ол адамның өзі ғана емес, ұрпақтары да «тексіз» деген масқара атауды естуге мәжбүр болған. Соны түзету үшін, сол рудың кейінгі ұрпақтарының ішінен шыққан қайсарлылары мен намыстылары өз руының тектілігін көтеру үшін «намысқа басқан», «жанын шүберекке түйіп» ілгері ұмтылған.

Осындай намыстылық пен тектіліктің бүткіл қазақ халқының намысын басқа ұлттардың алдында қорғау үшін жасалған көрінісін Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі қазақ батырларының санының өзге ұлттардың батырлар санынан алдыңғы қатарда болғандығынан

көруге болады.

Әрине, қаймана қонақтың тектілігі оның ата-бабаларының бірінің би, шешен, ақын, жырау сияқты даналықпен байланысты құндылықтардың бірінің иелері болған болса, онда әңгіме-дүкеннің арнасы басқа бағытқа, халық даналығының үлгілерін талдауға, солардан тәлімдік тұжырымдар жасауға бұрылады. Мұндай дүкенге айналған әңгіменің мазмұны мен мағыналық талдаулары соларды тыңдап, таңырқап отырған жастардың санасы руханияттылық пен имандылықтың ерекше үлгілерінің астарлары мен мән-мағыналарын түсіне бастайды. Аты құрметпен айтылып отырған дананың даналық сөздерін естерінде сақтайды, соларға сәйкес ойлау, сөйлеу және әрекет ету аса терең қасиеттілікке сәйкес келу екендігін түсінеді. Оның сондай түндерден кейінгі дүние, өмір мәні мен мағынасы туралы ойлары өрістей бастайды, өз түсініктерінің жаңа нұсқалары ақылының керегелерін кеңітіп, сенімінің уықтарын нығайтып, азаматтық арманының шаңырағын биіктете түседі. Жастардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынастары даналар сөзімен, халық нақияттарымен шындалып, имандылықтың биік үлгілеріне сәйкес келуіне тырысқан. Нақтылы бір қайшылықты немесе ауыртпалығы көп жағдаяттарға киліккенде даналардың сөздерін есіне алып, солардың жаңа бір мағынасын нақтылы мәселенің салықалы, ақылдылықтың жоғары үлгілеріне сәйкес келетін жолдарын тапқан, жаңаша түсінген. Ата-бабаларының даналығын жас күнінен естіп, есінде сақтап, әртүрлі жерде қайталап айтып өскен қонақ, өзі қонып отырған отбасына жиналғандарға ата тегінің сөздерінің жаңа қырларын, соған қазір арнайы бар ынтасымен құлақ түріп отырған жұртшылыққа бар ықыласымен қайталап жеткізген, өзі де жаңаша түсінген. Естіген жұрт айтылған сөздердің құндылығына, даналығына көзі жетсін деп айтады. Ал тыңдаушылар ішіндегі даналықтың қадірін жақсы білетін, өзі де ауыл данасы болып табылатын қария айтылған сөздер мен нақияттарға басқа да сабақтас ойларды ортаға салады. Олардың даналыққа тән астарларын ашады, тәржімалайды. Солар арқылы тыңдаушы жастар даналықтың мән-мағынасын жан-жақты түсінеді.

Қаймана қонаққа әңгіменің бір кезеңі саябарлай бастағанда «ауылдың алты ауызын айт» деген қолқа салынады. Бұл әр ауылдың өзінде бар,

басқа ауылдың жұртшылығы естімеген өлең айту, күй тарту сияқты өнер көрсетуді өтіну. Бұл жерде де «ауылы өнерсіз екен» деген атаққа қалмау үшін қонақ өз ауылының өнерін жаңа ортаға тарту етеді. Егер сол өлеңдердің мақамы, сөзі маңызды болса, тартылған күйдің сазы терең ой-сезімдерін туындатса немесе көңіл күйін шаттандырса, бұл да қаймана қонақтың ауылының тектілігінің ерекше қырларын көрсеткені. Ауылдың әрбір азаматы өзге ауылдарға жол түсіп бара қалса осындай «ауылдың алты ауызы» айтылуы керек екендігін әрқашанда білгендіктен, басқа жерге барғанда «ауылы өнерсіз екен» деп айтпасын деген намыстылықпен, жас күнінен өнерге жақын болуға тырысады. Бұл да әр қазақтың өз руы мен әулетінің өнер саласында да ерекшелігін, тектілігін көрсеткені.

Осындайдың салдарынан да болар, қазақ халқы саны жағынан қытай, үнді, орыс сияқты халықтардан қаншалықты аз болса да өлең, күй сияқты өнерлер тұрғысынан кем түспейтіндігі әлемге белгілі. Бұл да, сәл жоғарыда айтылғандай, әр қазақтың осы салаларға деген тектілікті жоғары ұстауға деген ынтасынан туындаған нәтиже десек қателеспейміз.

Міне, шағын мақала ауқымында тектілік тағылымына байланысты ой өрістеріміздің кейбір қырлары осындай. Сөз соңында «Осы, өткен ғасырларда аса құнды болған тектіліктің қазіргі кездегі ұлттық руханият пен ділдік әлеміндегі іздері мен маңыздылығы қандай?» деген сұраққа тоқталуымыз керек. Себебі, бір жағынан, «тектілік» туралы түсінік ересектердің есінен әлі шығып болған жоқ, ал жастар оның тағылымдық тамырлары мен құндылықтарын ұмыта бастады. Екінші жағынан, сол ұғымның қазіргі, әсіресе, келешек ұрпақтарға деген мағынасын жаңа өмір ерекшеліктері мен талаптарына сәйкестендіріп тәржімалап, оларды ұлттық тәрбиелеу жүйесінің жаңа әдістерімен етене жақын етіп енгізбесек, келешек қазақтардың сырты еуропалықтан ерекше болса да, ішкі рухани дүниесі, ділдік әлемі өзіндік сипатынан айрылады. Яғни, қазақ халқының саны болса да, оның тектілік қасиеті жаңа күннің шуағына кепкен шықтай сейіліп кетуі ғажап емес. Мәселенің ең ауыры – тектілікті ұмыту нәтижесінде отансүйгіштіктің тіректілігі тартылып, қуат тамыр суалып, алаңсыз жойылмаған күнде де, қатты әлсіреу қаупі бар.

Қазіргі әлем елдерінің араласуы ертедегі

көрші, әсіресе, қашық ауылдардың өзара араласуынан жиі, саяси-экономикалық байланыстары тарихта бұрын болмаған деңгейлерге жетті. Ендігі жерде өзге халықтардан соғыс арқылы батырлықпен ерекшеленудің қажетсіз екендігін XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыстар көрсетті. Қазіргі соғыс қаруларының мүмкіндіктерін ескерсек, ондай соғыстар қай елдің де халқын қырғынға әкеледі. Оның орнына атом қаруынан бас тарту сияқты жаңа саясат әлем халықтарын бейбітшілікке әкелетін батылдық үлгісі болып бағаланып отыр. Ол жағынан қазақ халқының әлемдегі атағы алдыңғы қатарлы елдердің біріне шықты. Оны мақтаныш ете аламыз. Ауылдың алты ауызын өнер арқылы көрсету жағынан да ұлтымыздың ерекшелігі сақталып, бізді бұрын білмеген елдерді таңырқатардай қабілетіміз бар. Оған да шүкір.

Ендігі жерде, әлем халықтарынан ерекшеленіп озатын нағыз сара жолдары өндіріс, ғылым, мәдениет, спорт сияқты салалары болып отыр. Осы жағынан намысқа басып жасайтын істердің істелгенінен істелмегені көп. «Мен қазақпын!» деген ұранды намыспен қорғау осы бағыттарда жүзеге асуы керек екені елге белгілі. Ондай намыстылықпен істелген істің жетістіктерін әлемнің экономикасы дамыған алпауыт елдері көрсетіп отыр. Бұл бағытта халық санының көп болуы да өте қажетті шарт емес. Мәселе, жасалған істің сапалылығында. Ондай істердің қатарына өндірістік істерді, ғылымдағы ізденістерді жоғары сапалық дәрежеге жеткізу қажет. Осы бағыттағы істерді сапалы орындауды ұлттық намыс есебінде түсініп, ағылшындарша, жапондарша, немістерше жүзеге асыра білсек, әлем қазақ елін де қадірлеп танитын болар еді.

Өкінішке орай, әзірге өз ісін бастаған кәсіпкерлеріміздің көпшілігі «өндірген өнімінің сапасымен әлемге қазақ атын шығарсам» деудің орнына, көбіне, тек өз ауылдастарының алдында мақтанышын көрсету үшін, алған кредитінің өндірісін өсіруге емес, алдымен үй салуға, джип мінуге жұмсайды. Сөйтіп, қарызын қайтару уақыты келгенде неше түрлі қулықтарға барады немесе банкрот болып барынан айрылады. Ал, мемлекеттік жауапты қызметке орналасқандар да өз жұмысын сапалы атқару қажет деген ынтадан гөрі, сол лауазымды пайдаланып, қалай қылғанда байысам екен деген ынтықтан еш аса алмайды. Бар білгені өзгелерден пара алу, халық еңбегінен жиналған мемлекеттік қаражатты

жымқырып қалу сияқты мақсаттарға салады. Ертеңгі күні сол істерден ұсталып, ел алдында масқара боламын-ау, сонан ата тектерімнің атына кір келеді-ау, ауылдастарым маған күледі-ау деген намыстылық жоқ. Яғни, тектілігіне кір келтірмеу, керісінше соларды қорғап, келешек ұрпақтың есінде қалсам-ау деген ынта қазіргі діліміз бен тұлғалығымыздан сейіліп, нағыз тұлға болу былай тұрсын, рухани әлемі тұлпыпқа айналып, ар-намысын қадірлеп, адал еңбегімен тіршілігін өркендеткен азаматтардың қатарына да жете алмайды. Бұл текті болу мәселесінің кеңестік және қазіргі дәуірлерде ұлттық тәрбиелік жүйенің қатты әлсірегендігінің бір көрінісі.

Тектілікті сақтаудың ерекше және қайталанбас негіздері ұлттық тіл мен салт-дәстүрлерде, ырым-жоралғыларда, рәміз-рәсімдерде жатыр. Солар адамның ұлттық сипатын сақтауда шешуші рөлдер атқарады. Бірақ, олардың КСРО кезіндегі жастарды тәрбиелеу жүйесінен шығып қалғаны былай тұрсын, жас ұрпақтарды соларға қарсы қойып, оларды ескіліктің қалдығы деп жариялап, оларға жастарды белсенді түрде қарсы қою мақсатында әжуа етудің әдістері қолданылды. Білім беру жүйелері, мектептегі октябраттық, пионерлік, коммунистік ұйымдар, соларды жүзеге асырудың басты жүйелері болған еді. Сол жүйелердің пәрменді әрекеттерінің нәтижесінде қазіргі ата және аға ұрпақтардың белгілі бір қатарларының ділдік дүниесінде ұлттық салт-дәстүрлерге, әсіресе, ырым-жоралғыларға, нәтижесінде нағыз тектілікке деген тектіліктің ұлттық тәрбиедегі орнын ұмытты. Олардың ойы мен дағдысында ұлттық тектіліктің жоғарғы үлгілеріне деген сенімсіздік қана емес, тікелей сыни, қарсыластық көзқарастар сіңісіп қалған. Егер, ерте замандарда біреудің жасаған имансыздық істері үшін «тексізсің» деп сөгу «мәңгіртсің» деп ұрсумен бірдей болса, онда советтік кезеңде тектіліктен аластағанымыз соншалықты, қазіргі кезде «тексіздік» туралы сөз өзінің қазақ тіліндегі имандылықпен байланысты екені, биік адами құндылықтың ұлттық нұсқасына жататыны алаңсыз ұмытылды.

Сонымен, қазіргі кезде «тексіздіктің» имандылықпен байланысты нақты мазмұнын дұрыс түсіну, тектілікке қайта оралу жолдарын іздеу, жас ұрпақты соған тәрбиелеу мәселелерін ғылыми және практикалық тұрғылардан көкейтесті мәселе есебінде қайта көтеру кезек күттірмейтін мәселе. Мысалы, ойдың, сөздің

ұтымды тәрбиелік амал-әдістермен жан-жақты енгізу мәселелері әлем алдындағы ұлттық намысты қорғаудың басты межесіне айналуы қажет.

Рассматривается историческая роль казахской национально-этической, народно-педагогической и социологической категории «тектілік» в унаследовании образцов поэтико-эпического героизма, высокой нравственности в поведении и общении, а также – в сохранении и умножении народной культуры. В советский и постсоветский периоды такие смысловые значения «тектілік» были сильно ослаблены, а многие из них в настоящее время забываются. Автор показывает актуальность их возрождения во всех сферах жизни, особенно в системе воспитания молодежи.

The historical role of the Kazakh national-ethical, national-pedagogical and sociological category «тектілік» in inheritance of samples of poetical-epic heroism, high morals in behavior and dialogue, and also – in preservation and multiplication of national culture is considered. During the Soviet and Post-Soviet periods such semantic values «тектілік» have been strongly weakened, and many of them are forgotten now. The author shows an urgency of their revival in all spheres of a life, especially in a youth educational system.

«КҰДАТҒУ БІЛІК» – ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ ТАРИХИ МҰРА

тарихтың, ұлы мәдениеттің, мол біліктің мәңгілік мәуесіндей», – деп, бұл жәдігерліктердің жас ұрпақты тәрбиелеуде тағылымы терең екеніне баса назар аударды [1. 2 б.].

Мәдениетіміздің ерте дәуірінің ұлы мұрасы болып саналатын «Құтадғу білік» ескерткіші Орта Азия мен Қазақстан мәдениетіндегі ортағасырлық дәуірдің мәдениетінің өлшемі болып табылатындықтан, оның дүниеге келуінде белгілі бір тарихи жағдаяттың, тарихи-әлеуметтік орта мен қоғамдық-саяси жағдайлардың алғышарттарының болғаны күмән тудырмайды. «Құтадғу білік» сынды алып ескерткішті тудырған заман қандай еді? Соған аз-кем тоқталсақ...

IX-XV ғасырлар аралығында Орта Азияның мәдени даму дәрежесі Батыс Еуропа елдерінен биік тұрғаны, бұл кезең түркі халықтары үшін Ояну дәуірі болғаны тарихтан мәлім. Әсіресе, X-XII ғасырлар Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ана тілі мен әдебиетінің өркендеп-өсуіндегі жаңа басқыш, мұсылмандар үшін «өрлеу дәуірі» болған-ды [2. 4 б.]. XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекетінің

күшеюімен бірге мәдениет пен әдебиет жаңа бір даму деңгейіне көтерілді. XI ғасырда түркілер елі – Түркістанның мәдени даму дәрежесі биік тұрғанын сипаттайтын жәдігерліктер аз болмаған. Осы ғасырларда өмір сүрген түркі халықтарының ата-бабалары кейінгі ұрпақтарына орасан зор әдеби-мәдени мұралар қалдырып кетті. Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде бұл ғасырларда өмір сүрген ақыл-ой мен білімнің алып тұлғалары, көркем сөз зергерлері мен тілші-ғалымдар түркі тіліндегі көркем әдебиеттің шарықтап, өсіп-өркендеуіне мол үлес қосты. Атағы дүниежүзіне мәшһүр ұлы ғұламалар әл-Фараби, Ахмет Йегүнеки, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашғари еңбектері сол замандағы ақыл-ой жетістігінің биік шыңдары еді. Сонау ғасырларда «түрікшілдік» туын көтеріскен ғұламалар өз еңбектерімен әлемдік әдебиет жұртшылығына кеңінен танылды. Дәл осы ғасыр ішінде түріктер әлемі дүниежүзінде теңдесі жоқ шығармалар тудырғанын мақтан ете алады [2. 3 б.]. Ұлан-байтақ атырапты алып жатқан Қараханид мемлекетін нығайту, оның сыртқы және ішкі саясатын дұрыс жолға қою, мемлекеттің әрбір тұрғынының бақытты өмір сүруін қамтамасыз етуді мақсат еткен дастан желісіне, мақсатына сай мемлекет, ел басқару, ел басқарушының міндеттері мен құқығы туралы, халыққа ізгі өмір сыйлау, бақытты, әділетті қоғам құру, жалпыадамзаттық, халықтық мәселелер арқау болады. Бұл еңбек түркі династиясының аса гүлденген кезеңі – Қараханидтер дәуірінде жазылған. Түрік және парсы мәдениетінің нәрлі ұйтқысында туындап, араб дүниетанымының қуатты ықпалымен толысқан Жүсіп өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық мұраттарын дүниеге келтірді [4. 58 б.]. «Құтадғу білік» – халықтың құты, ырысы болған ілім. Ұрпақтарға, адамға бақыт берген, құт әкелген ілім. Ғасырлар бойы көзі ашық, көкірегі ояу ұрпаққа адамдық, азаматтық қасиеттерін, әдеп-адалдық дәстүрін сіңірген кітап [3. 9 б.].

Дастан төрт ізгі қасиеттің: Әділ, Дәулет, Ақыл, Қанағаттың арасындағы сұхбатқа құрылады. Адам, қоғам қайткенде бақытты заман кешпек? Құтты ел құру үшін не істемек ләзім? Жүсіп өзегін өртеген заман шындығын ашына жырлайды. Надандық жайлаған елде қайтіп ел болмақты жырлайды. Автор шын

бақытты адамгершіліктен, қайырымдылықтан, ізгіліктен, әділеттен, білімнен іздейді. Адам бойындағы қандай да бір қасиет жеке-дара адамды бақытқа жеткізе алмайды. Тек бірлік пен ынтымақ бар жерде ғана шын бақыт орнайды. «Құтадғу біліктің» төрт кейіпкері де кішілік, ізет, қарапайымдылықты сақтай отырып, сұрақ-жауап жолымен тілдеседі. Жүсіп Баласағұн дастанда кейіпкерлер аттарына да терең мағына сыйғызған. Күнтудыны құтқа, Айтолдыны бақ-дәулетке балайды.

Адам бойындағы кісілік қасиеттер қай заман үшін де қажет. Дастанда айтылған Адам болмысындағы кездесетін түрлі адами қасиеттермен, мысалы, ар-ұят, жомарттық, шүкіршілдік, сол сияқты адамшылыққа жат сараңдық, сабырсыздық, өзімшілдік, ашкөздік, адамдар арасындағы қарым-қатынас қағидалары, мінез-құлық, адамгершілік, ұрпақ тәрбиесі, үйлену, тамақтану әдебі, білім, тіл әдебі туралы айтылған даналық ойлар Пайғамбар хадистерімен сабақтасып жатыр. Дастан желісіне арқау болған адамзаттық басты ұғымдар – қанағат, даналық, сабыр т.б. қағидасы. Жүсіп: «Сабыр етсең – іс байлыққа басады, шүкір қылсаң – байлық асып-тасады, Шүкіршілік қылғанның ырысы артады», «Сабырлы кісі тілегіне жетеді», «Сабырлы ер аққу ұстайды» немесе «Ұстамсыздық – бар бәленің көзі», «Асығыс түбі – өкініш» деп бірнеше бәйітте жырласа [5], осы қасиет Әнас ибн Малик (р.л.ғ), Имам Әбу Мансур Ад-Дәйләми риуаят еткен Пайғамбар хадисінде «Имандылық екі жартыдан құралады. Бір жартысы – сабырлылық, екінші жартысы – шүкірлік» деп берілген.

Жүсіп Баласағұни дастанының ұрпақты мәдениеттілікке тәрбиелеуде де ықпалы зор. Қоғамдағы тіршіліктің әрбір құбылысына ғұлама ақын өз көзқарасы мен байламын білдіріп отырған. Терең пайымдаулар жасаған. Ғұлама өз еңбегінде Тіл өнеріне, Тіл әдебіне ерекше орын беріп, жеке тарау арнаған. Жамандық та, жақсылық та – тілден. Тілді тыйып ұстап, орынды жұмсау – білімділік, тәртіптілік. Тіл әдебі – барлық уақытта да бар әдептің басы болып саналаған. Саф алтындай асыл сөз, орнымен айтылған қадірлі сөз қай заманда да қастерлі. Абайлап, ойланып барып сөйлемесең, тілге сақ болмасаң, өз тілің – өз басыңның жауы екенін ескертеді, дастанның тілге арналған тарауында қасиетті тілге байланысты «Тіл – арыстан,

есік баққан ашулы, Байкамасаң жұтар, ерім, басынды», «Сөзіңді бақ, басың кесіп алмасын, Тіліңді бақ, тісің сынып қалмасын», «Басқа бәле – тілден» деп, жамандық та, жақсылық та – тілден екенін ескертеді.

Осыдан он ғасыр бұрын да, қазір де адамның мінез-құлқын айқындайтын құндылықтар бар. Ол – ізгілік, қайырымдылық жасау, адамды сүю. Ізгі іс жасағанда ғана адам өмірдің мәнін түсінеді. Ізгі іс ешқашан тозбайды. Ізгі іс, жақсы адам ешқашан ұмытылмайды. Ізгілікті қылық ана сүтімен сіңсе, ол адам өмір бойы ізгіліктен айнамайды. Бақытты жан әрдайым мейірімді, ақ жарқын, ізгі жан. Ол сүйкімді. Бақыт пен қайырымдылық – адам өмірінің мәні. Адам өлмек, бірақ оның шапағаты мәңгі жасайды.

Тірі өлер, ақыры жер жастанар

Жақсы кісі өлсе, жақсы ат қалар [6].

Немесе,

Әсілі оңды кісі ізгілік жасар да,

Мәңгілікке аты қалар жаһанда, – дейді [6].

Адам шапағаты арттағы ұрпағына тисе, мұра болса, оның рухани өлмейтіндігі сөзсіз. Адамгершілік ізгілік жолға апарады. Ақын адамдықты пір тұтқан, көзі қарақты, сөзі шын адамдарды ардақ тұтады. Адам бойындағы жақсы мінездің пайдасы туралы да бірнеше бәйіттерде кездеседі. Жаманды-жақсылы мінездер ерте кезден бері айтылып келеді. Дастанда:

Ізгі мінез, түзу құлық болғанда,

Пайда түгел екі бірдей жалғанда.

Екінші – ұят, сосын шындық – үшінші,

Үшеуімен ер көгерер (түсінші!)

Биязыны халқы сүйіп, ұғады,

Ісі түзу кісі төрге шығады.

«Құтадғу біліктің» алдында ерте ғасырлардағы түбі бір түркілердің өркенді мәдениеті мен барлық болмысы тұр. Дастанның әр жолына үңілген сайын халық даналығының, халық байлығының өшпес қайнар көздерін сезінеміз. «Ауыз әдебиетіміздің әр түрлі жанрлық нақыштарын, шешендік сөздер, жұбату мен жоқтау, естірту, көңіл айту, мақал-мәтел, афоризм, өсиет сөз, батырлық жырдың алғашқы белгілерінің «Құтадғу білік» дастанындағы да бір маңызды қызметін аша түскенін осы дастанды тұңғыш рет поэтикалық тұрғыда қазақ тіліне аударған ақын, ғалым А.Егеубаев айтып кеткен еді [6. 24 б.]. Қанатты сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді, тұрақты тіркестерді оқығанда түркі халықтарының құнарлы топырағынан бастау

алған бір кездегі көне дәуірдегі дәні болып табылатынына түйсінеміз. Халық даналығына, көкіректі жарып шыққан асыл сөздің ғасырдан-ғасырға жалғасып, мәңгілікке ұласқанына көңіл қуанады. Академик А.Н. Кононов «Құтадғу біліктің» авторы өзінің дидактикалық мақсаттарына халық даналығын, түркі халықтарының ақындық ауыз әдебиетін, мақалдарды, мәтелдерді, қанатты сөздерді және тағы басқаларды кеңінен пайдаланады», – десе [6. 14 б.], қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірін зерттеуші ғалым Н.Келімбетов «Құтты біліктің» авторы түркі тектес халықтардың ауыз әдебиетінің кәусар бұлағынан еркін сусындады. Сол арқылы ақын халық фольклорының қыруар мол мүмкіндіктерін жазба әдебиеттің тәжірибесімен ұштастыра білді», – деп жазады [2. 174 б.]. Бұдан біз мұның түп-тамырында халық тұжырымдарының талай-талай принциптері мен талаптарының орайластығын, халық ауыз әдебиетімен түркі жазбаларының арасында тұтастық, әлеуметтік бір тамырластық, пікір сабақтастығын жатқанын аңғарамыз. Осы мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, сонымен қатар, тұрақты тіркестер сонау IX-XI ғасырлардан күні бүгінге дейін жалғасып жатыр. Ж.Баласағұни шығармасының негізгі сюжеттік ауқымы дидактикалық ойларға құрылған дүниәуи философиялық толғау. Сондықтан да, бұл шығармада нақыл түріндегі аталы сөздер, мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. «Халық даналығы» деп аталатын бұл ғибраттар «атадан балаға мирас болып келе жатқан қазына» деген сөз. Әрбір мақал-мәтелдің авторы өз дәуірінің перзенті, өз кезінің таным-түсінігі мен наным-сеніміне бой ұрып, дәстүрлі тұжырымдарын насихаттайды. Әр түрлі формацияларға байланысты кейбір мақалдардың мән-мазмұны өзгеріп отыруы мүмкін, заман елегінен өтпей қалғандары ескіріп немесе жаңа дәуірге сай жаңаланып отырады. Халық қазынасы ылғи да кемерленіп толып отырады.

Жүсіп Баласағұн дастанына адамзат бойындағы күллі жағымды мінез-құлықты, жақсы адами қасиеттерді, биік моральды, қоғамдағы ізгілік, мейірімділік, қанағат, адамгершілік, білім, қайырымдылық, этиканы бәрі-бәрін отбасылық, қоғамдық тәрбиемен ұштастырады. Сондықтан, бала жастайынан білімділікке, парасаттылыққа, ізгі мінезділікке тәрбиелеуді үндейді. Айталық,

Бала білім жолын қусын десеңіз

Бесігінде-ақ білім жолын көсеңіз

Білім үйрет, сәбиіңе сарылма
Уыздайын, сүттей сіңер қанына
Сәбиінде көкірекке түйгені
Өлгенінше санасында жүреді (1495 бәйіт)
[6].

Бұдан халқымыздың «баланы – жастан» деген қағидасын түйсінеміз. Яғни, ұрпақтың көп жылдарға алар тәлімі, тәрбиесінің негізі бесікте. Ұл өсіргің келсе дана, жүректі
Қатты ұстап, үйрет білім, ізетті (1221бәйіт)
[6].

Кім ұл-қызын шолжандатса бетімен
Тартар күйік, ет кескендей етінен (1223 бәйіт) [6].

Отбасы тәрбиесі адами биік қасиеттерді қалыптастырудағы негізгі алғашқы саты болғандықтан, ата-ананың әрекеті, моральдық сапасы ұрпақтарға зор әсер қалдыратынын, егер ата-ана жоғары мораль иесі болса, таным-талғамы биік болса, перзентіне жақсы әдет-ғұрып үйретсе, онда бұл бала қоғамға жарамды болып шығатынын айтады. Қоғам мүшелері этиканы, әдеп-ибаны білетін, сөзі, әрекеті сыпайы, шыншыл болса, адамдар мұндай қоғамнан рухани жоғары ләззат алады.

Ұл-қызыңа үйрет білген білімді
Қолына ұстат кеудеңдегі күніңді
Сонда ұл-қызың адамдықтан таймайды
Көңілі түзу, көзі шоқтай жайнайды [6].

Ақын ұрпақ тәрбиесін тал бесіктен бастауды ұсынады. Осы ретте қазақ халқының ғұлама ұлы М.Әуезовтің «Ел боламын десең, қазақ, бесігіңді түзе!» деген қанатты сөзі ойға оралады. Яғни, ұрпақтың көп жылдарға алар тәлімі, тәрбиесінің негізі бесікте. Тәлім-тәрбие – сапалы білім, әдеп-иба өлшемімен. Білімді адам ғана ақыл-парасатын жоғары көтере алады. Моральдық сапасы жоғары, білімі мол, іс-әрекеті ұқыпты, адамгершілігі үлкен моральдық мінезі жан-жақты жетілген адамдардан үйренуге үгіттейді:

Білім білсең күнің нұрлы етеді,
Қанша кішік болсаң да ұлы етеді [6].

Адамды моральдық жақтан тәрбиелеу, моральдық мінез қалыптастыру – тәлім-тәрбиенің мәңгілік міндеті. Адам баласы, әсіресе, ел басшысы жақсы мораль арқылы халыққа үлгі көрсете алады. Жақсы мінез – ұқыпты іс-әрекетте болудың негізі. Баласағұн неден безініп, неден неге ұмтылу керектігін белгілейтін моральдық ұғымдарды береді. Ақын жақсы мінез-құлықты бала туғаннан-ақ бойға

сіңіру керек екенін ескертіп, ата-ана үйдегі, түздегі моральдық мінез-құлық этикасымен үлгі болуға, баласына халықтық дәстүрден тағылым беруге, үлкенді сыйлауға, аруақты ардақтауға, қоғамдағы салт-дәстүрлерді қастерлеуге, кіммен қалай қатынас жасауға, өткенге парасатпен, терең құрмет сезімімен қарауға, салт-дәстүрді қастерлеуге үйретуі тиіс, – дейді. Баланың жаман-жақсы қылықтарын кіші күнінен ажыратып, жаман әдеттерден бойын аулақ салып, тек жақсы, әділетті істерге ғана баулуы шарт. Бала тәрбиені өз отбасынан алуға тиіс.

Ай маңдайлы ұл-қыз туса алдында
Үйінде өсір, бөтен жерде қалдырма [6].

Яғни, баланың көз алдындағы әрекеттер, жағдайлар оның күнделікті өмірінде қолданылатын мінез-құлық үлгісін беруі тиіс.

Ұл-қызыңа әдеп үйрет, білім бер,
Қос жалғанда бірдей көріп күлімдер [6].

Тән мен жан тазалығын сабақтастыра білу керек. Дұрыс тәрбие мен білім парасатты ұрпақ өсірудің мәнін ашады. Өнегелі тәрбие жас адамға өмір жолын табуға мүмкіндік береді. Өмір жолын дұрыс таңдаған әр адам салауатты қоғамның саналы мүшесі.

Баласағұнның әлеуметтік этикалық идеясы жоғары парасаттылыққа, адамның рухани толысуы, ақыл-ой білімі арқылы қол жеткізуге болады. Білім арқылы тек қана адамды емес, бүкіл қоғамды түзетуге болады. Білім, тәрбие, адамның өзін-өзі ұстай білуі салауаттылыққа, моральдық және рухани толысуға алып келеді. Ж. Баласағұнның айтуынша, адамның ақыл-ойымен, білімімен адамның мінез-құлқын анықтауға болады. Білім жауыздыққа, рухани кемтарлыққа, бұзықтыққа, зұлымдыққа қарсы күресу үшін қажет. Халық ежелден надандыққа ақыл, білімді сезімді қарсы қояды. «Білімді мыңды жығар» деген мақалдың нәрлі тамырының сонау көне замандарда жатуы міне осыдан.

Ілім білген дана атанар ақыры
Білім елге пайда бере ашығы (21-бәйіт) [6].
Білімсіздік жайлы:

Білімнен әзіз не бар дейсің жаһанда,
«Білімсіз, надан!» десе, қорлық адамға [6].

Бақытты қоғамды жырлаған түркілік өркениеттің ұлы мұрасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» жазба ескерткіші әлемдік мәдениеттің алтын қорынан орын алады. Уақыт өткен сайын қарапайым даналығымен таңдандыратын

мен арман-мұратының қазіргі заманмен терең сабақтастығын дәлелдейді.

1. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
2. Орынбеков М. Қазақ даласының ойшылдары. – Алматы: Ғылым, 1995. – 289 б.
3. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 378 б.
4. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 251 б.
5. Құрышжанұлы Ә. Ескі түркі жазба ескерткіштері. – Алматы: Дәуір, 2001. – 369 б.
6. Егеубаев А.Ж. Баласағұн: ол туралы. – Павлодар: Арда, 2005. – 389 б.

Статья посвящена памятнику письменности «Кутты білік». В статье рассматриваются ценности и роль воспитания подрастающего поколения. Исторический памятник был написан в XI веке и по сей день остается актуальным.

The article is devoted to a writing monument «ҚҰТТЫ БІЛІК». In article the values and a role of upbringing of rising generation are considered. The historical monument has been written in XI century and till nowadays remains actual.

Н. Кенжеғараев –
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының
жетекші ғылыми қызметкері

Жаһандану заманында тәуелсіз қазақ елі үшін өткір тұрған мәселенің бірі – ұлттық тәрбие мәселесі. Көп жылдар бойына бодандықта, жоспарлы түрде отарланудың нысаны болған ұлт үшін әлемдік кеңістікте дербес мемлекет болып, қадамын нық басу үшін өзіндік идентификация үдерісін жаңғыртуы орынды. Жаһандық ынтымақтасудың араңына жұтылып кетпей, ұлтымыздың төлтумалығын сақтап баруымыз үшін алғашқы кезекте қолға алуымыз керек дүние тағы да ұлттық тәрбие.

Ғалымдар әлі күнге дейін ұлттық тәрбие деген ұғымға бір ізді анықтама берген жоқ. Ұлттық тәрбие тұжырымы қаншалықты түсініліп, зерттелініп жүр деген сұрақтардың туындауы заңды. Ұлттық тәрбие жалпы, жинақтаушы ұғым ба, жалқы, бір ғылым саласындағы ұғым ба? Ұлт тәрбиесі мен ұлттық тәрбие ұғымдарының арасында айырмашылық бар ма, әлде екеуі бір ұғым ба? Осы сұрақтарға жауап табылуы қажет.

ішінде этнопедагогика саласымен айналысып жүрген ғалымдар бірқатар бастамалар көтеріп, қызу еңбектеніп жүр. Этнопедагогика ұғымына мынадай анықтама берілуде: «Этнопедагогика – ұлттық тәлім-тәрбиенің қайнар бастауынан бастап, осы уақытқа дейінгі болмысын айқындап, оның болашағын белгілеп беретін ғылым. Ал, ұлттықтәлім-тәрбиеніңтүпкінегіздерісолұлттың ұлт болып қалыптасуына дейін бастау алып, ұлттық қасиеттерге сәйкес дамып, қалыптасты» [1. 103 б.]. Этнопедагогика ғылымының негізі – халық педагогикасы дегенге келісетін болсақ, ұлт тәрбиесі мен ұлттық тәрбие ұғымдарының айырмашылығын терең түсініп алуымыз керек. Ұлт тәрбиесі, не халық педагогикасы, ғасырлар бойына қалыптасып, өмір сүріп келе жатқан халықтың салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына негізделген халық тәрбиесі. Ұлттық тәрбие ұғымы тәрбиенің прагматикалық, қолданбалы жағын ғана қамтымай, дүниетанымдық, моральдық, этикалық, эстетикалық, руха-

ни аспектілерін түгел қамтитын және ұлттық мүдде, ұлттық позиция тұрғысынан байыптала-тын, идеологиялық қыры басым, ұлттың өзін-өзі сақтауы мен дамуына негізделетін, ұлттың даму стратегиясына сәйкес орбитін қондырма. Ұлттық тәрбие ұлт тәрбиесіне қарағанда өзгермелі, үнемі даму, өзгеру, жетілу үстінде болады. Ұлт тәрбиесі, не халық тәрбиесі этностың жады-на, архетипіне, автохтондылығына байланы-сты, диахронды. Этностың даму тарихындағы жүріп өткен жолдарының, қалыптасқан тәрбиесінің көрсеткіші. Ұлттық тәрбие өз бойына сол ғасырлар бойына қалыптасқан ұлт тәрбиесін сіңіре отырып, бүгінгі күннің тала-бына, мақсатына, мүддесіне орай бейімделу, ұлт тәрбиесін одан әрі қарай жалғастыру, дәстүршілдік аясында жаңғырту дегенге келеді.

Ұлттық тәрбие – дүниетаныммен, ұлттық санамен, ұлттық ділмен, тілмен, ұлттық мәдениетпен, жалпылай алғанда ұлттық құндылықтармен астасып жатқан ұғым. Ұлттық тәрбиені синтетикалық, пәнаралық, симби-оз дүние деп қарағанымыз абзал. Ұлттың қалыптасқан дәстүрлі дүниетанымы, ұстанған моралдық-этикалық кодекстері, тұрмыстық-шаруашылық формасы, кәсіптік, заттық мәдениетімен қатар рухани мәдениеті, саяси-идеологиялық мүддесімен бірге, болашақ страте-гиясы қазір өз алдына жекелеген ғылымдардың зерттеу нысаны. Пәнаралық ұлттық тәрбие мәселесі – қазіргі таңдағы педагогика, психо-логия, филология, мәдениеттану, философия, теология, тарих, әлеуметтану, саясаттану т.б. сынды ғылымдардың түрлі салалары бас қосып қарастыратын мәселесіне айналуы керек.

Халқымыздың дана ұлы, классик ақын Абай Құнанбайұлы шығармаларында ұлттық тәрбие мәселесі сөз болған ба, сөз болса, қаншалықты дәрежеде, қай қырынан тілге тиек етілген деген сауалдарға тоқталуымыз орын-ды. Абай ақын ретінде сөз өнерінің табиғатына тиесілі танымдық, таңбалық, коммуникативтік, эстетикалық, идеологиялық, этикалық, тәрбиелік қырларын пайдалана отырып, өзінің халыққа айтқысы келген идеяларын, ойларын поэзия және қара сөз түрінде жеткізген. Әдеби тектердің жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес, лирикада ақын ойын көркем бейнелер, суреттеумен, жанамалап, тұспалдап қысқа айтып, көп ой туғызуға тыры-са, ғақлияларында ұлт мүддесінен туындаған ойларын қара сөз арқылы таратып айтып,

публицистикалық, ғылыми-публицистикалық стилді ұстанады.

Ойшыл ақын өз өлеңдерінде қазақтың бұрыннан келе жатқан халық педагогикасын мансұқтамайды, бодандыққа дейінгі қазақтың ділі мен дәстүрін, ұлттық мәдениетті жоғары бағалап отырады. Ұлттық мәдениеттің негізгі саласы ауыз әдебиеті мен халық ауыз әдебиеті болса, «Біреудің кісісі өлсе, қаралы - ол» деген өлеңінде халықтың бай ауыз әдебиетіндегі түрлі жанрларды сөз етіп, олардың ұлт тәрбесі мен мәдениетіндегі орнын көрсетеді:

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,
Қыз таныстыр – қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?

Бала туса, күзетер шілдеhana,
Олар да өлең айтар шулап жана.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпак, мақал бар, байқап қара [2. 92 б.].

Абай өлеңдерінен халық педагогикасы-на, ұлт тәрбиесіне байланысты ұлт перзенті ретінде жағымды пікірлерді көптеп теріп келтіре беруімізге болады. Бірақ, Абай мәселені тереңінен көріп, тек халық педагогикасының шеңберімен шектеліп қана қоймайды. Ақынның алдында тұрған күрделі мақсат – мінезі сұйылып, адам танымастай өзгерген, бодандық қамытында деформацияға ұшырап отырған халқының ойын, мінезін, қалыбын өзгерту бол-ды. Ал бұл мәселенің тамыры тереңде жатыр, ол ұлттық идентификация, мемлекеттік дербестік, қоғамдық формация, сыртқы қарым-қатынас, сыртқы фактор, отаршылдық жүйе, отаршылдық саясат дегендермен қатар, ұлттың ішкі саясаты, мәдениеті, менталитеті деген мәселелерге келіп тірелді. Сондықтан Абай шығармашылығының жүгі өте ауыр болды, оқу, білім, бала тәрбиесі, өнер, ақындық, шынайы поэзия, шынайы поэ-зия эстетикасы, ән, күй эстетикасы деген сын-ды ұлт мәдениетінің озық тіректерімен қатар, қоғамдық-саяси, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық, діни-дүниетанымдық, тари-хи мәселелерге де баруға, ізденуге, зерттеуге, қорытынды шығарып, ой айтуға, жол табуға, жол көрсетуге тура келді.

Қазақ қоғамының мүшкіл халін, саяси-әкімшілік жүйенің шын бет пердесін «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым,

мінекей» сынды классикалық өлеңдері арқылы суреттеп беруінен ақынның қоғам дертінің бір парасын қайдан келіп отырғандығын аңдатқанын көруімізге болады. Абай өз қара сөздерінде саяси-әкімшілік, басқару жүйесін өзгертуді ұсынуы жайдан-жай емес. Ел мінезін бұзып отырған басты саясаттың бірі екендігін көре біліп, мәселені түбірінен өзгертуді көксейді. Қазақ мәселесінің Абай заманындағы бір шоғыры саяси-әлеуметтік мәселелермен қатар, рухани-діни, моралдық-этикалық, танымдық мәселелер құрайды. Ақын қазақ қоғамын саяси тұрғыдан өзгерте алмайтынына көзі жеткендіктен, халықтың өз ішінде санасының өзгеруін қалады. Сондықтан да, ақын ағартушылық саясатты дәріптеуі, кәсіпке шақыруы, діни, моралдық құндылықтарды оятуы, насихаттауы орынды.

XIX ғасыр жалпы әлемде үлкен жаһандық үдерістердің қарқын ала бастаған кезеңі. Орыс экспанциясы қазақ қоғамын құлдыратты. Жаһанданған заманда ерте оянған Абай орыс ықпалының оңды жақтарын, мәдениеті мен ғылымын, білімін игеруге иек артты. Орыс мәдениеті мен ғылымы арқылы Батыс мәдениеті мен ғылымын сіңіруді көздеді. Жаһанданған әлемде қазақ томаға-тұйық, тек тозығы жеткен салт-дәстүрлер мен жаһанданған бүгінгі күннің талабына жауап бере алмайтын стереотиптерден, жалған құндылықтардан, мінездерден бойды үзіп, дамудың жолына бет алуды үндеді.

Абай өте дарынды ойшыл тұлға, данышпан ғалым. Оның орасан ғалымдығы ұлтты үшін дұрыс позицияны көре, ұстана білуінде. Нигилистік, маргиналдық көзқараспен ұлттың өткен құндылықтарын балтамен шауып, теріске шығарып тастаған жоқ. Диалектиканың заңдылығымен терісті терістеді. Жаһандану үрдісі деп орыстық, батыстық қондырма үлгіні сап еткізіп қазақтың қордалы ауылына қондыра салған жоқ, оған тырыспады да. Абай барлық құндылықты қазақтың төл мәдениетінен, ары кетсе, түрік және шығыс мәдениетінен тапты. Орыстың озық ойлы күрескер-жазушыларынан өз идеясын, қоғамға қалай жеткізудің тәсілдерін, қоғамдық-саяси, танымдық аспектілерін үйреніп, қазақ қоғамының ойын қозғауға ұмтылды. Түптеп келгенде, Абай қоғамдық-саяси, әлеуметтік, танымдық мәселелермен қатар, негізгі басымдықты руханият дүниесіне, ішкі жан дүниесінің тазалығына береді. Ұлы ақын М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде

жалпы педагогиканы екіге бөліп, дене және жан тәрбиесі деп қарастырып, жан көріністерін үш топқа топтастырады: «білу, яки ақыл көріністері, ішкі сезім көріністері һәм қайрат көріністері. Қазақтың данышпаны Абай бұл үш тапты ақыл, жүрек, қайрат деп атайды. Біз бір заттың, яки көрінісінің сынын белгілейміз, заттар, яки көріністер арасындағы байламды, яки айырманы табамыз. Бұл – ақыл ісі. Біз қайғырамыз, қуанамыз. Бұл – ішкі сезім ісі. Біз бір істі істемекші боламыз, бір мақсатқа жетпекші боламыз. Бұл – қайрат ісі» [3. 122 б.]. Адамның діліне сыртқы факторлар қаншалықты әсер етіп, оның іс-әрекетін басқарады, қалыптастырады дегенімізбен, адамның субъективті қасиеттері, ішкі жан дүниесінің тетіктері шешуші орында тұруы керек. Бірақ, адамның өзінің субъективті, жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруы, жетілдіруі бірден бола қоятын дүние емес. Ол үшін жан көріністерінің үш табы: ақыл, жүрек, қайрат аздық етеді. Абайдың жіктеуіндегі «нұрлы ақыл», «жылы жүрек», «ыстық қайрат» қалыптастырылуы керек. Ол адамның тектік нышандарымен қатар, алған тәрбиесіне, өскен ортасына, қоғам мораліне байланысты. Адам өзінің адамгершілік қасиеттерін үнемі оқу-білім, иман, таным арқылы жетілдіріп отыруы қажет. Абай адамгершілік қағидаларын жетілдіру барысында діни философияға, дін этикасына, мораль философиясына баратыны жайдан-жай емес. Адамның қоғамдық-әлеуметтік қалыбы ішкі мінезінен, моральдық ұстанымдарынан туындайды. Ақынның догмалық, ортодоксалды діннің шеңберінен шығып, еркін ойға, дін мен ғылымның түйіскен саласына бой ұруы, әл-Фараби, ибн Сина, Ж.Баласағұни, А.Яссауи, Ә.Науаи, Ғ.Диуани, Кейқаус діннің этикалық, моралдық, адамгершілік, танымдық қырын басшылыққа алатын ғалымдардың ұстанымдарына иек артуы шынайы діннің адамның өзін-өзі тәрбиелеуіндегі, өзін-өзі қолға алуындағы, жетілдіруіндегі, дамытуындағы орнын пайдалануы өте орынды. Әрбір жеке адам өзінше дара, қайталанбас әлем, монада. Ұлт тәрбиесі сынды объективті фактор болғанымен, адам өзінің ішкі дауысы арқылы әрекеттенеді. Сыртқы фактор, қоғамдық сана, әлеумет психологиясы әсер еткенімен, өзіндік «менге» ие, өзіндік «мені» қалыптасқан, жеке тұлға деңгейіне жеткен, ойлана білетін адамның өз көзқарасы, ұстанымы болатыны белгілі. Жеке тұлғаның білімі, танымы артқан сайын

субъективизмі басымдыққа ие болып, қоғамдық санадан алыстай түседі. Абай жеке тұлғаның аталмыш қасиеттерін жетілдіруді қолдайды, соған әрекет етеді. Шығыс ойшылдарының дін мен ғылымның буданынан шыққан адамгершілік ілімін қазақ қоғамына сіңіруге тырысады. Әрине, бұл адамгершілік ілімі біз ойлағандай дайын күйінде, арнайы пән ретіндегі дүние емес еді. Абай көп ойдың ішінен өз халқына, қоғамына ең қажет тұстарын аршып алып келген. Халықтың санасына жететіндей етіп өңдеп, жаңартып, аузына шайнап берген.

Адам жаһанданған қоғамда өз орнын тауып, кәсіп етіп, бақытты өмір сүру үшін, адамның да, қоғамның да, Алланың да алдында таза, адал болуы үшін қандай қасиеттерді басшылыққа алуы керек? Адамгершілік тәрбиесі ұлттық болады ма, әлде адамгершілік тәрбиесі ұлт шеңберінен шығып кетеді ме? Жалпы, адамгершілік тәрбиесі, адамгершілік ілімі ұлт шеңберінен шығып кетеді, жалпыадамзаттық қалыпты ұстанады. Түптеп келгенде, мәселенің осылай қойылуы ақиқат, дұрыс. Ал, жеке ұлттар мен мемлекеттерге бөлінген адамзат қоғамы бұл құндылықты дұрыс түсіне алмайды, бәленің бәрі осы жерден шығады. Дегенмен, шығыс менталитетінің, шығыс моралінің жетістігі деп қарауымыз керек бұл дүниені. Абай айтатын «иманиғұл», «үш сую», «жәуанмәрттілік», «толық адам» нағыз адамдық кемелділік концепциялары. Ал, Абай бұл концепцияларды қазақтық, түркілік адамгершілік ілімінен алып отыр. Жаһандық соғыстарды бастап отырған дүниеқоңыз батыс мемлекеттерінің ұлттық стратегиялары мен идеологияларында адамгершілік іліміне орын жоқ. Тек пайда мен дүниеқоңыздық идеямен кеткен. Ал, біздің ұлттық стратегиямыздың ерекшелігі қанағат философиясына, адамгершілік іліміне негізделуі болса керек. Адамгершілік іліміне негізделген саясат, идеология бейбітшілікке ұмтылады, адамдарды алаламайды, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» дана Абай айтпақшы, ұлтаралық келісім, толеранттылық, бейбітсүйгіштігі, ешқашан агрессия жасамауы қазақ халқының қанына түркілік дүниетаныммен сіңіп, ғасырдан ғасырға ең басты артықшылығы болып келген қасиеті. Абай айтқан адамгершілік ілімін қолға алатын болсақ, біз жеке адам тәрбиесінде де, қоғам тәрбиесінде де ұтамыз. Абайдың адамгершілік ілімінің негізінде ұлттық сана-сезім, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылықтар,

ұлттық мәдениет жатыр. Ол көне түркі дәстүрлі дүниетаным, ортағасырлардағы ислам философиясынан туындаған сопылық дүниетаным, «жүрек», «ішкі дүние», «хәл» және «қал» ілімдері (сопылық дүниетанымның өзі дәстүрлі түркілік дүниетанымнан көптеген нәрселерді бойына сіңіргендігі туралы қазір көп айтылып, жазылып жүр), сопылық дүниетанымды прагматикалық түрде тұтынған ақын-жыраулардың «адам бол» қағидасы Абай шығармашылығында «толық адам» іліміне келіп құяды. Ішкі жан дүние тазалығы, ішкі жан дүниені жетілдіру, арлы болу, қанағат, терең ой концепциялары – қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізгі категориялары, тіректері. «Пайда ойлама, ар ойла», – дейтін Абай аузымен айтылған халық түсінігі қазақтың ұлттық менталитетінің көрінісі.

Ұлттық тәрбие – тірі организм сияқты. Ол үнемі өсіп, өзгеріп, жетіліп, дамып отырады, яғни қоғамдық базиске бейімделетін қондырма. Ұлттық тәрбиенің идеологиялық аспектісі болғанымен, ұлттық тәрбиені идеологиямен шатастыруға болмайды. Идеология саяси өзгермелі болатыны белгілі. Ұлттық тәрбиеде – ұлттық мүдде болуы керектігін де естен шығармау керек. Ұлттық тәрбие ұлттық менталитеттен туындайды дегенімізбен, ұлттық тәрбиені қоғаммен тепе-теңдікте ұстап отыру керек. Екеуінің арасында баланс, үйлесімділік, сабақтастық орнаған кезде нәтижелі болмақ, қоғам өркендеме. Ұлттық тәрбиенің құралы болып саналатын ұлттық тілмен, ұлттық мәдениет мансұқталып жатқан жерде қандай баланс, үйлесім болмақ. Қазіргі қазақ қоғамы мемлекеттік тілге толық көшпейінше бұл баланс орнықпайды. Ділі шала, руханияты шала ұрпақтан ұлттық сана-сезімі де дүбара адам қалыптасады. Дүбара адам ұлттық құндылықтарды мойындамайды, идеалды сырттан іздейді, табады. Ұлттық тәрбие жалқыдан жалпыға, жалпыдан жалқыға екі жақты икемді қатынас жасауы керек қондырма. Сол тұрғыда алғанда, ұлттық тәрбие деген терминнің өзі шартты, абстрактілі дүние деп қарауымызға болады. Тұтастай ұлтты бірыңғай деңгейде тәрбиелеуді жүзеге асыру қиын шаруа. Ол үшін балабақшалар мен мектептерден ұлттық тәрбиенің негіздерімен таныстыру қолға алынып, қазақ халқының ұлттық тәрбиесінің бастауында адамгершілік ілімі жатуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жолдасбекова С.Ә., Жайын А.М. Ұлттық тәрбиенің негізі – ұлттық мәдениет // Зерттеуші – Исследователь. №4. 2010.
2. Абай. Т.1. – Алматы: Жазушы, 1995.
3. Жұмабаев М. Т.3. – Алматы: Жазушы, 2008.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы национального воспитания в материалах творчества великого казахского поэта-мыслителя А. Кунанбаева.

Summary

In given article problems of national education in materials of creativity of great Kazakh poet-thinker A. Kunanbaeva are considered.

Қ.Ө. Тамабаева –

«Жалпы тілдер және қазақ әдебиеті»
кафедрасының аға оқытушысы,

А. Яссауи атындағы ХҚТУ Тараз институты

Т.НҰРМАҒАМБЕТОВ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

Замана жетістіктері негізінде жас ұрпаққа сапалы білім беруді мақсат еткен көпшілік қауым, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы сақтап, жинақтап келген халық педагогикасының асыл мұралары негізінде саналы тәрбие беруді әрқашан жадынан тыс қалдырған емес. Болашақта гүлденген Қазақстанның одан ары қарыштап өркендеуінің негізгі тұтқасы болатын демократиялық қоғамды құратын парасаты ыәм білімді тұлғаларды дайындауда ұлттық тәлім-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор екені даусыз. Озық жетістіктерге негізделген білім нәрімен қатар, ұлттық тәрбие құндылықтарын бойына сіңірген ұрпақтар ғана ұлт тағдырын тереңінен таразылап, болашағын барынша болжайтын тұлға ретінде танылатыны анық. Сондықтан да, халқымыз жастарды әдебиет арқылы тәрбиелеп, баулып, оның жай-жапсарын терең танытып, келешекке бағыт беруде қазақ прозасы арқылы да тәрбиелеген.

Қазіргі қазақ прозасының даму жағдайы кім-кімнің болса да көңілін аудармай қоймайды. Өйткені, туған әдебиетіміздегі белді де белсенді жанр – прозада бүгінгі күннің көкейтесті мәселелері, әлеуметтік проблемалары негізінен айтылып келеді. Осы әдеби қозғалыста өнімді еңбек етіп келе жатқан жазушы Т.Нұрмағамбетов.

Қаламгер өз шығармаларын жазу барысында қым-қиғаш сюжет, елден ерек кейіпкер іздеп әуреленбейді. Әдеттегі өмірдің өзіндей, айналадағы күнде көріп жүрген құбылысты өзіндік шұрайлы да құнарлы тілімен, қарапайым тәсілдерімен тамаша етіп бейнелеп береді. Сол себепті де, оның шығармалары мен ондағы кейіпкерлер адам жанына неғұрлым жақын, күнделікті өмірде өзімізбен араласып бірге жүргендей шынайы, табиғи қасиетке ие болып келеді. Жазушы көркем әдебиеттің табиғатын, әсіресе, әңгіме мен повесті бар болмысымен, ішкі жан дүниесімен терең түсінеді. Өзі өмір кешіп жатқан ортаны, қоғамды, уақытты жіті бақылап, өзсоқпағынан жаңылмай келеді. Қайсыбір көркем дүниелері мен әңгімелеріндегі кейіпкерлер суреткерлік шеберлікпен екшеліп, ұлттық бояумен зерделенген бейнелер. Жазушының әрбір шығармасы мен кейіпкерінің жүріс-тұрысы, қимыл-қозғалысы, сөйлеген сөзі мен істеген ісі шыншыл да нанымды бейнеленетіні соншалық, үлкен сүйіспеншілікпен жазылғанына шүбә келтіре алмайсыз. Оның сомдаған кейіпкерлерінің барлығы да ауыл тұрғындары, сол ауылдан нәр алған жандар. Қаһармандарының мінез-құлқы, сана болмысы ауыл өмірімен ажырамас бірлікте, соған сай қалыптасып дамиды. Ал, халқымыздың

бар ұлттық қадір-қасиеті, ерекшелігі, таным-болмысы сақталған ауыл әр саналы азаматтың көкейіндегі асыл ұғым болып қала беретіні даусыз.

Әдебиет әрқашан халық жүрегімен бірге соғып, замана туралы ой толғап, жаңа бейнелер туғызып отырады десек, қаламгер прозасының идеялық-көркемдік мазмұнына тереңірек ену барысында жаңа бір ізденістердің, қолданыстардың, сипаттың куәсі бола аламыз. Бұл тұрғыда, ұлы жазушы М.Әуезов: «Әрбір даму үстіндегі әдебиет шеберлігі ілгерілеп, үдей түседі де, өзінен бұрынғы ұлттық дәстүрдің бар жақсылығын пайдалана отырып, соған тың жаңалықтар, игі үлгілер қосып, үдете, өсіре береді» [1. 350 б.] , – дейді. Яғни, ұлттық әдебиет – ұлттық идеяға, ұлттық ойға, белгілі бір халықтық ақиқат пікірге ойысып, түйінді тоқтамға келгені абзал десек, бұл ойымыз әрі шындықтан ауытқымай, әрі сауатты болуға тиіс. Талай қаламгер ат ізін салған ауыл өмірін тілге тиек етіп, өзіндік ерекше мазмұнға ие, дара келбет, жеке дидар, бөлек болмысы бар бейнелер сомдаған. Т.Нұрмағамбетов есімінің соңғы уақыттарда сыншылар тарапынан қалыстау қалып отырғандығы өкінішті-ақ. Жазушының қаламгерлік келбеті мен суреткерлік шеберлігін көркем дүниелері арқылы бағамдайтынымыз белгілі бола тұра, жазу үрдісі жағынан Бейімбеттің шәкірті саналатын қаламгерді тұрғыластарының, жас оқырмандардың көбі жете біле бермеуі қынжылтатын-ақ жайт.

Жазушының арнасынан аса асқақтамай, бүлкілдеп ағатын мөлдір тұмадай әңгімелерінің табиғатында адами, табиғи тазалық, адамгершілік суреттеледі. Қаламгер белгілі тақырыптың өзінен бұрын байқалмаған бедер тауып, безендіре біледі. Ол бедер белгілі тақырыптың терең қойнау-қатпарларына бойлатып, шыңырауларынан шым-шымдап сыр суыртпақтап, сонылығымен тәнті етеді. Жазушы шығармаларын талдау арқылы стильдік даралық, жанрды жаңа идеялық-көркемдік ізденістермен байыту т.б. байқаймыз.

Жазушы әдебиетке 70 – жылдардан бастап дендеп араласты. Және батыл кірісті. Осының нәтижесі ретінде Т.Нұрмағамбетовтің 1971 жылы «Жазушы» баспасынан «Қауын иісі» атты тырнақалды жинағы жарық көрді. Бұл кітапқа «Қауын иісі», «Назым», «Жиырма жас», «Менің інілерім», «Перзент», «Жеңеше», «Әже», «Маза-сыз түн», «Құдаша», «Қайықшы» деп аталатын

әңгімелері топтастырылған. Осыдан кейін-ақ оның қаламынан небір көркем дүниелер туындады.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстой: «Жаңа автордың кез-келген көркем шығармасын оқығанда немесе талдағанда, жан сарайымызда ең алдымен: Адам дегеніміз кім? Тылсым күдірет иесі туралы қандай ойлар түйінделеді? Өмір құпиясы жайында не толғамдар айтылады деген сұрақтар мазалайды. Егер, бізге бұрыннан таныс жазушы болса, онда өмірдің қай қырын ашып, қандай жаңа ойлар айтады екен деп ұмтыласың» [2. 22 б.] , – дейді. Осы тұрғыдан алғанда, жазушының прозалық шығармаларының негізгі арқауын қарапайым адамдардың бейнесі, солардың сезім-сағынышы, ұғым-түсінігі, қуаныш-сүйініші және тағдыр-талайы, адамшылық келбеті мен адамдық парызы құрайды. Аузын ашса, көмейі көрінетін, жан сезімі бай, өз басының қадырын басқа жанға керектігімен өлшейтін, нағыз ұлттық сипаттағы қаламгер кейіпкерлері туған әдебиетімізде өзіндік кескін-келбетімен ерекшеленеді.

Т.Нұрмағамбетов шығармашылығы қазақ әдебиетінде қарапайым ауыл адамдарының психологиясын, сана-сезіміндегі әлеуметтік түбірлі өзгерістерді реалистікпен суреттеген Б.Майлинмен көп үндес. Оның әңгіме-повесі «Шұғаның белгісіндегі» лирикалық психологизм мен тұнық та мөлдір реализм іздері мен мұңдалап тұрады. Көркем туындыларында ауыл өмірін жазған басқа да жазушылардан өзіндік қолтаңбасы, лирикалық сыршылдығы мен психологиялық көріністері, астарлы юморымен дараланып, өзгешеленіп тұрады. Көлемі екі-үш беттен аспайтын шағын әңгімелерінің өзінде-ақ, күнделікті тіршілікті көркем түйіндеп, философиялық ой айтуға ұмтылады. Жазушы прозасының ұлттық болмысын сөз еткенде, кең ауқымды ұлттық менталитеті жағынан және ол бейнелеген кейіпкерлер турасында да ауыз толтырып айтуға тұрады. Қаламгер үнемі ізденіс үстінде болды. Өмірдегі әрбір оқиғаларды жіті бақылай отырып, аңқылдаған ақкөңілді де, өз дегенінен қайтпайтын қырсық-қыңырды да, басқа жанға бұрылмайтын өзімшіл тәкаппарды да, түсінігі таяз ақымақты, ашуын сабырға шақыра алмайтын долымен қатар, нағыз адамдық сипаттағы адамды да т.б. бәрін суреттей алды. Әрине, оның шығармаларындағы ортақ тұлға жайсаң да, жазира қасиеттерді

бойына жинаған жақсы адам екендігіне дау жоқ. Жазушы кейіпкердің жан-дүние байлығымен қатар, сезім шынайылығына, көңіл тазалығына, мақсат биіктігіне баса назар аударады. Өмірден өз бақытын өздері іздеген, өз бойындағы қайрат-жігерін мұратына жету жолына бағыштаған әр түрлі кәсіп иелері, қой баққан шопан, қорашы, күзетші, ата-қонысымен біте қайнасып кеткен шал-кемпір т.б. суреттей келе қаламгер олардың бойындағы осы бір саналы қасиеттерді дәл танып қана қоймай, табиғи, шынайы қалпында терең сезімдер арқылы өрнектеп, тәрбие құралына айналдырды. Осы себептен де, оның кез-келген көркем туындысы ұлттық калоритке бай, кез-келген кейіпкері нағыз ұлтжанды болып келеді. Ол халықтық тіл мен әдет-ғұрыптарды жақсы біледі. Бұны жазушының өзі де растай түседі.

«Тіл демекші... Көпшілігі өмірден кетіп үлгерген аулымыздың қарияларының тілдерінің шұрайлылығы мен көркемдігіне мен қазір де таңданып отырамын. Ал бала кезімізде біз оларды тыңдап өстік. Тыңдамасқа амалымыз да жоқ еді. Балалар бөліне қоятындай бөлек бөлмесі жоқ үйде ол кісілердің әңгімелерін тыңдамағанда қайда барасың? Бағыңа тырайып ұйықтап қалсаң жақсы... ұйықтамасаң түн жарымына дейін кейде қызық, кейде мезі етердей болып көрінетін сол гүрің-гүрің әңгімелердің қасиетін біз әрине кейін ұқтық... Аңсадық...» [3. 92 б.].

Осыдан-ақ, қаламгердің шынайы шындықтан шабыттанғанының куәсі боламыз. Т. Нұрмағамбетовтің қаламгерлік қарымы, ауыл өмірін, тіршілік құбылыстарын суреттеудегі өзіне ғана тән қолтаңбасы, болмыс пен бітім, тақырып пен идея бірлігін сақтаудағы идеялық-көркемдік ізденістері замана қоятын талаптарға сай келеді. Суреткер әрдайым уақыт талабына орай тамыры тереңде жатқан ұлттық әдебиетіміздің көрікті бір бұтағы – проза жанрында жемісті еңбектеніп, жаңа сипатты қасиеттерімен танылып, соны көркемдік түр, нақыш, ұлттық тағылым мен рухани ізденістерге бой ұрып келеді.

Әдебиет әлеміне үлкен білім мен даярлықпен кірген өкілдердің, оның ішінде Т.Нұрмағамбетов шығармашылығынан әлемдік әдебиеттегі көркемдік түр мен әдістерді кездестіріп, көркем дүниелеріне жаңа сипат беруге талпынған ізденістерін ұштастырсақ, оған таңданудың реті жоқ. Қолына қалам ұстағалы оқушыға тың ой айтатын, келісті көркем дүние ұсынумен келе

жатқан белді қаламгер өз бетінше ізденіп, үнемі еңбектенумен келе жатқаны ақиқат. «Қаламгер дүниетанымы қалыптасқан, орнықты болған сайын, оның өз мақсаты, идеалы үшін күресі табанды, қуатты бола түседі және түрлі идеологиялар ықпалына бұрыла қоймайды» [4.77 б.], – деп профессор З.Бисенғали айтқандай, бүгінде алпыстың асқарына шыққалы отырған жазушының шығармашылығы кемелді ізденістер мен іргелі өзгерістерге толы болып келеді.

Алғашқы адымынан-ақ, өзіндік стилін осылай таңдаған жазушы қоғамдық ситуацияларды сыпыра баяндаушы емес, ыммен, ишарамен астарлап айтушы, сөз өрнегімен суреттеп беруші. Ол нені жазса да, сабырмен, сара оймен, ізгілік пен адамшылықты тербеген зор тебіреніспен жазады. Оның кейіпкерлері кәдімгі қоспасы жоқ, таза қазақтар. Қаламгердің жалпы көпке ұқсамауының тағы бір қыры еріншектіктің ертеңіне иек артпай, тоқырауға ұрынбай өзі батыл араласқан сөз өнерінде қашанда болмасын өсу, даму жолында келеді. Қай шығармасында да болмасын оның баяндау стилі оқырманды бейтарап қалдырмайды, тақырыптары сан алуан болып келетін дүниелерінде ауыл адамдарының психологиясы, заманға байланысты өзгерісі, салт-сананың, әдет-ғұрыптың әдемі ұлттық өнегелері қызықты да тартымды шертіледі. Бір қарағанда, жазушының баяндауы өте жеңіл, қарапайым, ал кейіпкерлері өмірден көшіріп алғандай болып көрінуі мүмкін емес. Алайда, көркем әдебиетке шын мәнінде өмірдің өзінен ойып алғандай табиғи, соған сай өрнектелген көркемдігі бар шығармалар керек емес пе. Осылай болса, Т.Нұрмағамбетов 30-жылдардағы қоғамдық өмір өзгерісіндегі қазақ психологиясын дөп басқан Б.Майлиннен кейінгі өз заманындағы адамдардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін дәлме-дәл жеткізе білген жазушы. Ол шағын әңгімелері арқылы өмірді анық, әрі айнақатесіз көркем суреттеген және қаламгерше жазылып, әсерлі де, көркем бейнеленген, сол арқылы оқырманға ой салатын туындылар авторы. Сондықтан, сыншылар жазушыны әуелден-ақ, «ауыл өмірінің шынайы суреткері», «ауыл өмірін айнытпай берген» қаламгер деп танығанды.

Қазіргі қазақ прозасындағы ең өнімді жанр әңгіме десек, қателеспегеніміз. Сөз өнерінің бүгіндегі көзі тірі, айтулы өкілдерінің де жаңаша пайым мен ірі ізденістерін осы жанрдан көруге

болады. Әрине, қазіргі қазақ прозасының даму деңгейі тек әңгіме жанрында ғана көрініс тауып жатқан жоқ, өзге жанрларда да зор жетістіктер мен нәтижелерге қол жеткізілуде. Бірақ, әңгіме жанры өзінің уақыт күйіне үндесе жүретін ұшқырлығына орай, өзге жанрлардан оқ бойы озықжүрдесек, артықайтқандық емес. Әдебиеттің басқа тектеріне қарағанда, әсіресе өз табиғатына сай тақырып-талғам аясының кеңдігімен ғана емес, әдеби-көркемдік, мазмұндық-пішіндік, психологиялық-философиялық, әдіс-тәсілдік жағынан да дараланып, жан-жақты, терең ойлылықты, тынымсыз бейнет пен үнемі ізденісті талап ететін күрделісі де қиыны да проза. Осы бір жанрдың ыстығы мен суығына бірдей көніп, бір адамдай тынбай еңбектеніп келе жатқан жазушы – Тынымбай Нұрмағамбетов.

Жазушы таланты мен шеберлігінің көрінісі – өзі терең білетін, зерттеп игерген, мәңгі толғандыратын тақырыбын жазып, оған мейлінше сәйкес түр, жанр таба білуінде. Т.Нұрмағамбетов те өзінің тамаша талантын әңгіме, повестерінде жарқырата көрсетіп, тақырыбын жан-жақты ажарландырып, нұр мен сырға тұнған туындылар тудыра білді.

Әңгіме – қазақ әдебиетіндегі қалыптасқан, өз дәстүрі мен арналы асуы бар жанр. Кейіпкердің адамгершілік мәселесі әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі. Бүгінгі оқырманға бар адамгершілік болмысымен, жан-жақты характерлік қырларымен тұщындыра білетін кейіпкер керек екенін түсінген жазушы шығармаларында адамгершілік, философиялық ойларды желілеп, жаңа қаһарманның бойындағы бұған дейін білінбеген, осы заманға сәйкес өзгеріс сипатын көре білу мен көркем суреттеуге ұмтылды. Қаламгер тынымсыз ізденістер жасап, қаһарманның азаматтық позициясында көрінетін іс-әрекеттермен бірге, олардың рухани әлеміне бойлауды да негізгі мақсат етіп қойды. Мұның өзі адам өмірін шығармасында құр сипаттамай, ішкі жан-дүние сырларын психологиялық тұрғыда көркем түрде суреттеуге ықпал етті. Адамгершілік мәселесі Т.Нұрмағамбетов прозасында қазіргі уақытта одан сайын күшейіп отыр.

Адамгершілік ұғымына адамдарға тән жағымды қасиеттердің бәрі кіреді. Достық, жауапкершілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, кішіпейілділік, әдептілік, жақсылық пен ізгілік, т.б. Бұлар адамның әрбір іс-әрекетінен, қарым-

қатынасынан, ой-түсінігінен көрініс тауып, адам жанын айғақтайды. Т.Нұрмағамбетов өз шығармаларында осы адамгершілікті дәріптеп, бейнелейді. Және, көркем туындының басты мұратының өзі осында жатқанын дұрыс пайымдайды. Себебі, өмірдегі қоғамдық-әлеуметтік, тұрмыстық мәселелердің бәрі де ең алдымен адамгершілік, ар-инабат, имандылық бар жерде ғана өз шешімін таппақ. Осы тұрғыдан қарағанда, қаламгер прозасына кейіпкердің жан дүниесіне терең үңілу, адамдық болмысты жаңа қырынан ашу жолындағы көркемдік ізденістер тән. Қайсыбір тақырыпты қамтымасын жазушы идеясының түп қазығы – осы адамгершілікке барып тіреледі. Расында, адамның ішкі дүниесі неғұрлым тереңірек ашылған шығарманың мазмұны анағұрлым тереңірек болатынын біз көркем шығармаларды оқу үстіндегі өз тәжірибемізден білеміз. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары аз-кем тоқырауға бой алдырған әдебиетіміз ендігі жерде ұлттық санамызды сәулелендіруге барын салуда. Өйтпеген жағдайда, өкініштен бармақ тістеп қалуымыз да ғажап емес. Себебі, ұлттық санасы өше бастаған ұрпақ алдағы уақытта тығырыққа тіреліп жатса, ол мәдениетіміз бен әдебиетіміз үшін ең ауыр соққы болмақ. Бұның кейбір көріністерін айналамыздан кездестіріп те жүрміз. Ана тілін, туған халқының салт-дәстүрін менсінбейтін, дініне немқұрайлы қарайтын жастарды көргенде қынжылғаннан өзге қолынан келері жоқ. Осыны көріп-біліп, көкірегімен сезінген жазушы өз прозасының адамды тәрбиелеудегі рөлін арттыруға барын салғаны әрбір туындысынан мен мұңдалап тұрады. Жазушының сомдаған кейіпкерлер галереясы өте ауқымды. Балалар, жасөспірімдер, аға мен жеңге, әже мен қариялар, замандасың мен құрбыласың, ата-ана мен ұстаз т.б. Нені жазса да, айтса да, белгілі бір нысананы белгілеп алып, пайымды бағамдайтын қаламгер тек ізгілікті, парасатты насихаттайды. Онысы өте нанымды, әрі ерекше табиғи болып шығады. Себебі, оның кейіпкерлері-нағыз қоспасы жоқ қазақтар, кәдімгі ауыл адамдары. Суреттеп отырған оқиғаны, жазатын тақырыбын жетік білетін жазушы оларды жай ғана әңгімелеп бергендей әсерде боласың. Өйткені, ол оқиғамен, адаммен сен кездесіп тұрасың немесе күнде алдыңнан шығады. Бірақ, жазушының шеберлігі сол жеңіл юморын араластыра отырып, күлдіртпей, күлдіре отырып, еріксіз қынжылтпай

қоймайды. Әсіресе, ауылдан шыққан адамдардың қалалық болғандағы қылықтары, көпшілікпен араласқанда қалай өзгеретінін, мансап дегеннің адамды қалай құбылтатынын т.б. жып-жылы юмормен мөлдіретіп суреттеп бергенде айызыңды қандырады. Біздің қазақтың еліктегіш, аңқаулығына күлдіре отырып, күйзелтсе, ақ көңілділігіне, жаратылысына біткен дарқандық қасиетіне сүйсінтпей қоймайды.

Жалпы, қазақ халқының ұлттық негізі, түп-тамыры, нәр алар бастауы ауылда жатыр десек, бұра тартқанымыз емес. Біздің ұлттық ерекшелігіміз әдет-ғұрып, салт-дәстүр, менталитетіміз ауылда қалыптасып, сақталған. Сондықтан да, қат-қабат қала тіршілігіне ауылдан келгендердің барлығы дерлік бірден үйренісіп кете алмай, ұлттық тәрбиенің асыл қасиеттерін сақтай алмай, кейбір атпал азаматтардың өзі бар асылынан жұрдай болып жатқанда, «Әлі шалдың қыздары» Гүлбике мен Нұрбикені қалай кінәларсың. Әлі шал мен Күрмеккүл кемпірдей жандардың перзенттері Гүлбике мен Нұрбикенің тайыздығына, қалаға барған соң соншалықты өзгергеніне сене алмайсыз. Алматыға барып еліктеуден туған қылтың-сылтың қылықтары жаныңды күйзелтеді. Еңбегі еш болған атаны да, екі қызды да аяйсың. Қыздарының өмірді жеңіл ұғатынан қынжылатын Әлі шал перзенттері үшін мазалы. «...Ау, әртіске көнбесе, жазушыға көнбесе, пайғамбардың баласына шығамын деп жүр ме», – дейді ол кемпіріне. Бұл әңгімені оқып отырып та, кейіпкерлерінің аузынан шығатын әрбір сөз бен шағын штрихтарды берудегі автордың ұлттық сипатқа ерекше ден қоятыны аңғарылмай қалмайды.

Қоғам бойындағы тоғышарлық элементтер, оның түрліше көрінісі соңғы жылдар прозасындағы ең ірі тақырыптардың бірі болды. Жазушының адамгершілік бағытындағы әдеби ізденістері көркем әдебиетіміздегі замандас проблемасына тереңдеп барудан, бүгінгі қоғамымыздың рухани келбетін шамалаудағы талпыныстарынан айқындалады десек, Тынымбай Нұрмағамбетов бұл тақырыпқа мейлінше адал қаламгер. Әсіресе, алғашқыда «Жор-

туыл» деп атап, кейіннен «Он екінші палата» деп тақырып қойған «Жәрдемші» сияқты әңгімелерінде адамның тоғышар қылықтары мен жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүргісі келетін кертартпа жандардың бейнесі сомдалады. Ештеңенің байыбына бармастан үстірт ойлайтын, қоғам алдындағы жауапкершіліктен өз басын алып қашып, өтірік қағаз жасатып ауруханада жатқан Жортуыл бейнесі арқылы қоғамдағы азғындық сипатын бедерлейді. Жазушының осындай нәрлі әңгімелері жайлы Қ.Тоқмырзин мынадай тұжырым жасайды:

«Тынымбай халықтық тіл мен әдет-ғұрыптарды, салт-дәстүрлерді өте жақсы біледі. Бұл қасиет шығарманың ұлттық бояуының әбден қанығуына, нағыз халықтық сипат алуына барынша септігін тигізетіні айдан анық. Өмірдің әрбір ұсақ бөлшегінің (деталь) үлкен мәнге ие болып, кейіпкер бейнесін аша түсуге қызмет етуі Тынымбайдың әңгімелерінен тіпті үздік танылады. «Келін», «Бас киім», «Жәрдемші», «12-палата», «Ақ көңіл ұры» т.б. әңгімелерін қазақ қара сөз өнерінің бүгінгі табысы деп ұялмай атауға болатын шығармалар қатарына қосар едім» [5. 6 б.].

Т.Нұрмағамбетов – қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының майталман шеберлері Б.Майлин, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сынды аға буын жазушылардың тағылымды дәстүрлерін ыждаһатпен жалғастырып келе жатқан, игі ізденістерді дамытып, өз шығармашылық қабілетінің арқасында жаңаша қадамдар жасай білген сөз зергері.

Ол қоғамдық өмір мерездерін, халықтың жаман қылығы мен жағымсыз қасиеттерін жазушыдан асып ешкімнің де айтып бере алмайтынын жан-жүрегімен түйсініп, осыдан түйінді ой туғызбақ қамында аянбай еңбек еткен қаламгер. Қаламгер прозасындағы көркемдік-идеялық ізденістерді зерттеу, негізінен оның көркемдік амал-тәсілдерді қолданудағы машық-мәнерін, негізгі идеяны жеткізу мен характер жасаудағы жаңаша даралық сипатын, стильдік ұстанымын айқындауға келіп тіреледі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 350 б.
2. Толстой Л.Н. О литературе. – М.: Наука, 1955. – с.764.
3. Нұрмағамбетов Т. Аптапқа бет алу // Жалын. – 1987. – №1. – 91-94 б.
4. Бисенғали З.Қ. XX ғасыр басындағы қазақ романы. – Алматы: Өлке, 1997. – 268 б.

В данной статье автор на примере творчества Т. Нурмаганбетова поднимает вопрос о важности национального воспитания молодого поколения. В рассказах Т. Нурмаганбетова показаны пути как можно приучить молодежь к хорошим качествам характера и отучить от плохих.

In given article the author on an example of creativity of T. Nurmaganbetov brings up a question on importance of national education of young generation. The ways in T. Nurmaganbetova's stories of how it is possible to accustom youth to high qualities of character and to disaccustom them from bad are shown.



А.Ж. Байоразова –
Абай атындағы ҚазҰПУ Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ-ның жетекші ғылыми қызметкері

Еліміз өз тәуелсіздігіне қол жеткізіп, саяси-әлеуметтік және экономикалық дамудың жаңа кезеңіне қадам басқан уақытында болашақ мамандарды өз халқының тарихын, тегін, салт-дәстүрін, тілін, ділі мен дінін мәдениетін, адами қасиетті терең түсінетін, шығармашыл тұлға етіп тәрбиелеу өмір талабы, қоғам қажеттілігі.

Осыған орай, қазіргі таңда елімізде Ұлттық тәрбие мәселесін қолға ала бастады. Ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған келеңсіз мәселелерді: ана тілін, төл тарихын, қарттар үйлеріндегі ата-әжелеріміз, салт-дәстүрін шала білетін жастар, тастанды жетім балалар мен «қиын» балалар, нашакорлыққа еліткен жастар, жеңіл жүрістілер т.б олардың алдын алып, болдырмаудың және жоюдың негізгі жолы. Бойында ұлттық тәрбие ұялаған ұрпақ дені сау, білімді, парасатты, ұлтжанды болып өседі.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер бүгінгі жастар, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстаздарға жүктелетін міндет өте ауыр» деген болатын. Еліміздің мәртебесінің биік болуы ертеңіміздің иесі жас ұрпақтың белсенділігі мен іскерлігіне тікелей байланысты болмақ. Қазіргі таңда еліміздің келешегі болып саналатын ұлтжанды, елін сүйетін, әдет ғұрпын, салт, санасын қастерлейтін ұрпақты тәрбиелеу басты парызымыз [1].

Бұл мәселелер жастарымызға «Ұлттық тәрбие» беру жолдарының бірі білім беретін ұйымдардың басты міндеті: жекелеген пәндерді оқытуда кіріктіріп, жетілдіруге болады. Тарих пәнінің мазмұнына ұлттық тәрбиенің элементтерін пайдалану арқылы әрбір мұғалім сабақ өткізу қажет.

Тарих – адамзат қоғамының өткен өмірін жан-жақты зерттейтін ғылым саласы.

Тарих пәнінің негізгі міндеттері: өткенге көз жіберіп саралау, өткеннен сабақ алып, қателіктерге бой алдырмау және Отанын, елін сүйетін ұлттық намысы бар азамат тәрбиелеу.

Қазір ұлттық болмысымызды сезініп, біздің де ертеден келе жатқан халық екенімізді, рухани құндылықтарымызды асқақтата айшықтауда қазақстан тарихы пәнінің орны ерекше.

Тарихты оқыту барысында оның білімдік, тәрбиелік міндеттерін толық жүзеге асыруға, алған білімді қазіргі өмірмен байланыстыра отырып, Отанын сүйе білуге (әскери патриоттық, туған жер, атамекенге сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру), ұлттық мәдениет пен өнерге құрметпен қарауға, мемлекетшілдік идеясын қалыптастыру үшін түрлі фактілерді білім алушы бойына дарыту мақсаттары көзделуі керек [2].

Білім алушылардың танымдық қызығушылығының өзіндік мазмұны, ерекшеліктері зерттеушілер үшін қиыншылық

тудырады. Өйткені, танымдық қызығушылықтың дамуы жеке бастың дамуы барысында жүзеге асатын күрделі үрдіс. Тарих сабағында танымдық қызығушылықты дамыту білім алушының айналысатын іс әрекетіне және өмір тәжірибесіне байланысты болады. Сондықтан да, білім алушының танымдық қызығушылығының даму деңгейін нақты жасқа байланысты деп айтуға болмайды. Бірдей жастағы білім алушылардың танымдық қызығушылығының дамуы, бағыты, тұрақтылығы, мазмұны жағынан әркелкі болуы мүмкін. Қызығу өте ерте жастан қалыптасады және оның алғашқы көріну түрі әуестік, құмарлық түрінде болады.

Мұғалім алға қойған мақсатқа жету үшін келесі міндетті шешу керек:

- тарихты оқытуда пайдаланылатын материалдардың тиімділігін анықтау;
- білім алушылардың тарих курсынан білім деңгейін байқау;
- білім алушылардың жас ерекшеліктері мен білім деңгейіне байланысты тапсырмалар дайындау;
- тарихи оқиғаларды баяндауда тарихи хронологиялық жүйелілікті сақтау;
- маңызды тарихи құбылыстарды, тарихи қайраткерлерді, хронологиялық даталарды білім алушылардың есінде міндетті түрде берік қалдыру [3].

Білім алушылардың терең, әрі тиянақты білім беру, оны жан-жақты дамыту, қоғам талабына сай тәрбиелеу сияқты күрделі міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру үшін тарих пәнінің негізі ерекше екенін байқаймыз. Тарихи білімді қалыптастыру, тарихи материалдардың мүмкіндігін пайдалану, көрнекі құралдарды тиімді пайдалану сияқты бірқатар тарихшы әдіскерлердің А.А. Вагин, Н.В. Андреевская, В.Г. Карцов және т.б. еңбектерінің маңызы ерекше. Мұның өзі тарих пәні әдістемесінің қалыптасуына әсер етті. Сонымен қатар, белгілі тарихшы А.М. Панкратованың редакциялық басқаруымен 1942 жылы шыққан «Ұлы Отан соғысы жылдарында тарихты оқыту» деген еңбегі мектеп оқушыларын отаншылдыққа тәрбиелеуде тарих пәні мұғалімдеріне көп көмегі болды.

Білім мазмұнының көздейтін мақсаты ғылым негіздері бойынша оқушылар мен білім алушыларды жүйелі және тиянақты біліммен қаруландыру, алған білімді өмірде тиімді пайдалану және осының негізінде оқушыларда

коммунистік дүние көзқарастарын қалыптастыру сияқты әдістемелік ұстанымдар болды [4].

Тарихты оқыту барысында оның білімдік, тәрбиелік міндеттерін толық жүзеге асыруға, алған білімді қазіргі өмірмен байланыстыруға, өз Отанын сүйе білуге, әскери патриоттық, интернационалдық тәрбиеге ерекше көңіл бөлу қажеттігі қарастырылады. Сабақта Қазақстан тарихының көкейкесті мәселелеріне баланысты білім алушылардың ой өрісі мен ойлау қабілетін, дүниетанымын қалыптастырып, танымдық қызығушылығын дамытуға және өз пікірін қалыптастыруды үйретуге, ойын жүйелеп сөйлеп жеткізуге негізделуі керек. Сабақ тақырыптары қазақ халқының тарихында әлеуметтік, мәдени, саяси дамуға әсер еткен маңызды құбылыстар мен елеулі оқиғаларды қамтуы керек. Мысалы, лекциялар мен семинар сабақтарында төмендегі тақырыптарға нақтырақ тоқталуға болады. Көшпелі өркениеттің пайда болуы және оның адамзат тарихында қосқан үлесі; сақ, ғұн, түркі дәуірі мәдениеттерінің қазақ мәдениетімен сабақтастығы; Еуразия даласындағы көшпелілер құрған ұлы мемлекеттер және олардың тарихи маңызы; Қазақ хандығының құрылуы және оның шекарасының қалыптасуы мен нығаюы; Қазақ халқының көрші мемлекеттермен қарым-қатынасы; Қазақ халқына қайғы қасірет әкелген тарихи оқиғалар; қазақ халқының дәстүрлі құрылымы мен оның отаршылдық кезінде күштеп өзгеріске түсуі; Алаш зиялыларының қызметі; көшпелі өркениеттің пайда болуы және оның адамзат Тәуелсіздік идеясының бастамасы; Екінші дүниежүзілік соғыс және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайына тигізген әсері, Қазақ халқының тарихи-мәдени құндылықтары және т.б [5].

Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарында тарихты мектептен таныс бірыңғай фактологиялық материалдармен оқыту білім алушыларда бұл пәнге деген танымдық қызығушылығын төмендетеді, басады. Тарих формальді түрде оқытуды, жаттандылықты көтермейді. Мектептен тарихты біршама оқып, біліп келген техникалық және кәсіптік оқу-орнындағы білім алушыларды бұл пәнге қызықтыру үшін тарихтың күнделікті өмірден тәжірибе жинақтауда, оның даму заңдылықтарын білуде қаншалықты маңызды екенін, былайша айтқанда, жастарға тарихи білім күнделікті өмір сүруде басты қажеттілікке айналуы керек. Та-

рихты білу аз, тарихты сезіне білу керек, жандүниесімен түйсіну керек. Егер білім алушылар үшін тарих тек құрғақ даталар мен оқиғалардың жиынтығы болса, онда мұндай тарихты есте сақтау ұзаққа бармай ұмтылады. Мұғалім тарихи оқиғалар мен фактілерді, деректерді киноленда тәрізді білім алушылардың көз алдына келтіре баяндай алса ол тірі тарих, түйсінген тарих білім алушылардың жадында мәңгі қалады. Оны тірілту үшін, есте жатталу үшін көркем әдебиет, музыка пәндерімен ұштастыра отырып оқыту керек. Жетпісінші жылдардан бастап қазақ тарихшылары бара алмаған, зерттелмеген тарихи тақырыптарды қазақтың көрнекті жазушылары көтерді. Көркем әдебиетте тарихи тақырыпқа алғашқы болып қалам сілтеген І.Есенберлин болды. Артынша бұл үрдісті Қ.Жұмаділов, М.Мағауин т.б жазушылар жалғастырып, халықтың рухани сұранысын барынша қанағаттандыруға тырысты. Қазақ тарихы ресми түрде қасақана бұрмаланып, аз зерттеліп жатқан тұста қоғам ішінде тарихи шығармалардың құндылығы арта түсті.

Бүгінгі күні де тарихи шығармалар өз құндылығын жойған жоқ. Әсіресе, қазіргі жүріп жатқан жаһандану кезеңінде көшпенділер өркениетіне батыс елдерінің бұрмаланған, шолақ көзқарасы таңылып жатқанда бұл шығармалар білім алушыларға көшпенділердің дәстүрлі өмірі мен құндылықтарын, дала стихиясын түсінуге көп мүмкіндік береді. Сонымен қатар, тарихи шығармалар білім алушылардың рухына ұлттық тәрбие беріп, патриоттық сезімін асқақтататын басты тәрбие құралдары болып табылады. Бұл шығармаларда тарихи оқиғалармен қатар тарихи тұлғалардың бейнесі мен мінезі, дәстүрлі қоғам өмірінен этнографиялық сюжеттер суреттеледі. Бұл суреттерге белгілі бір тарихи кезеңдерге сіңіп кетіп, соның ішіндегі оқиғалардың ортасында жүргендей әсер қалдырады. Мысалы, халық жазушысы Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз» атты шығармасы ХҮІІІ ғасырдағы қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық күресінің тарихына арналған екі томды тарихи роман эпопея. Оның басты кейіпкері Абылайхан, Қабанбай батыр сияқты қазақ халқының бостандығы үшін, елі мен жерін жауларынан қасық қаны қалғанша күрескен есімдері тарих беттерінде қалған ұлы тұлғалар. Осы шығарманы оқыған білім алушылар қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен,

мәдениетімен өмір салтымен, тарихымен бірге әдебиетімен толығырақ танысады. Мысалы, романда хан ордасында кеңестің қалай өтетіні, қандай салт дәстүрдің болғандығы, қазақтардың әскери ісі, маңызды шайқастар мен батырлардың жекпе-жек көріністері, ел тағдыры қыл үстінде тұрғанда нағыз батырлардың аянбай күрескендері туралы оқыған суреттер өздерін сол кейіпкерлермен бірге жауға аттанып, жекпе-жекке шығып, қатар жүрген үзеңгілес ретінде сезінер еді. Көркем әдебиеттің күші де сонда, өмірден өткен тарихи тұлғалар тірі бейнеге айналып, өз өнегесімен әрқашан білім алушының көз алдында тұрады. Сондықтан да, тарихи шығармалар білім алушылардың тарихи санасын қалыптастыруда өте маңызды рөл атқарады. Білім алушыларға тарихи шығармаларды оқуға бірден сабақ басталысымен өзіндік жұмыс ретінде мынадай нақты тапсырмалармен беруге болады: белгілі бір шығарманы оқу барысында тарихи тұлғалардың бейнесін сомдау немесе сонау тарихта орын алған белгілі оқиғаларды сипаттау, ұрыстар мен шайқастардың, жекпе-жектердің көріністерін талдау, түрлі салт дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға байланысты көріністерді табу, қазақ халқының толеранттығын көрсету т.б.

Белгілі бір тарихи кезеңдерге байланысты көркем әдебиет оқымаған білім алушылар тарихи оқиғалар мен шындықты дұрыс бағалай алмайды. Тарихи деректерге селкос, немқұрайлы қарауы мүмкін. Сабақ барысында миллиондаған адам өмірін қиған, қазақ халқының басына ауыр трагедия болып келген тарихи оқиғалар туралы сөз болғанда кейбір білім алушылар бұған елең етпеуі де мүмкін. Қырғынға ұшыраған өз қанымыз, қазақ халқы емес, басқа халықтар тәрізді қабылдауы да кәміл. Бұл біздің білім алушыларымыздың ұлттық сезімі мен намысының әлі ояна қоймағандығының көрінісі болса керек.

Қазақстан тарихын оқыту барысында көркем шығарманы кеңінен пайдалану арқылы білім алушыларға ұлттық тәрбие бере отырып бірнеше мақсатқа қол жеткізе аламыз. Біріншіден, көркем әдебиет – тарихты түйсінуге, терең сезінуге және тарихи сананы, ұлттық рухты қалыптастыруға ықпал етеді. Екіншіден, білім алушылар патриоттық тәрбие алумен қатар, өз халқымен тарихи тамырластық пен тағдырластықты сезінеді. Үшіншіден, көркем әдебиетпен тарихи оқиғаларды эмоция арқылы суреттеліп,

түсіндірілген тарихи білім білім алушылардың жадынан мәңгі өшпейді, көз алдында сайрап тұрады [6].

Сол сияқты, қазақ тарихын оқытуда музыкалық шығармалардың да маңызы зор. Егер тарихи тақырыптарға арналған көркем әдебиет бүгінгі күннің шығармасы болса, тарихи тақырыптағы музыкалық шығармалар өз заманының туындысы, сол замандағы халықтық рухтың ескерткіші іспеттес. Сабақта музыкалық шығармаларды пайдаланудың бір артықшылығы, оларды қандай да тақырыпқа байланысты сабақ үстінде тындап өтіп, алған әсерлерін бірден ортаға салып, талқылауға болады. Тарих сабағында музыка арқылы білім алушылардың санасына үлкен әсер етуге болады. Ол білім алушылардың өзіне әсер еткен тақырып бойынша өздігінен терең ізденіс жасауға апаратын қызығушылық тудыруы әбден мүмкін.

Мысалы, қазақ тарихының өзекті мәселелеріне, кезеңдеріне байланысты мына шығармаларды ұсынуға болады. Моңғол дәуіріне байланысты «Ақсақ құлан» күйін, Қазақ Жоңғар соғысына қатысты «Елім-ай» әнін, Исатай Таймановтың көтерілісіне байланысты Құрманғазының «Кішкентай» күйін т.б. Қазақ тарихында із қалдырған ірі оқиғаларға қатысты ән, күй шығармалары бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Енді сол мұраларды тарихты оқыту кезінде пайдалану білім алушыларға сол заманның лебін сезінуге көмектеседі.

Тарихшы мұғалімдер сабақта және одан тыс уақытта материалдар мен тарихи құжаттар бойынша білім алушылармен өздігінше жұмыстарды тиімді ұйымдастыра алса Қазақстан тарихын оқытуды жақсарту түсуге пайдасы тиеді [7].

Мысалы: Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» білім алушыларға мағлұмат берер болсақ:

Ұлы даланың аса ірі мемлекет басшысы, ханы, заманының ірі реформаторы дарынды қолбасшы, қазақ елін бір орталықтан басқаратын мемлекет құрған, көзі тірісінде «әз Тәуке» (діни ұғым бойынша Құдайдың нұры түскен дана, данышпан адам) атанған, билігін қырғыздар мен қарақалпақтарға да жүргізген, қазақ мемлекетінің құқықтық парламенті – «Билер кеңесін» құрған әз Тәуке хан болатын.

Тәуке хан ұлы реформатор ретінде бүкіл қазақ даласының территориялық тұтастығы мен бірлігін сақтап, бір орталықтан басқарылатын көшпелі қазақ мемлекетінің классикалық үлгісін

жасады. Ал, оны құқықтық жағынан қорғаумен, реттеумен тиімді қамтамасыз еткен бостандық пен еркіндіктің хартиясы «Жеті жарғы» – Конституция [8].

«Жеті-Жарғы» заңында сол кездегі Қазақ қоғамының барлық ерекшеліктері ескерілді. Оларды атап айтатын болсақ:

- «Жеті-Жарғы» заңы Қазақ хандығының әкімшілік жүйесіндегі тайпа және ұлыстарға билік жүргізуші сұлтандар мен төрелердің билігін шектеп, қарапайым халықтан шыққан би-батырларды ел басқару ісіне араластырды;

- әрбір ру-тайпаның көшіп-қонатын көктеу, жайлау, қыстау, күздеу жайылымдарын белгіледі, осының негізінде түрлі қақтығыстардың алдын алды;

- ұшса құстың қанаты талатын ұлан-ғайыр аймақты бір орталықтан басқару үшін, қазақ даласын үш қанатқа бөліп, ұлыс бегі сұлтандарды тайдырып, ру-тайпа мен ұлыстар арасындағы дау-дамайды шешуге қара қылды қақ жарған әділ билерді тағайындады;

- хан ордасының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мың қаралы шамасында төлеңгіттерден арнайы жасақ құрды.

Әз-Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңы халқымызға не берді? дегенді қысқаша түйіндейтін болсақ, біріншіден, әз-Тәукенің «Жеті жарғы» реформасы қазақ пен қырғыз және қарақалпақтың біртұтастығын қамтамасыз етіп қана қойған жоқ, күнделікті тіршілікте ар-ұят ұғымы басты құндылық болып табылды. «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы», «Ердің құны жүз жылқы, ары мың жылқы» деген ұғымдар халықтың қалыпты заңдылығына айналды. Екіншіден, жұртшылық, ағайыншылық, ат майы, қызыл көтеру, асар, қонақжайлық т.б. институттармен молшылықты, байлықты бөліп беруді бекітті. Үшіншіден, ру мүшесі жасаған қылмысқа бүкіл ру болып жауап беру қағидасы енгізілді. Ру – бір организм ретінде қабылданып, оның мүшелері тірі клеткалар болып табылды. Ру мүшесінің әнтек қылығы бүкіл рудың атына кір келтіретін ұғым ретінде қарастырылды. Төртіншіден, көшпенділерде өртеп жіберу, денесін бөлшектеп өлтіру, дене мүшелерін кесу, қазыққа отырғызу сияқты жазалардың қолдануына жол берілмеді. Оның орнына құн төлеу нормасы бекітілді. Егер құн төлеушінің шамасы келмесе, ру болып бодау төлейтін. Бесіншіден, экзогамия, яғни, этностың

Зейнол ағайдың ұстаздық бейнесі – шәкірт үшін адамгершіліктің ең жоғарғы үлгісіндей. Ол келешек үшін тырмысып, өз бойындағы пендешілігін жая отырып, әр шәкіртінің жүрегіне жылу сеуіп, нұр құйған, мәңгілік із қалдырған жан. Ағай дәріс оқығанда қоңыр да, түсінікті дауысымен еш нәрсені назардан тыс қалдырмай, талдау жасап, тереңнен қармап, асыл ойды санамызға берік, нық етіп құюға тырысып отыратын. Ағайдың дәрісін ерекше тағатсыздана күтетінбіз, ыстық ықыласпен тыңдайтынбыз. Зейнол ағай әдебиетке, ғылымға бейім жастарды тап басып танып, ақылшы болып отыратын. Ғылыми еңбектерімізге баға беріп, ризашылық танытып жатса, көңіліміз марқайып, қуанып қалатынбыз. Ол кісінің жылы жүзді, кең маңдайлы, ашық қоңыр дауысымен, ой-өрісінің кеңдігімен, қарапайымдылығымен, кішіпейілділігімен көпшілік қауымды жарқын мінезімен өзіне тәнті ете отырып, жалғыз менің ғана емес, шәкірттерінің біразының әдебиетке деген сүйіспеншілігін одан әрі арттыра түсуіне себепші болды десем де болады. Адамға жылы шырай танытудан шаршамайтын, әр шәкіртімен жастарша сөйлесетін ерекше жақсы, тартымды әдеті бар болатын. Студенттеріне жекіріп, айқайға басып, ұрсып жатқанын көрмейтінбіз. Дәрісін жеңіл, ұғынықты етіп өткізуге тырысатын. Білім көшін жалғастырып келе жатқан Зейнол ағай ұстаздық тұлғасы ел мүддесін өз мүддесінен биік қойған, өмірге үлгі болар, болашаққа жол сілтер, қоғамдағы орны асқарлы биік шыңдар секілді. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау» деген екен француз ойшылдарының бірі. Бұл сөз нағыз Зейнол ағайға айтылғандай. Себебі, жаны мен тәнін бере, өмірінің тұтас бөлігін ұстаздық етумен, ғылымға арнап, тәуелсіз еліміздің болашағының дамуына саналы да, білімді жастарды тәрбиелей отырып, өз үлесін қосуда. Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің болашағы жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі ұлы еңбек, өлшеусіз. Оның еңбегі шәкірті арқылы көрінеді. Сондай ұлағатты ұстаздан тәлім алған шәкірттері қазірде ұстаздық жолдың қиыншылықтарына мойынұсынбай, республикамыздың түкпір-түкпірінде білім алған салалары бойынша абыройлы еңбек етуде.

Зейнол Бисенғали әдебиетші-ғалым ретінде

сілтер тәрбиенің үздік үлгісі. Ешқашан білімін жетілдіруден, ізденістен талмаған талантты ұстаздың еңбегі ұмытылмақ емес және елеусіз қалмақ емес. Оның өмірге құштарлық, қайсарлық, қажырлылық, қарапайымдылық, қадір-құрметпен асқақтау сезімдері тоғыса келе кімнің болса да ерекше ғұмырнамалық ықыласын тірілтіп, оятады. Бұл секілді құдірет жоғары саналы болмысқа ғана тән. Басқаша бағалау мүмкін емес. Олай болса, сіздің денсаулығыңыз зор болып, ұстаздық ұлағатыңыз арта берсін демекпін.

Статья посвящена профессору КазНУ им.Аль-Фараби Зейнол-Габден Бисенгали. В статье говорится о его ценных качествах как человека и преподавателя, о его вкладе в сферу преподавания и науки.

Article is devoted to a professor of KazNU named after Al-Farabi Zeynol-Gabden Bisengali. In the article the author talks about professor's valuable qualities as a person and as a teacher, about his contribution in teaching and science sphere.



Д. Қонаев

К.Ж. Қожахметова –
педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
ғылым және халықаралық байланыстар бойынша проректоры

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ ӘДІСНАМАСЫНДАҒЫ ЭТНОӘЛЕУМЕТТІК-РӨЛДІК ТҰРҒЫ

Әлемде өмір сүру мәдениетін тәрбиелеудің өзекті міндеті – қоғамда тек қана жаһандық жер беті мәселесіне кірісіп қана қою емес, сондай-ақ ғарыштың ғаламдық үрдістеріне де қатысу.

Адамды өмір сүру кеңістігінде кең ауқымда педагогикалық талдау, оны бүкіл әлеммен байланысқан біртұтастық деп түсінуге, сондай-ақ адамды жер шарының ғана емес, ғарыштың бір бөлігі деп ұғу мүмкіндігін береді. Мұндай талдау адамның полюстік-өрісті өмір сүру теориясы тұрғысынан қарастырғанда болашағы бар (В.Шубинский). Оның мәні – қазірше гипотетикалық дәйектерде. Адам негізгі 4 өлшемдерде өмір сүреді: биологиялық, психологиялық, әлеуметтік-технологиялық және табиғи-ғарыштық.

Биологиялық тұрғысы адамның физиологиялық «тән-дене» ерекшеліктері, оның тірі ағза әлеміне кірісетіндігін сипаттайды.

Психологиялық өріс – өмірде кездесетін адамдарға ғана тән емес, басқа да жан иелеріне қатысты психикалық үрдістерге енген (саналы және санадан тыс) психиканы сипаттайды.

Әлеуметтік-технологиялық өріс адамдардың тарихи үрдістерге, техника әлеміне, ғылыми-техникалық прогреске қатынасын, әлеуметтік (қоғамдық) және технологиялық өмір өлшемдерін сипаттайды.

Табиғи-ғарыштық өріс адамның барлық табиғи ортамен, барлық әлемдік үрдістермен байланысын анықтайды.

Философтар көрсеткен адам – біртұтас биопсихо-әлеуметті табиғи ғарыштық жүйе деген теориясымен келісе отырып, полюсті-өрісті теория келешекте педагогикалық теориялар жасауда адамның өмірінің философиялық танымдық негізі болады. Оқыту мен тәрбиелеу негізгі полюсті тіршілікте өмірге адам дайындауға бағыт ала отырып, тұрмыстық қайшылықтарды саналы қабылдап, жолын табуға үйретеді. Әзірше теорияда да, тәжірибеде де мұндай бағдар алу қаралмаған.

«Этнопедагогика», «Этнопсихология»,

сондай-ақ, «Өзіндік таным» пәндерінің мазмұнын негіздеуде ғалымдар соңғы жылдары жетілдіріп келе жатқан адамның био-психо-әлеуметтік мәні туралы идеясының мағынасы зор (В.Созонов). Адамда өзінің мінез-құлқына әсер ететін, ештеңеге бағынбайтын өзіндік даму көздері: өзінің міндеттері, өзінің механизмдері, өзінің тетігі сияқты үш сала тұжырымда қарастырылған.

Осы үш құрамдастықтың бірлігінде адамның жеке адамдық өзіндік даму көзі қалыптасқан. Онда әрқашан «істей аламын», «керек етемін», «қажет» деген үш күш өмір сүреді және күреседі. Субъектінің мінез-құлқының ерекшеліктері қандай да бір салада өте жақсы және өте төмен дамуына байланысты. Бұл бөлімдерді құрылымдық пирамида түрінде көрсетуге болады:

- Төменде салмақты биологиялық бөлім («істей аламын»);
- Жоғарыда (оның астында) аздап психикалық бөлім («керек етемін»);
- Ең жоғарыда, жұқа қабатта әлеуметтік бөлім («қажет»).

Бұл осындай шешім, нәтиже, сондай-ақ қоғамнан берілген, алынған өзіндік тұлға деп аталатын биіктік.

Темперамент биологиялық саланың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады (және оның ішінде хал-жағдайы). Темперамент адамның мінез-құлқына және оның үдемелі конфигурациясына өзін көрсету үлгісіне өзіндік із қалыптастырады. Өмір ағымында темперамент өзгермейді, сондай-ақ, күшті мызғымайтын іргетас іспетті біздің мінез-құлқымыздың тұрақтылығы мен қалыптылығын, өміршеңдігін қамтамасыз ете отырып «бүкіл қабаттардың» жүгін арқалайды. Бұл біздің туа бітті қасиетіміз. Жалғыз-ақ, мұғалімнің қолынан келетіні тәрбиеленушінің жаны мен тәнінің саулығын нығайту. Адамның ішкі дүниесі өзінің ішкі әлемі мен өзіне қымбатты «Мен» деген психикалық сезімі биологиялық іргетасқа тірек болады. Бұл жерде өзін көрсету, өзін байқату, өзін өзі жүзеге

асыру сияқты ішкі жағдайларды қалыптастыруда туа және жүре қалыптасқан талпыныстар, қажеттіліктер, себептер, қызығушылық пен сезімталдық жетекшілік етеді.

Адамның психикалық жағдайын, мінез-құлқының қалыптасуы мен психикалық даму үдерісін анықтауда тіректі био-психико-әлеуметтік қажеттілігін қанағаттандыру (қорғануға, мойындатуға, өзін іске асыруда және т.б.) дәрежесінің зор маңызы бар. Осы аталған қажеттіліктердің қаншалықты толық және жақсы орындалуы, субъектінің өзіндік қарым-қатынасы мен «Мен – тұжырымдамасына» байланысты. Психикалық адамның негізі оның мінез-құлқының ауқымды бөлігін анықтайтын «Мен – тұжырымдамасы». Оның үйлесімді және үйлесімсіз «Мен – бейнесінде» біздің барлық құпия мінез-құлықтарымыз, ерлік істеріміз бен пасық сатқындығымыз жасырын жатыр. «Мен – тұжырымдамасы» адам өмірінің алғашқы күндерінен қалыптасады, солай бола тұрса да оны түзетудің өзі қиын. Бұл үдерісте маңызды орын тәрбиеге тиесілі.

Ақырында әлеуметтік сала қоршаған ортаға қарым-қатынасы сияқты психикалық «бөлімге» бейімделеді, дүниеге көзқарас-сенімдері, көзқарастар, идеялар сияқты жүйе ретінде адамды іс-әрекетке саналы түрде шешімдер шығаруға жетекшілік жасайды. Бұл «бөлім» «Тұлға» деген атаудан тұрады. Бұл кезінде К.Маркс айтқан «барлық қоғамдық қатынастар жиынтығы». Адам болып туады, ол тұлға болып өзінің күші мен еңбексүйгіштігінің арқасында қалыптасады. Сондықтан да біз оны табиғи таланты мен қабілетін арттырып, даралығын өркендете отырып, тәрбиелеуіміз қажет.

Қазақ этнопедагогикасы әдіснамасындағы этноәлеуметтік-рөлдік тұрғы. Оның маңыздылығы адамды жастайынан бастап, өмірінің соңына дейін этноәлеуметтік рөлдерге тарту болып табылады. Негізгі құрал – салттар мен этноәлеуметтік рөлдердің мазмұны. Бұл жерде біз қазақ халқының «Жігіттің үш жұрты бар» деген қағидаға негіздей алып отырмыз.

Біздің тұжырымдамалы тұрғыда әр адам белгілі бір этностың өкілі ретінде этноәлеуметтік рөлдерді игерудің арқасында өзінің дамуында көптеген этникалық сатылардан өтеді. Әрбір этноәлеуметтік рөл белгілі бір этнос өкілінің тұлғалық сапасы мен қызметі, осы рөлді орындауға қатысты міндеттерінің бір түрі болып

табылады.

Қазақ халқы – туыстық қарым-қатынасты бағалайтын және ардақтайтын халық. Осылайша, әрбір қарым-қатынас және іс-әрекеттің өзара қарым-қатынастың белгілі нормаларына (салт-дәстүрлерге) сай қарапайым негізделуі, сырттай салттар мен рәсімдерде көрініс табу арқылы өзінің сабақтастығын көрсетеді. Демек, байланыстың туысқандық түрлері туысқандық қарым-қатынас арқылы, өзінің рөлдік қызметіне сай келетін іс-әрекеттер – бұл этноәлеуметтік рөлдер.

Бұдан шығатын нәтиже, осы кезеңде қазақтың этникалық тәрбиесін жаңғырту, өз халқының ішінде тамырын тереңге жіберіп, мәдениет болып қалыптасқандығы, оның этноәлеуметтік рөлдер жүйесінде, «Жігіттің үш жұрты бар» деген ұстамында, «Қарға тамырлы қазақ» мәтелінде және т.б. көрініс береді деп ойлаймыз.

Осылайша, этникалық тәрбие аясында тұлғаның дамуы этностың субъектісі ретінде этноәлеуметтік рөлдер жүйесін игеру өмір ағымында өмірлік қызмет пен үдемелік үдерістер қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік рөлдерді этноәлеуметтік рөлдер жүйесінде диалектикалық бірлікте игеру, тұлғаның қалыптасу үрдісі мен оның дамуы нәтижесінің негізі болып табылады. Кез келген этноәлеуметтік рөлдерді игеру мен орындау үдерісі тұлға дамуының кіріктірмелі даму сипаттамасы болып табылады. Тұлғаның рационалды, әсершіл, жігерлі, адамгершілікті, сыпайы, тәжірибелі болуы оның этноәлеуметтік рөлдерді орындауда және игеруінде өз көрінісін табады. Бұл жерде, ниет, талап, іс-әрекет және нәтиже біріге біртұтастықты білдіреді. Демек, тұлғаның этникалық тәрбиесінің өлшемі оның белгілі бір этноәлеуметтік рөлдерді толыққанды орындау қабілеті мен дайындығының нысаналы сипаттамасы.

Тәрбиенің этноәлеуметтік рөлдерінің ықпалы қазақта сақталған туыстық қатынастарға және этикалық тәрбиеге өз әсерін тигізе отырып, қазақтың этникалық тәрбиесінің кешенді құралы болып табылады.

- этноәлеуметтік рөлді жақсы игерген адам өзін кез келген ортада жақсы сезінеді, өйткені тұлғалы-рөлдік бағыт бұрынғыдан бері қазақтардың қарым-қатынасының ұлттық этикеті болып табылады. Этноәлеуметтік рөл – адамның өзін-өзі көрсетудегі мінез-құлық және

қарым-қатынас нормасының кешені;

- әр адам туғаннан-ақ этнос мүшесі;
- әр адамда этнос өкілі ретінде туысқандық

қатынастың үш арнасы бар:

- өз жұрты;
- нағашы жұрты;
- қайын жұрты.

Солардың негізгісі – «үш жұрт». «Үш жұрт» ұғымы туысқандықты сақтайтын этноәлеуметтік тұтастық. «Жігіттің үш жұрты» болып патриархалды түсінікке сай айтылғанымен, мейлі ер, мейлі әйел болсын, отау тігіп отбасын құрғаннан бастап, туысқандық қарым-қатынасты үш жұрты арқылы өрбітеді. Үш жұрттың біріншісі – өз жұрты. Оған әкесінен тараған бірге туған бауырларымен қатар, әкесінен арғы аталарынан қосылатын ағайындарына дейінгі туысқандары жатады. Оларды жеті атаға дейін санай бастағанда бір қауым ел болатын ағайын-жұрт. Өз отбасындағы әке мен шеше, ата мен әже, аға мен іні, апа мен қарындас немесе сіңілі, сондай-ақ, өз бауырларының жарасты жұптары: жеңге мен келін, жезде мен күйеу бала, абысындар бір шаңырақ астында туысқандық қарым-қатынас арқылы өз міндеттерін – әлеуметтік рөлдерін атқарады.

Екіншісі – нағашы жұрты: туған анасының төркін-жұрты. Яғни, жиеннің танымы бойынша шешесінің туған әке-шешесі, ата-әжесі, аға-інісі мен апа сіңілілері және олардың жұптары мен балалары. Осы орайда, нағашы ағаның баласы да нағашы іні болып, туыстық қалпын сақтағанмен, нағашы апаның баласы «бөле» деп аталады. Өйткені, оның сүйегі басқа жұрттыкі.

Үшінші – қайын жұрт: жігіт үшін алған әйелінің төркіні немесе әйелдің келін боп түскен жері. Келген келін үшін қайын ата мен қайын ене, қайын аға мен абысын, қайын апа мен жезде, қайын іні мен келін, қайын сіңлі мен күйеу бала т.б. Ал, жігітке қайын ата мен қайын ене, қайын аға мен жеңге, қайын апа мен үлкен бажа, балдыз бен келін, балдыз бен кіші бажа сияқты қайын жұрт деп аталатын туыстар тобы.

Этноәлеуметтік рөлдер «үш жұрт» аясында өз қызметін жан-жақты өрістетеді. Халқымызда «Ағайын жұрт – күншіл, қайын жұрт – міншіл, нағашы жұрт – сыншыл» деген сөз бар. Бұл бір жағынан әлеуметтік-психологиялық сипаттама болғанымен, әлеуметтік-педагогикалық жағынан үш жұрттың адамды тәрбиелеудегі ұстанатын қағидасын көрсетеді. Демек,

қазақтың жігіті немесе қызы үш жұртына жағу үшін үш түрлі ұстанымға сай әлеуметтенуі тиіс. «Күншіл», «міншіл», «сыншыл» ұстаным адамды шыңдайтын аса өткір талаптар.

Өз жұртын күншіл деудің өзі ағайын жұрттың өз адамына деген талабының жоғарылығы. Қазақ тілінің сөздігінде «күншіл – іші тар, қызғаншақ» деген түсінікті береді. Қазақ өз туысы мен өз ағайынына әр ісімен есеп беріп отыруы қажет. Жолға шығарда қоштасып, келсе барып сәлем беріп, іс бастарда ақылдасып, өз тойында ағайынға ерік беріп, олардың тойы мен азасында басқа жұрттан мол үлес қосуы қажет. Бұл талаптан шығу өте қиын, екіншісі бірінің қолынан келе бермегендіктен де өз жұртыңның өкпесіне қаласың. Ағайын арасындағы араздық осы міндеттердің дұрыс орындалмауынан шығады да, «күншіл» деген айып тағылады. Дегенмен, бұл да ағайынмен арадағы этноәлеуметтік қарым-қатынасын реттеудің биік талабы.

«Міншілдік» пен «сыншылдық» талабы жоғары, басқа, өзге жұрттың үлесі. Міншіл саналған қайын жұрт туралы «Жағаңның қызылдығы мен қолыңның ұзындығына қарайды, жуас болсаң жүндейді, мықты болсаң күндейді» дейді. Әлеуметтік тұрғыдан қойылған бұл талапқа төтеп беру, өмір сүру салтында ыңғайын алу, ығына жығылу психологиялық шеберлікті қажет етеді. Құдаласу мен құдандалы-жекжаттық қарым-қатынастың реттелуі – тұтастықты сақтаудың басты кепілі. Этноәлеуметтік рөлдер мен этноәлеуметтік қарым-қатынастардың аса қажеттілігі мен сынға түсер жері осы.

«Нағашы жұртың – сыншыл, Жақсыңа сүйінеді, жаманыңа күйінеді, әрдайым тілекші тілеуқор болып жүреді» дегендейін, сынаудың түбі адал ниет екендігін байқауға болады. «Жиен ел болмас» деп, қайрай сынағанымен, «Қыздан туғанның қиығы жоқ» деп, сыртқа теппей бауырына тартқан. «Қыздың баласын кезек сүй» десе, оның сүйегі басқа екендігін ескерткендігі. «Жиен неге ел болмасын, малы болса» деу арқылы өмірге ынталандырады. Жиен нағашыға еркін, «Жиенді ұрғанның қолы қалтырайды» деп, нағашы жиендер үшін еркіндік педагогикасын қолданады. Демек, нағашы жұрт баланың кішкентайынан тәрбиеленуі мен әлеуметтенуіне өзіндік үлес қосатындығынан да адамның тәрбие мектебінен лайықты орнын алады.

Бұл «үш жұрттың» жігітті немесе қыз баланы тәрбиелеуде өзіндік өмірге бейімдеу,

әлеуметтендіруде, тәрбиелеуде өзіндік педагогикасы, өзіндік психологиясы бар екендігіне көз жеткіздік. Демек, «үш жұрт» мүшелерінің де өз рөлі, өз үлесі бар екендігіне де көз жеткізуге болады.

«Өз жұртың» өзінді өмірге әкелген әкешешен немесе ата-анаң. Бұл жерде «әке» мен «ата» атауы шатыстырылмауы керек. «Ата» да әкенің бір кездегі ресми атауы. Абай: «Атадан алтау, анадан төртеу, жалғыздық көрер жерім жоқ», – деп айтқандай, ата – бұл күнде де әкеге ресми атақ. Бірақ, ата ана сөзімен қатар тұрғанда, әкені ұқтырады да, ата-әжемен қатар тұрып үлкен әкенің атауын береді. Отбасындағы әлеуметтік рөлдерді анықтау үшін толық отбасын түсіндіруден бастайық.

Қазақ отбасында тәрбиеге мейлінше ықпалды ата мен әже рөлдері. Әкеге әке болып келетін тұлға, отбасы педагогикасына ерекше ықпалды бейне – Ата. Беделі жағынан әкеден жоғары, өмірлік тәжірибесі бай, эмоциялық-мейірімділік тұрғыда тәрбие беруді меңгерген, отбасының тірегі. Бала тәрбиесіне үлес қосуға мүмкіндігі бар. Отбасындағы ең үлкен рөл – атаныкі. Өз отбасы мен басқа балаларының, ағайын-туыстың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысатын ақсақалдар этноәлеуметтік қарым-қатынастың реттеліп, этноәлеуметтік рөлдердің сақталуына басшылық жасап отырады. Отбасындағы немере тәрбиесіне ата педагогикасының қосар үлесі мол болмақ. Атада әке мен шешеге қарағанда талап қоюшылықтан гөрі, еркіндік пен мүмкіндік берушілік көп. Ізіне ертіп жүріп үйрету мүмкіндігі көбірек. Ауыз әдебиетімен таныстыру мен табиғат пен қоршаған ортаға бейімдеу арқылы танымын кеңейтетін ата педагогикасы рулық шежіре мен жеті атаны түгелдеуге үйретеді.

Әже – жанұядағы ғана емес, өзінің басқа балаларының отбасындағы қарым-қатынасты реттейтін, балаларды өмірге бейімдеудің қарапайым түрлерін мейірім арқылы жеткізе білетін ақылшы, отбасының алтын қазығы. Салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты сақтау арқылы, отбасылық құндылықтарды дәріптеу арқылы этноәлеуметтік қарым-қатынастарға ықпалды жол көрсетуші. Үй-ішілік жұмыстарды реттеу, ағайын-туыстармен қарым-қатынас, сыйластықты сақтаудың әлеуметтік-педагогикалық орталығы іспеттес. Әже – отбасының иесі, ерекше беделді тұлға. Алай-

да, беделдік пен биліктің басымдығынан әке педагогикасы тәрбиелеуші қызметтен көрі басқарушылығы басым түсіп жатады.

Ата мен әже педагогикасы арқылы отбасында тәлім алған, өмірлік дағдылары қалыптасқан баланың жан-жақты әлеуметтенгендігі мен әлеуметтік рөлдерге бейімделгендігі адамгершілік сипаттарымен көрініс береді. Бұл бір жағы тәжірибелілік нәтижесі болса, екінші жағынан, тұрақты да ерінбей-жалықпай мейірім арқылы берілген тәрбиенің жемісі.

Әке – шаңырақ иесі. Отбасы мүшелерінің жауапкершілігі толығымен ер-азаматқа жүктеледі. «Отағасы» деп аталуының себебі де осында болса керек. Үйге табыс кіргізу, жан басы мен мал басының қамқорлығы, өз балаларын өсіріп-тәрбиелеуге мүмкіндік жасау, ағайын-туыс арасындағы байланыс ер адамның басшылығымен жүзеге асырылуы тиіс.

Әйел – отбасының ұйытқысы. Өмірге бала әкелуден бастап, уақтылы емізіп, бағып-қағып, өсіріп-тәрбиелеу – әйел-ананың тікелей міндеті. Үй-ішінің, отбасы мүшелерінің тазалығы, тамақ дайындау, үй-іші тірліктерін ұқсату, туған-туыстармен әлеуметтік қарым-қатынастар орнату сияқты көптеген мәселелер әйелдің араласуымен атқарылады.

Әке мен шеше – отбасында баланы әлеуметтендіретін басты тұлғалар. Өз перзенттерінің заманға лайық білім алып, тәрбиеленуіне жағдай жасайды. Барлық істе өздері үлгі болады. Шын жанашырлық та туған ата-ананың көңілінен табылады.

Отбасындағы ер баланың рөлі үйде басқа балалардың да болуына байланысты, ата-ананың талабына сай жүктеледі. Ұлдың үлкені отбасындағы балаларға жаппай қамқорлық жасайды. Ұлдың кенжесі «қара шаңырақ» иесі. Ата-анаға етене жақын өседі, себебі, өскенде ата-анамен бірге тұратын кенже ұл. Үйдегі жалғыз ұл анасынан әлпештеу көргенімен, әкенің бірден-бір сенімді көмекшісі болуға тиіс.

Сырттың жұмыстары: отын-су әкелу, малға қарау, жем-шөп дайындау, қора-қопсы, аула тазалықтарын реттеу жүктеледі. Егер үйде қыз бала болмаған жағдайда анасының да үй-ішіндегі жүгін жеңілдетуге тырысады. Базарға, дүкенге барып азық-түлік әкелу, тұрмыстық заттарды қозғау сияқты жұмыстарға, сынған жеңіл-желпі заттарды шегелеу, бекіту, жалғау тәрізді істерді атқаруға үйренеді. Үйде ешкім болмаған

жағдайда өзіне өзі қызмет ете білетіндей (ас пісіріп ішу, кірін жуып-үтіктеу, ине ұстап, түйме қадау т.с.с.) дағдылар қалыптасса айып емес.

Қыз бала табиғатынан-ақ отбасылық жұмыстарды атқаруға бейім болып келеді. Сәби жасынан қуыршақпен ойнатудың маңызы зор. Өз ыдысын жинап үйренгеннен бастап-ақ, дастарқанға не қойылу қажеттігін, қандай ыдыстарға не салыну керектігін білу арқылы үстел жасау, кір жуу, шаң сүрту, гүл өсіру, үй тазалығы сияқты жұмыстарды бірте-бірте меңгеруі тиіс. 12-13 жастан бастап тамақ даярлауды үйреткен дұрыс. Іс тігу, үй-ішін көңілге қонымды үйлестіре қою сықылды жұмыстардың қыз балаға тікелей қатысты екенін ұғындыру қажет. Қыз балаға өмірде жүктелер жауапкершілік аз емес. Отбасындағы басқа балаларға көмекші болып, болысып жүреді. Қызы бар үйдің өзіндік қызығы бар. Сезімталдық пен мейірімділікті отбасындағы өз рөлін меңгеруге негіз ету керек. Қыз баланы балиғат жасына, табиғи өзгерістерге дайындау өте қажет. Ананың немесе отбасында жеңге мен үлкен қыз балалардың оңаша әңгімелесуі, құпия ұстауы, сыр сақтауы маңызды. Бұл үлкен жауапкершілікті сезіндіру өте қажет.

Отбасындағы келіннің рөлі өзінің келген ортасын сыйлау, құрметтеу арқылы үй-ішінің тірліктерін атқаруды меңгерумен басталып, отбасылық қарым-қатынастың реттелуі келіннің іс-әрекетінен көрініс табады. Қайын-жұрттың атын атамау – ат тергеу, үлкенге құрмет көрсетіп, бата алу, сәлем жасап алғыс алу сияқты сыйластық кілті келінде болуға тиісті. Басты мақсат: келген жерінде орнын табу, сыйлай білу, сыйымды болу арқылы өз тамырын жайып, өсіп-өну.

Жеңгелік рөл келіннің келген жеріндегі өзінен кішілерге қамқорлығын көрсетуі арқылы іске асады. Өзінен үлкен болғанымен, күйеуінен кішінің бәрін «қайны-қайынсіңлілер» қатарында қарап, оларға жарасымды да ұтымды және өздеріне ұнамды ат қоюы жеңгенің келген ортасына сіңісуінің басты шарты. Қайныларына қыз таңдауға бағыт-бағдар, кеңес береді. Өйткені, бір шаңырақ астында өзімен абысынды-келінді жақын жүретін, қызметті бөліп атқаратын әйелдің дұрыс адам болып келуіне немқұрайлылық танытпайды. Ақылдасып, қыз көңілін табуға психологиялық нұсқаулар, ұсыныстар жасайды. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген мәтел қайыніні шын қолдаушылардың бірі екендігі. Қыз бала үшін жеңге таптырмай-

тын жанашыр. Өз тәжірибесінен көргені мен түйгенін айта отырып, сыр бөлісетін жеңгелер институтының әлеуметтік мәні биік болуы тиіс. Этноәлеуметтік рөлдің ішінде жауаптылығы жағынан да, жақындығы жағынан да жеңгенің рөлі жоғары.

Қазақ отбасында күйеу бала рөлін алып жүрудің де өзіндік қырлары бар. Күйеу балаға ғана қатысты қайын-жұрттың үлкенінен-кішісіне дейінгі табысу, көңілінен шығу – құдалық қарым-қатынасты реттеудің басты факторы. Үлкен жиындарда күйеу балаға тапсырылатын жұмыстар оның қарымдылығына сай жүктеледі. «Күйеу атымен күл тасы» деген мәтел күйеу баланың қандай тұрмыстық жұмыстарға дейін көмектесетіндігін көрсетсе, оның сыйласымға ие болуын «Әкенің жақсылығы жездедей-ақ» деп бағалаған. Күйеу баланың рөлі қайын-жұрттың ортасында жүзеге асып, баға беріледі. Халқымыз күйеу балаға ағайын арасындағы той-қазада арнайы тапсырмалар жүктегенімен, «Пайғамбарымыз да күйеу баласын сыйлаған» деп, сый-құрмет көрсетіп отырады. Мал сойылғанда күйеу бала үшін арнайы мүше – төс тартып, жеңгелер тарапынан этноәлеуметтік қарым-қатынастықты жүзеге асырып, сыйластықты дамытып жатады.

«Өкіл әке» мен «өкіл шеше» рөлдері де ел ішінде бүгінге дейін сақталған. Төркіні алыс қыз, кәсіп іздеп келген кірме жігіт немесе туған-туысы жоқ жетім-жесірге қазақтың бауырмалдығы мен қайырымдылығы туысқандықтың осындай бір жасанды жолын қарастырады. «...өкіл ағайын болғандар туған әке, туған баладан кем қатынаста болмаған. Өкіл ағайындардың бір рудан болмағы міндетті емес. Кез келген жарлы-жақыбайға, жетім-жесірге өкіл әке болады да, өкіл баласының өз қолы өз аузына жеткенше қамқорлығына алады. Өкіл ағайындардың балалары бір-біріне үйленуге болмайды. «Әкемнің өкіл баласы еді» деп Сисембей деген кісіні әкем өмір бойы қатты құрмет тұтып өтіп еді», – дейді белгілі сәулетші С.Назарбекұлы. Қазақ отбасындағы әлеуметтік рөлдер мен этноәлеуметтік рөлдердің өз қызметін дұрыс атқаруы өзара туысқандық қарым-қатынастарды нығайтып, әулет ішінде, ру мен ел ішінде, жұртшылық қауым мен қоғамның ынтымағына, этномәдени ерекшелік пен ұлт тұтастығына мүмкіндік береді.

Ер бала өз үйінде ата-анасына ұл, ата-әжесіне немере, сырт көз әлеуметке балиғат жасында бозбала, кәмелеттік жасында жігіт, өзінен

үлкендерге іні, кішілерге аға, нағашыларға жиен, қыздың балалары өзара бөле, жеңгелерге қайны, келіндерге қайын аға, жезделерге балдыз, құда-жекжатқа құда бала, қалыңдық қасында күйеу жігіт, қайын-жұртындағы келіншегінен үлкендердің бәріне күйеу бала, қайын-жұрттағы келіншегінен кішілерге жезде, қайын-жұртының күйеу балаларына бажа, әйеліне күйеу, балалы болған соң әке, қыз ұзатып, келін түсірсе қайын ата, құда-жекжатқа құда, немерелі болса ата, жиеніне нағашы ата, шөберелі болса үлкен ата болып әлеуметтік және этноәлеуметтік рөлдерді атқарады.

Қыз бала өз үйінде ата-анасына қыз, ата-әжесіне немере, балиғат жасына келген соң бойжеткен, өзінен кішілерге апа (әпке), өзінен үлкен қыздарға сіңлі, өзінен үлкен ұлдарға қарындас, нағашыларына жиен қыз, қыздың балалары өзара бөле, жездеге балдыз, келіндерге қайын апа, күйеу балаға қайын бике, жеңгелерге қайын сіңлі, құда-жекжатқа құдаша, ұзатылар кезде қалыңдық, келін боп түсер үйдің есігін аттап, бетін ашқан соң келін, қайын-жұртындағы күйеуінен жасы кішілерге жеңге, балалы болған соң ана, өзінен кіші келіндерге абысын, күйеуіне әйел, келін түсірсе не қыз ұзатса келіні мен күйеу баласына ене, құда-жекжатқа құдағи, немерелі болса әже, жиеніне нағашы әже, шөберелі болса үлкен әже болмақ.

Демек, қыз бала да, ер бала да отбасылық өмірде немерелік туыскандықты есептемегеннің өзінде жиырмадан астам рөлдерді меңгеруге тиісті екен. Бұл рөлдер зерделеп отырсақ, «үш жұрттың» аясында қызмет атқарады. Егер қыздың да, жігіттің де үш жұрты болатынын ескерсек, алты жұрт болады. Ал, жұптасқан екі жастың жұрттары төрт жұрт болып қысқарады. Қазақтың дүниетанымында «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деуінің негізінде үш жұрт жатқан болса керек. Халқымыз әлеуметтік рөлдердің маңыздылығын осы мақалдың аясына сыйдырған сыңайлы. Қазақтың тұрмыстық өміріндегі әлеуметтік рөлдер осылайша ерекшелене түседі. Туыстық жақындықтарға байланысты қазақы этноәлеуметтік рөлдер өз сипаттарын заманға сай жақсарта отырып, ұлттық ерекшеліктерді де жоғалтпауға, құндылықтарын бағалауға, оның тәрбиелік маңызын арттыруға үлес қосады.

Біздің этноәлеуметтік рөлдерге көңіл аударуымыздың себебі, балалар қайта жаңғырып

келе жатқан этникалық мәдениет жағдайында қазақ ұлтына бұрыннан-ақ тән туыстық сезімді бойына сіңіріп өссе деген ниет. Әсіресе, соңғы уақыттардағы ұлттық бірігу туралы әңгіме бой көтерген кезде, ұлттық мәдениеттің маңыздылығын мойындай бастаймыз. Бала өзінің этноәлеуметтік рөлін, өзіне: «Мен кіммін? Менің қызметтерім қандай? Менің міндеттерім қандай?» деген сұрақтар қоя, басқалар алдындағы жауапкершілігін сезіне отырып, түсінеді. Әр рөл: ұл, жалғыз ұл, тұңғыш ұл, ортаншы ұл, кенже ұл деген атаулармен бөлініп, кімнің кімнен кейін туылғандығын білдіреді. Бұл оларға артқан жауапкершіліктің бір өлшемі, мысалы, тұңғыш ұл соңындағы іні-қарындастарына қамқоршы болуға жауапты. «Ағасы бардың жағасы бар», «Ағаның үйі – ақ жайлау» деген мақалдар осы ойды дәлелдейді. Сондай-ақ, кенже ұлға да үлкен жауапкершілік артылады, өйткені ол – болашақ «қара шаңырақ» иесі, әкесінің тікелей мұрагері. Қазақ халқы ер баланың өмірге келуіне зор көңіл бөлген халық. Өйткені, ұл – ата-текті жалғастырушы, ұрпақ сабақтастырушы, ерлік пен күштің, ақыл мен жігердің кені, отбасының иесі. Отбасына табыс кіргізу, иелігі мен үстемдігін қамқорлығы арқылы дәлелдеу ер-азаматқа артылатындығы қазақ халқында көбірек сақталып қалған. Осы дәстүрлі аманатты ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде қалдырсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Қазақта үлкен жауапкершілік келінге де артылады. Қыз баланы тәрбиелегенде оның қыз рөлінде болуына баса мән берген. Қазақ қызы! Қазақ қызының тәрбиесіне аса көңіл бөлу, бұл тек қана оның басқа ұлттың қыздарымен салыстырмалы түрде, оның ұлттық ерекшеліктеріне құрмет көрсету емес. Қыз баланың әлеуметтік рөлі ғасырлар бойы сақталған. Бұл «Отаныңды сақтаймын десен ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды сақтаймын десен қызыңды тәрбиеле!» деген Платонның сөзінен көрініс береді. Сондықтан болар, қазақ қыздары нәзіктік пен махаббат, мейірім аясында тәрбиеленді.

Ұядан ұшпай тұрып, қазақ қыздары өздерінің ертеңгі «келіндік» рөлін: үлкен келін, кенже келін немесе жалғыз ұлдың әйелі сияқты міндеттерді игеруге даярланды. Қосылған қосағымен бірге ата-енені құрметтеу міндеттерін бөліп атқаруға психологиялық тұрғыда дайындық жасады. Осындай рөлге ену үшін оған қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлері мен

әдет-ғұрпы көмектеседі.

Бала өзінің этноәлеуметтік рөлін түсіне отырып, әрбір жас ерекшелігі баспалдағынан өткен сайын, бір этноәлеуметтік рөлден екіншісіне өтетін-ді. Бірақ та, ол бір-біріне сәйкес келе бермейді, өйткені, әр отбасының әлеуметтік жағдайы әр түрлі және әр баланың физиологиялық тұрғыда жетілуі де әр келкі, сондықтан да кейбірінің этноәлеуметтік рөлі өзгеріп, отбасын құрады, ал біреулерде бұл құбылыс кейін болады.

Педагогикалық көзқарас бойынша этноәлеуметтік рөл этникалық тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Этноәлеуметтік рөлдік тұрғы идеясын қолдана, қазақ халқының этникалық тәрбиесінің ерекшеліктері мен маңыздылығын анықтай отырып, этноәлеуметтік рөлдік тұрғы қазақ халқында ерте заманнан-ақ бар екендігіне және оның дұрыс нәтиже беретіндігіне көз жеткіздік. Этнопедагогтардың міндеті – этноәлеуметтік рөлдердің тәрбиелік маңыздылығын, оның белгілі бір дәстүрлер мен салттарға қатынасын терең зерттеу.

Қазіргі қазақ мектебіндегі тәрбие жүйесіне этноәлеуметтік тұрғы өте қажет. Ал, тәрбиеге кешенділік жағынан талап қойсақ, онда бір этноәлеуметтік рөлді меңгерудің кешенділігі түрде меңгеру мен іске асыру аясында төмендегіше шешіледі:

- адамгершілік тәрбиесінің міндеттері: адамилық, бітімгерлік, байсалдылық, мейірімділік, үлкенді сыйлау;
- ақыл-ой тәрбиесі мен дүниетаным қалыптастыру мақсатында әрбір рөл тек қана табиғат заңдарын ғана емес, сондай-ақ, қоғамдық өмір, әлем заңдарын қатаң сақтай білуді ұсынады;

- дене тәрбиесінің мақсатында белгілі бір жас деңгейінде тәнін жетілдіруде межеге ұмтылуды ұсынады. Ер балалар үшін бұл атқа міну, садақ ату, ал қыздар үшін әсем де, сыпайы жүріс-тұрыс, симбаттылық;

- еңбек тәрбиесі мақсатында әрбір рөл сәби жастан бастап белгілі бір іскерлік пен дағдыларды игеруді қалыптастырады;

- эстетикалық тәрбие мақсатында рөлді игеру адамның сыртқы бейнесінде ғана әдемілік сезімін қалыптастыру емес, сондай-ақ өзін-өзі ұстауда, тіл табысуда, кез келген істі орындауда, деннің саулығы тек қана тәннің емес, сонымен қатар моральдық салауаттылық қалыптастыруды пайымдайды;

- елжандылық тәрбие мақсатында рөлді игеру туған жердің экологиялық жағдайын ойлау, оны жауығушылардан, сонымен қатар сезімсіздік қатынастардан қорғауды ұсынады.

Қазіргі мектептерде этноәлеуметтік рөлдер мен оны әлеуметтендірумен диалектикалық бірлікте байланыста қарау, әлеуметтік рөлдерге: адамзат, еңбекқор, отбасы мүшесі, Отан қорғаушы ретінде меңгерту мен орындауға дайындау өте қажет.

Қазақ халқының тәрбиесінде ата-ананы асырау жауапкершілігіне баса назар аударылды. Осы идеяның негізінде «Қара шаңырақ», «Кенже ұл» ұғымы жатыр. Бұл идеяларды қазіргі тәрбиенің тәжірибесіне жан-жақты зерттеу мен ендіру қажет. Бұл тұрғыны «Қазақ этнопедагогикасы», «Қазақ этнопсихологиясы» пәндеріне арнайы тарау ретінде қарастырып, сондай-ақ, «Өзіндік таным» пәнінің «Мен – адаммын», «Мен адамдар арасында» бөлімін оқып-үйрену үдерісінде жеткілікті түрде пайдалануы мүмкін.

Резюме

В настоящей статье автор обращается к проблеме познания сущности человека как био-психо-социально-космической системы. Вместе с тем, в качестве важнейшего фактора этнической социализации личности автор выдвигает этносоциально-ролевой подход.

Summary

In the present article the author considers a problem of knowledge of essence of the person as bio-psiho-socially space system. At the same time, as the major factor of ethnic socialisation of the person the author puts forward the ethnic-social-role approach.

**Ж.Сейсенбаева –
филология ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Жаңартпа технологиялар және
білім беру мазмұнын ҒЗИ оқу үдерісін жетілдіру
бөлімінің басшысы**

ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ КӨРІНІСІ

Бала – ата-анасының, отбасының айнасы. "Ұяда не көрсең – ұшқанда соны ілесің" дегенді жиі айтамыз. Десек те, қазір сол айнаға қараған сайын жан ауыртар жағдайлар көп болып барады. Мұндайда "Бетің қисық болса, айнаға өкпелеме" деген сөз еске түседі. Қоғамның, қоршаған ортаның бет-бейнесін жасайтын адам. Заманның да, уақыттың да иесі сол. Онда неге біз, адамдар бойынан өзіміз күткен кісілікті көре алмаған кезде "заманына қарай" деп заманды кінәлаймыз. Ата-аналарымыз қай заманда болсын тәлім-тәрбиеге ерекше көңіл бөлген. Және ұл мен қыздың тәрбиесіне бөлекше қараған. "Қызың өссе ұлы жақсымен, ұлың өссе, қызы жақсымен ауылдас бол" деген де біздің бабаларымыз. Осы сөздердің тамырына үңілсек, тәрбиенің ананың құрсағы, отбасының бесігінен басталатынын аңғару қиын емес. Ал қазір осы тәрбие деген қасиеттің қадірі неге кетіп барады? Неге жастардың, әрине, барлығының емес, әйтсе де, көпшілігінің бойынан кемшіліктерді көбірек көріп жүрміз.

Адам тәрбиені, дүниедегі бар жақсы болсын, жаман қасиеттерді болсын дүниеге келген отбасы – алтын бесігінен, білім алған алтын ұя – мектебінен, өмір сүріп отырған ортасынан алатыны белгілі. Өйткені, адам қоғамнан, қоғам адамнан тыс өмір сүре алмайды. Ал, қоғамда адам тәрбиесі атамыздан қалған ұлттық тәрбие негізінде үйлесе берілгені дұрыс. Қазақ тарихында адам баласын соттау сынды үкім ешқашан болмаған. Сол кездегі «тентек» баласын халық өзіндік үкіммен ақылмен дұрыс жолға қоя білген халық. Ал, бүгінде небір жаза түрлері заң жүзінде қарастырылғанымен, қылмыс түрлері азаяр емес. Себебі неде? Әрине, жаһандану кезеңінде даму үрдісі дұрыс сипатта болуы қажет. Сол үшін де білім мен ғылым түрлері даму үстінде. Бірақ, неге бүгінде жастардың азғындауы өсу үстінде. Бұрынғы атамыз қазақтың тәрбие үлгісінің сыры неде деген сұрақ көкейге ұялайды. Қазақ ұл мен

қыз тәрбиесіне ерекше көңіл бөліп, «Қызға қырық үйден тыйым» деп, бала тәрбиесіне бір отбасы емес, барлық ауыл болып көңіл бөлген. Сол себепті де, тәрбие жайттары дұрыс қалыпта болған. Міне, сол бабаларымыздың ұлттық тәрбиесін отбасы тәрбиесімен білім ошақтарында жалғасын тауып оқыта білсек, жастарымыздың ертеңіне деген сенім дұрыс жолда болары анық. Бүгінгі білім алушы жас – ертеңгі ана немесе әке. Ол алған ұлттық тәрбиелік білімін өз санасында қалдырып қана қоймай, отбасында балаларға құйып елітер болса, егеменді еліміздің жарқын болашағы айқын.

Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында да тәрбиелеген. Яғни, құрсақ тойы, шілдеhana, сүйінші, қырқынан шығару, бесік тойы, тұсау кесер, сүндетке отырғызу тағы басқа салт-жоралғылар қатаң ұсталып, басшылыққа алынып отырған. Отбасы – адам баласының тарихи дамуының барысында қалыптасқан және үздіксіз дамып келеді. Ол алғашқы қауымдық құрылыстың ыдырау кезеңінде пайда болған әлеуметтік топ. Әрқашанда қоғаммен, оның көпсалалы қатынастарымен, рухани байлығымен тығыз байланыста өмір сүріп келеді. Сол себепті, отбасы қоғамдық мақсат негізінде өмір сүретін адамның алғашқы адамгершілік әліппесін үйрететін мектеп болып есептеледі. Осы киелі ұяда тәрбиеленген баланың тәртібі, өзін-өзі ұстай алуы, өзгелерге деген көзқарасы, өзін-өзі тәрбиелеуі, мінез-құлқы ата-анасының берген тәрбиесіне байланысты болмақ. Бала үшін дүниедегі ең қымбат жандар ата-анасы. Ата-ананың аялы алақанын, ыстық құшағынан балаға дүниенің есігі ашылады, ал оның дүниетанымы, олардың берген тәлім-тәрбиесіне де қатысты болмақ.

XX ғасырдың 30-жылдарында халықтық педагогика ғылымының дамуына ерекше мән беріп,

оның дамуына және ұлттық тәлім-тәрбие ілімінің қалыптасуына зор үлес қосқан қазақ халқының ағартушы-педагогтары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов сынды тағы басқа ұлт жанашырлары еңбектеріндегі отбасы тәрбиесіне байланысты ой-пікірлері болашақ жастарға мұра.

А.Байтұрсыновтың мына бір пікіріне назар аударыңыз: «Баланы бастан тәрбиелеу деген – баланы жас басынан дұрыс тәрбиемен өсіру деген сөз. Дұрыс тәрбиемен өскен бала тіршілік ісіне икем, бейнетіне берік болып өспек. Дұрыс тәрбиенің асылы – баланың жанымен, тәнімен керек деп танылған істерді бала табиғатының әуенімен істеу, сол дұрыс тәрбие болады» [1. 28 б.] деп ой бөліседі.

Ал, М.Жұмабаев болса, тәрбиені төртке бөлген, олар: дене, жан, ақыл және сұлулық пен құлық тәрбиесі. «Егер адам баласына осы төрт тәрбиетегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны. Егер де ол ыстық, суық, аштық, жалаңаштық сықылды тұрмыста жиі ұшырайтын күштерді елемейтін мықты берік денелі болса, түзу ойлайтын, дұрыс шешетін, дәл табатын ақылды болса, жамандықтан жаны жиреніп, жақсылықты жаны тілеп тұратын құлықты болса ғана адам болғандығы. Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені дұрыс орындасын...» [1. 32 б.] деп ата-аналарға үлкен талап қойған.

Отбасынан алған тәрбие балабақшадағы тәрбиемен, одан мектеп тәрбиесімен жалғасын табады. Мектеп тәрбиесінде ұлттық тәрбиеге, мемлекеттік тіл мен қоғамдық ой-мақсаттарға ерекше көңіл бөлінеді. Мектепте ақыл-ой, дене, адамгершілік тәрбиесіне, еңбек тәрбиесіне, экологиялық тәрбиеге, эстетикалық тәрбиеге, отансүйгіштік тәрбиеге, халықаралық достық тәрбиесіне көбірек көңіл бөлініп, бәрі ұлттық тәрбиемен (халық педагогикасымен) байланысты жүргізіледі. Қалай тәрбие берсең бала соған қарай бейімделіп, сол арнаға түсіп жүре береді. Оны көп ерік-жігердің, қажыр-қайраттың арқасында түзеуге тура келеді.

Отбасындағы бала тәрбиесі бүгінгі таңда ғылым мен технологияның даму әсерінен өзгеріске ұшырап бара жатқаны белгілі. Бала ата-ана тәрбиесінен гөрі теледидар мен интернет тәрбиесін алып жатыр десек те болады. Сонда біз болашақ ұрпағымызды тәрбиелерде нендей бағыт ұстауымыз қажет деген ой көкейге ұялайды. Осы жолда бұрынғы дана Абайды

тәрбиелеген әже тәрбиесі, Шоқанға әсер еткен Айғаным тәрбиелері бүгіндегі ата-ана мен әже аталарымыздың ескеруінде болмауы. Яғни, біз балаға ертегі айта отырып, жаттау жаттатқызып, білім мен тәрбиені егіз ұғымда қатар жолға қояр болсақ, отбасындағы ұрпақ тәрбиесі дұрыс жолға негізделері анық. Сонымен бірге отбасы тәрбиесіне байланысты бүгінгі тұрғыда ұлттық тәлімдік тәрбие жолының біраз түрлерін ұсынып отырымыз. Ол үшін біріншіден, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Одан кейін әртүрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру. Үшіншіден, халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату. Бұл балаға әсер ететіні соншалық патриоттық сезім оған қалай ұялағанын өзі де байқамай қалады. Одан кейін қазіргі кезде бала тәрбиесіне келгенде ата мен әженің ролі сәл төмендеп кетті деп жатамыз. Бұрын баланы бүкіл ауылы, руы болып тәрбиелесе, қазір ата мен әженің ролі шынымен де тәрбиеге келгенде сәл бәсеңсіген. Бұл ауылда болсын, қалада болсын байқалып жатқан соңғы құбылыс. Алдына отырғызып, еркелете ертегісін айтып, жетектеп жүргенінің өзінде де онша көңілін тола бермейді. Себебі кейде, әсіресе қалалық жерде қасынан өтіп бара жатып немересімен орысша шүлдірлесіп бара жатқанын көріп, қарның ашады, бас шайқайсың. Ал, ауыл болса, оның жайы мүлде басқа. Орысша сөйлемегенмен, ақылдың майын тамыза өнеге, өсиетін, ертегісін сарыла айтатын ата мен әжелер де азайған. Әркім өзінің жан тыныштығын ойлайтын заман болып кеткен тәрізді. Тәрбиені шал мен кемпірге бердік деп, артынан көңілдері толмай кінәлап жатқан жастарды да кездестіреміз. Бұл жерде біз мәселені шал мен кемпірдің тәрбиесінің нашар болуында деп емес, қандай шал мен кемпірде екендігінде деп айтар едік. Қалада да, ауылда да немересіне ертегі айтып, ән-жыр, күй тыңдатып, өсиет-өнеге беріп отыратын ата, әженің қатары сирегені рас. Өйткені, қазіргі 60-70 жасқа толған ата-әжелеріміздің өздері Кенес заманында тәрбиеленіп халық тәрбиесінен оқшау қалған жандар. Сондықтан сексен сөз сөйлеп, артына сегіз ауыз сөз қалдырмаған ата, әженің кебін өзіміз киіп отыратынымызды ескеріп, қазірден көшті түзей

ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

беру керек. Бұл көшті түзеу үшін жас балаларға және ата-аналарға арнап республика көлемінде көп тиражбен халықтың ата-мұрасынан қалған құнды ертегілер, мақал-мәтелдер жалпы ауыз әдебиеті үлгілерін бала сана-сезіміне лайықтап, қалыптасқан шығармаларды сұрыптап, шағын

кітапшалар етіп шығару қажет.

Отбасындағы бала тәрбиесін қалыптастырудағы жас ерекшелігіне қарай төмендегідей ақыл-кеңестер қатарын ұсынып отырмыз.

Қараңыз: **Сызба №1**



Сызба №1. Отбасындағы бала тәрбиесі.

Бала тәрбиесінің бастауы отбасындағы ұйытқылық пен ұлттық қадір-қасиетпен негізделеді. Ата-бабамыздың бала тәрбиесіне жіті мән беріп, дүниеге келген нәрестені бесік жырымен бөлеп, нәрсеге кезінен ертегімен сусындата тәрбиелеуінде үлкен мән жатыр. Сондай тәрбие нәрімен сусындап өскен бала ойы жетік, тіл байлығы қалыптасқан саналы, өз ұлтының нақыштарын жететүсінетін ұрпақосындай тәрбие негізінде қалыптасады. Әрине, бұрынғы кезеңде де тәрбие беру әрқилы болғаны анық. Себебі, ұлы Абай атамыз қазақ отбасында баланы жасынан алдап түбінде өтірікшілікке, сұм адамшылыққа баулып үйрету сынды тәрбиеге қайшы келетін тұстарды айтып өткен. Ондай кемшіліктерді ол өз қара сөздерінде былай деп сынға алады: «Әуелі баланды өзің алдайсың, «ананы берем, мынаны берем» деп бастап, баланды алдағаныңа бір мәз боласың. Соңыра балаң алдаушы болса, кімнен көресің? «Боқта» деп біреуді боқтатып, «кәпір қияңқы, осыған тимеңдерші» деп, масаттандырып тентектікке үйретіп қойып, сабаққа бергенде молданың ең арзанын іздеп, «хат таныса болды» деп, «ку, сұм бол» деп тірі жанға сендірмей, жат мінез қыласың. Осы ма берген тәлімін? Осы баладан қайыр күтесің бе?» [2. 235 б.] – дейді. Бұндай келеңсіздіктер бүгінгі таңда да көзі ашық, көкірегі ояу отбасыларында да кездесіп жатаныны рас. Біз бала тәрбиесіне кейде тереңнен қарамай үстірт қарайтын кездеріміз болады. Яғни, баланың тіліне қызықтап небір жаман сөздерді үйретіп жатамыз. Баланың сана-сезімі, ақыл-ойы осы нәресте кезінен қалыптасатынын естен шығаратын тұстарымыз кездеседі. Ал, біздің ата-бабамыздың ұлттық тәрбиесі – осындай бала тәрбиесін жете ойлап, жан-жақты қарастырып, тәрбие бастауларын нақтылап, негіздей білгеннен көрінген. Шеген Ахметов: «Ежелгі Қазақстандағы тәрбие ісі негізінен, басты-басты сегіз түрлі мәселені қамтыған. Біріншіден, тәрбие басы әдептілікке үйретуді көздеп, әдепті бол дегенді басты міндет етіп қойған. Екіншіден, мейірімді болуға тәрбиелейді. Үшіншіден, тілалғыш, елгезек бол деп үйретеді. Бұл еңбекке баулудың алғашқы көрінісі болатын. Төртіншіден, адалдық пен шындыққа баулуды көздеген. Бесіншіден, білгір бол, ұстаз бен ғалымдардың, көпті көрген данышпан қариялардың сөзін тыңда, ақпақұлақ болма, құйма құлақ бол дегенді бойларыңа сіңіре берді. Алтыншыдан, үлкенді, ата-ананы сыйлауға

үйретуді басты міндет етіп қойған. Жетіншіден, кісі айыбын бетіне баспа – дейді халық тәрбиесі. Бұл кемшілікті айтпа деген сөз емес, қаріп-қасерлердің табиғи кемдігін (мұрны пұшық, көзі қисық, аяғы ақсақ деген сияқты) көрсетпе деген сөз. Сегізіншіден, ел қорғаны батыр бол, халық алдында қызмет ет, бар өнеріңді соған жұмса дегенді үйретеді [2. 235 б.] – дейді.

Бала тәрбиесіне байланысты көптеген ғалымдар еңбектер жазып, білім беруде. Ұлттық тәлім-тәрбие беру ісін қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдық жүйелер арқылы ұйымдастыру және басқару жолдарының педагогикалық мәні мен әдістемелік қырын дамыта түсу жағы әлі де өз деңгейінде қарастырылмай отырғаны белгілі. Сол себепті, баланы ұлағатты азамат – «толық адам» етіп тәрбиелеу үшін ата-аналардың өздерінің де сол дәрежеге сай, үлгілі, өнегелі болуын талап етуіміз қажет. Баланың өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Сондықтан да, тәрбиені – алдын ала жасалған арнаулы жоспар бойынша бағыттап және ұйымдастыра жүргізген дұрыс. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен ұя, ал бас ұстазы – ата-ана. Бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы да ата-анасы. Отбасы тәрбиесінің ерекшелігі сонда, оны қоғамның ешқандай саласы да ауыстыра алмайды. Сәбиді тек дүниеге келтіріп қана қоймай, оған елімізге пайдалы, саналы етіп тәрбиелей отырып, мәдени-әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдату, ата-бабасының, ақыл-кеңес тәжірибесін бойыңа сіңіру, қоршаған ортасына, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу бүгінгі күннің талабы. Баланы өсіріп, оны азамат етіп тәрбиелеу – елдік мәселе. Қазіргі кезеңдегі саяси, экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы, тұрмыстағы күйзеліс, ұлтаралық қатынастардың шиеленісе түсуі, адамгершілік құндылықтардың құлдырауы, білімге, адал еңбекке деген ынтасының азаюы, отбасын құруға жауапкершілікпен белсенді қарамауы, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің бел алуы т.б. мәселелері жастар тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Сонымен қатар, қазақ халқының әріден келе жатқан мәдениетін тәрбие нақыштарымен білім беру жүйесімен негіздеу бүгінгі күннің басты бағдары, талабы десек те болады.

Тәуелсіз елдің ұрпағына мәдениет пен ғылым, тәрбие мен білім берудің жолында жеткен жетістіктері жеткілікті. Және де ол үздіксіз даму

«Отан отбасынан басталады» деген де жанұядағы ұлттық тәрбиенің түп төркіні. Ел келешегі жас ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Өйткені, бүгінгі күннің жастары ертеңгі халқына қызмет ететін азаматтар болады. Сондықтан да, намысы, қажыр-қайраты бар ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Жаңа ұрпақтың көкірегіне тәрбие, білім нәрін еге отырып, елдігімізді қайта жаңғыртып, адамгершіліктің дәнін ексек, ана тілін бойына дарытып, ұлттық рухта тәрбиелесек, нұр үстіне нұр жауып, еліміз көркейіп дамитынына сенім молаяры сөзсіз.

1. Бөлеев Қ. Қазақ этнопедагогикасы – ұлттық тәрбие берудің негізі. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2008. – 160 б.
2. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. II-том (XX ғасырдың 20-жылдары мен 1995 жылға дейінгі кезең): Кұраст: Қ.Жарықбаев, С.Калиев. – Алматы: «Рауан», 1998. – 416 б.

В статье освещены вопросы семейного воспитания подрастающего поколения. Определены некоторые составляющие акценты семейного воспитания, их значение и роль в формировании национального духа.

In the article questions of domestic education of rising generation are taken up. Some compose accents of family education, their value and a role in formation of national spirit are defined.



ОТБАСЫ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ

тәжірибесін бойына сіңіріп өсуінен бастау алады.

Тәрбиенің негізгі өзегі – ұлттың рухани қазынасы десек, қазіргі кезде ұрпақты ұлттық мәдениетке сай, халықтық дәстүрде тәрбиелеу маңыздылығына көңіл бөлінбей отыр.

Жалпы, баланы өмірге келгеннен бастап, біртіндеп адам ретінде қалыптастыратын құрал – тәрбие. Тәрбиенің алғашқы кірпіші отбасында қаланады. Ата-ана баланың қамқоршысы, еститіні жақсы болсын, жаман болсын, солардың ақылы, істейтіні солардың тәрбиесіз, жақсы-жаман болып өсуі ата-анаға байланысты. Әке-шеше бала алдындағы айна іспетті, соған қарап бала бойын түзейді, ойын тәрбиелейді. Баланы өмірге әкелгеннен кейін дұрыс баға білу ата-ананың

міндеті. Бала өмірге келгенде не көруді, не естуді білмей, ақыл есі әлі кірмеген, еш нәрседен хабарсыз адамның кішкентай бөлшегі ғана. Жарық дүниенің есігін алғаш ашқан нәрестені жаңа өмірдің алғашқы баспалдағын қалай басудан бастап тәрбиелейтін әке-шеше. Ата-ана баланы материалдық жағынан қамтамасыз етіп отырумен қатар, балаға үнемі жол көрсетіп, әр ісін қадағалап, әрекетке жұмылдырып, жақсы әдетке үйрету, жаман әдеттен жирендіру, оңын-солын таныту, әр істің дұрысына баға беріп, көзден таса қылмай қадағалап отыру, қалай сөйлесу, қалай дұрыс жүріп-тұру керек, үлкенді сыйлау, алдынан қия өтпеу керектігін ақыл ретінде айтып отырса, айтқанда да ертеңнен кешке дейін отырғызып алып, құлағына қақсай беру емес, сол ақыл сөзін жүріс-тұрысымен, әдемі сөзімен көрсете білсе, осы жақсы қасиеттер баланың құлағына сіңе береді. Үлкейген сайын есі кіріп, ақылы жетілгеннен кейін, құлағына сіңген ақыл бойына дарып, қанына бойлап, жаман істі істеуден аулақ жүреді. Бала әр нәрсеге еліктегіш келеді. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» деген аталы сөз бар. Бала, әсіресе жаман әдетті қағып алуға бейім тұрады. Баланың бағын ашатын жақсы тәрбие болғандықтан, жақсы тәрбие бере білудің өзі үлкен бақыт. Бір үйде қанша бала болса да баланы өсіріп, адам ғып шығару оңай іс емес. Қанша күш-қайрат жұмсалады. Бірақ әр қиыншылықтың бір жақсылығы бар. Сол ауыртпалықтың бір қуанышы бала жақсы тәрбиеленсе әке-шешенің бағы, қоғамның жақсылығы, ал жаман болса ата-ананың да, қоғамның да соры емес пе?!

Қазақта «Бала берсең сана бер, сана бермесең ала бер» деген мағыналы ұғым бар. Әрине, баланың санасына да байланысты, дей тұрғанмен де тәрбиенің негізгі отбасынан басталатыны тарихи-әдеби еңбектерде анықталған.

Бала ата-анасына еліктейді, солардың мінезіне салып сөйлеуге тырысады.

Солар сияқты жүріп-тұрғысы келеді. Баланың арқасүйерлері ата-ана болғандықтан отбасының үлгілі болуы бірінші орында тұру керек. Бірақ бес саусақ бірдей емес. Көпшілік болған соң кездесуі мүмкін. Өкінішке орай, балалардың алдында өздерін үлгі тұтар тұлға екенін сезініп, алдымен өздерінің тәрбиелі болуын түсіне бермейтін, бала тәрбиесіне немқұрайды қарайтын ата-аналар кездеседі (Әрине, бәрі сондай деп көпшілікке топырақ ша-

шудан аулақпын). Бала отыр, шаға отыр демейді, арақ ішеді, мас болғаннан кейін аузынан былапыт сөз шығуы мүмкін. Темекі тартады. Ол тартылған темекінің далада жатқан қалдығын ойнап жүрген бала аузына салып көреді. Осындай істерді істеп отырған әке-шеше баласына «сен мынаны істеме» деп қалай айта алады. Бала мұндай іске ата-аналарынан қорыққанынан бармауы мүмкін. «Көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді» демекші, бала өз еркімен бас тартпағаннан кейін үлкейе келе әке-шешеге көрсетпей істеуі мүмкін. Осындай жаман әдеттер баланың қасіретіне айналмасына кім кепіл.

Қазір жастардың арасында, әрине, бәрі емес арақ ішу, темекі тартуы, анашаға бой алдыруы, үлкенді тыңдамау, сыйламау, әсіресе, қыздардың темекі тартып, қарындарын ашып жүру, тырнақтарын барынша сояудай ғып өсіруі кездесіп қалады. Арақ бүкіл жаманшылықтың анасы екенін біреу түсінсе, біреу түсіне бермейді. Ол аз болғандай, көшеде тапайдың тал түсінде қыз жігітке асылып, сүйісіп тұрады. Жанынан өтіп бара жатқан үлкеннен имену, кішіден қысылу дегеннен жұрдай, оған қарап аузы ашылып қызық көріп бара жатқан бала одан қандай тәрбие алады. Бала өсіп тұрған тал сияқты, оған күнде су құйып, күтіп, баптап, қарап тұрмасаң қисық өседі. Бала да тал сияқты күтімді керек етеді. Күнделікті қарамаса бала да қисық өседі. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», – дейді. Дұрыс тәрбие алмаған баладан барлық жамандықты күтуге болады. Қыздардың тырнақ өсіруі денсаулыққа әсер етіп, тазалыққа зиянын тигізеді. Әрине, тырнақтың жан-жағын әдемілеп өзіне лайық боясың, оған қарсылық жоқ. Адамның жиі қимылдайтын негізгі мүшесінің бірі қол болғандықтан, әр нәрсені ұстаған сайын тырнақтың астына кір, шаң, тозаң жиналады. Ол барып тамаққа түседі. Жалпы, тырнақ өсіру қазақы ұлттық дәстүрде жағымсыз әрекет екені, әсіресе балаларға арналған ертегілерде көрсетілгендей адамдарға қастық жасайтын ұнамсыз кейіпкерлердің мыстан кемпір, жалмауыз кемпірлердің тырнақтарының аюдай болып суреттелуі жайдан-жай емес. Қыз бала ертеңгі – ана. Өмірге келер ұрпағына қалай үлгі көрсетпек, үй шаруасын қалай атқармақ? Немесе қазақ өзіне ұнамаған, азып-тозған адамды шашы өскен, тырнағы өскен деп айтып жатпаушы ма еді?! Тырнақ өсіру пасықтықтың, салақтықтың белгісі.

Қыз баланы атамыз қазақ «жатжұрттық» деп құтты орнына қондырғанша сыйлап, әлпештеп «Қызға қырық үйден тыю, қала берсе, есіктегі қара күннен тыю» деп жаман әдеттерден тыйып отырған. Жастардың осындай жаман әдеттерге баруы әке-шешенің о бастағы бала тәрбиесіндегі жіберіп алған қателігінің көрінісі деп түсінуге болады.

Баланың жас кезінен алатын жақсы әдет, үлгі-өнегесінің бәрі халықтың өзі қалыптастырған бесік жыры мен ертегісінде жатыр. Тәрбие - тал бесіктен басталады десек, баланың бойына өз халқының рухын сіңіріп, тілімен сарқылмас бай мұрасын дарытуда бесік жырының атқарар қызметі орасан зор. Бірақ, бесікке бөленген бала жырдың сөзін түсінбегенімен жайымен тербелген бесікке «Бесік әуені» үйлесімді келсе, бала естиді, тыңдайды, ләззат алады, балқып ұйқыға кетеді. Бірте-бірте соған дағдыланған баланың есту қабілеті дамиды. Бесікке бөленген баланың дене мүшелері де мығым, тік, сұлу болып өседі, таза, жылы жатады. Бесік жырынан нәр алған бала үлкейе келе ой-өрісі кеңейіп әжелер айтып отыратын ертегіні естуге құмарланады.

Халықтың өмір тіршілігінің қайнар бұлағы болып ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ертегі, аңыз-әңгімелерде баланың ой-қиялын ұштайтын, дүниетанымдық қасиеттерін жетілдіретін, баланы әлемдік деңгейде тәрбиелейтін маңызды тәжірибелердің бәрі орын алған. Халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, еңбексүйгіштік, өзхалқына, отанына, жеріне деген бауырмалдық, ізгілік, адамгершілік, имандылық,

бақытқа жетудің жолдары, қиыншылықты жеңе білу, батыр болып өсу, адалдық т.б. қасиеттер мол көрініс тапқан.

Өз ана тілімен сусындамаған, бесік жырын естімеген, ұлттың тарихынан хабары жоқ, өз салт-дәстүрін білмеген бала өз елін, өз жерін қорғай да алуы, азаматы да болып қалыптасуы екіталай. Өйткені, оның тілі о баста қай ұлттың тілімен шықса, сол халықтың тілімен сөйлейді, сол халықтың тілімен ойлайды. Сол халықтың тілімен жазады. Содан кейін оның бойынан халқын қастер тұтар түйсік, жерін құрметтейтін құдіретті күш қайдан болсын.

Қазіргі қазақ педагогикасының басы болып саналатын ақын Мағжан Жұмабаевтың 1992 жылы «Ана тілі» баспасынан жарық көрген «Педагогика» атты кітабында бала тәрбиесін кең мағынасында қарастыра келіп, тәрбиені төртке бөледі: «дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі, құлық тәрбиесі. Егер адам баласына төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны... Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиесін дұрыс орындасын», – дейді [1.14 б.]. «Бесік жыры» мен «ертегіден» бастау алған төрт тәрбиенің негізгі қоры ары қарай молайып, жанданып, баланың дұрыс жолмен есеюіне жол ашатын орта балабақша мен мектеп екенін де естен шығармауымыз керек.

Қорыта келгенде, ұрпағымыз ұлағатты, өз ұлтының тағдырын таразылайтын, елін елейтін жанашыры болсын десек, бала тәрбиесін ұлттық мәдениетке қарай бағдарлау қазіргі тандағы ауқымды мәселенің бірі болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Жұмабаев М. «Педагогика». – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 14 б.

Резюме

В этой статье рассматриваются воспитание молодого поколения народной культурой, обычаям, традициям в семейном очаге.

Summary

The article is demoted to the upbringing of the youth. The main core of the upbringing is our nation's mental treasure. To bring up the generation on the base of national culture, public customs and ceremonies begin from home.

Б.Д. Керімбекова –
филология ғылымдарының кандидаты,
С.Демирел атындағы қазақ-түрік
университетінің оқытушысы

ҚЫЗДАРЫМЫЗ ҚЫЛЫҚТЫ БОЛСЫН ДЕСЕК...

«Қыз – қонақ» сөзі қылтиып қыз бола бастағаннан-ақ құлағына сіңетін қазақ қызы өзінің өзге бір үйдің үміті екендігін есеймей тұрып ұғынған. «Қыз туғанда қырсықтың келгені деп, Қырын қарап еркегі жатып алған» /Ф.Оңғарсынова/ кездері де болғанымен, біздің халықтың қыз тәрбиесіне атүсті қарамағандығы анық. Ата-бабамыз «он үште отау иесі» болатын ұлын шаңырақтың иесі, қызын отбасының ұйытқысы деп біліп, оларды отбасылық өмірге ерте жастан дайындайтын. Осы тәрбиенің дұрыстығына өмір тәжірибесінде талай рет көз жеткізсек те, біздің кей кездері өз жолымыздан өзіміз үркіп, «біреудің қаңсығын таңсық көріп» кететіндігіміз өтірік емес.

Менің әжем сол кездегі «құрбылары» секілді мектепке бармаған. Қалаға шықпаған, қымбат киімдер киіп, қыдырмаған. Мағжан ақынша айтсақ, «білгені қазан-ошағы» болғанымен, түйгені том-том кітапты жолда қалдыратын. Үйішінің ұсақ шаруаларын былай қойып, ағайын арасындағы ірі мәселелердің өзін жымын білдірмей реттеп отыратын. Бұл жағынан келгенде ол кісіні куәлігі бар кейбір заңгерге ойланбай кеңесші етіп ұсынуға болатын сияқты. Көкірек көзі ашық, көңілі ояу әжем ұлдардан гөрі біздерге, яғни қыз немерелеріне тым қатал болатын. Қызу ойыннан қағылып, әжеміздің қасында көмекшісі қызметін атқару бізге аса ұнай қоймайтын. Іске жарайтынымызға жұмыс тауып беретін, жасы толмағандарға жүн түту, тігіліп жатқан көрпенің бір шетін басып отыру, ине сабақтау т.б. ұсақ істер табылатын. Менің жұмысым «ісмерлерге» кітап оқу болатын. Содан болса керек, әжеміздің ісмерлік өнерінің басы-қасында болғаныммен, іс тігуден гөрі кітап оқуға әлдеқайда бейім болдым. Әжеміз бізге қонақ келсе құрақ ұшып астына көрпе, шынтағына жастық ұсыну керектігін, қонаққа берер тамағынды созып жүрмей ертерек беруді, әрі оның дәмді, әрі ыстық болуын, ыдыс-аяқтың таза болуын үйретті. «Қойшының қызы қой келгенде іс қылады» деп үйде мейман бар кезде басқа үлкен жұмыстарды кейінге қалдыратын. «Көрген көргенін, көсеу түрткенін

істейді», «Ақ қоянның етін жеген тоймайды, қыз күніндегі дағдысын әйел болғанда да қоймайды» деген мақал-мәтелдерді мен әжемнен басқа ешкімнен естіген емеспін. «Көргенді, тәрбиелі жердің қызы десін» деп, сол кезден-ақ біздің барар жеріміздегі беделімізді, абыройымызды ойлап отыратын. Өйтпесе кеш боларын «жоғары білімі жоқ» аналарымыз қалай білген десеңізші! Қазір ойлап отырсам, біздің әжелеріміз әрі педагог, әрі психолог екен. Кімнің қандай іске бейім екенін жазбай танып, соған орайластырып тапсырма береді. Яғни, қазіргі тілмен айтқанда «индивидуальный подход».

Жоғарыда айтылғандар менің әжемнің «тәрбие сағаттарының» кейбір көріністері ғана. Демек, қазақ отбасындағы қыз тәрбиесінің түп тамыры, алтын қазығы әжелер, аналар мектебінде жатса керек. Қазіргі таңда бір өкініштісі, үлпілдеген қыздарымызға үлбіретіп тәрбие беретін әжелеріміз жоқтың қасы. Ауылдық жерлерде біршама болғанымен, қалада саусақпен санауға болатын болар. Қалада балабақша бар ғой дейміз кейде. Бірақ, балабақшадан келгеннен соң балаларыңыз немен айналысады? Ертегіні оған кім айтып жүр? Қай тілде айтып жүр? Батыр Баукеңнің бір кездегі қорқынышы әлі сол қорқыныш күйінде ме?

«Қазақ баласы ұлттық тәрбиеден ең алдымен мына қасиеттерді сіңірсе: Өз халқын шексіз сүйетін, оны мақтаныш тұтып, салт-дәстүрін құрметтейтін Өр рух. Салауаттылық, Парасаттылық, Білімділік», – дейді белгілі ғалым Алма Қыраубаева өзінің «Жаным садаға» еңбегінде. Баланың нағыз адам болып қалыптасатын кезеңі мектептегі тәрбиеге тікелей байланысты. Рас, бүгінгі оқушылар өздерінің уақыт көшіне ілесе білетін зеректіктерімен ерекшеленеді. Бүгінгідей әлемдік жаһандану кезеңінде бұл таптырмас қасиеттер болуы мүмкін. Олар биік мақсаттар қояды, өмірде белгілі бір жетістікке жеткен жандарға еліктейді. Алға ұмтылады, алайда, өз ұлтының өткеніне аса қызығушылық танытпайды. Ұлт ретінде өзімізді өзге ұлттардан кем санау синдромы әлі біздің

А.С. Мұхаметкәрімова –
№147 мектеп-гимназиясының бастауыш
сынып мұғалімі, Алматы қаласы

ҰРПАҚ ТАҒДЫРЫ – ҰЛТ ТАҒДЫРЫ

Әрбір шаңырақ ұрпақты болсын, ырысты болсын, ырысы жұртқа жұғысты болсын!

Н.Ә. Назарбаев

Ұрпақ тағдыры дегеніміз – ұлт тағдыры. Әрбір ұлттың болашағы оның білімді, талантты, тәрбиелі ұрпағының қолында.

Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге, ұрпақ тәрбиесіне, жалпы халықтың рухани дамуына байланысты ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерді Қорқыт ата, әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асан қайғы т.б. қазақ ақын-жырауларының мұраларынан, билер мен шешендердің тәлімдік сөздерінен көреміз.

Ұрпақ тәрбиесі қай уақытта болсын күн тәртібінен түспеген келелі мәселелердің бірі де бірегейі десек, артық айтқандық болмас еді. Бұл мәселе қазіргі күні де айрықша мәнге ие. ХХІ ғасырдағы тасқындаған толассыз ақпараттар, қоғамдағы күрделі өзгерістер мен даму қарқыны ағымында өмір сүріп жатқан жас ұрпақты тәрбиелеу оңай шаруа емес. Оларға ұлттық тәрбиені дарыту одан да күрделі. Осы тұрғыдан алғанда, біздің халқымыздың ғасырлар бойы жинақтаған ұлы мұрасын оқу-тәрбие ісінде пайдалану – кезек күттірмейтін мәселе.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жатқан жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты, мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі өркениетгі, прогресшіл бағыттағы азаматтық, адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ, ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Ал, мұғалім мен мектептің ең қасиетті міндеті – рухани бай, жан-жақты дамыған, жеке, дарынды тұлғаны зерттеп, дамытып, қалыптастыру. Болашақты гүлдендіріп, тәуелсіздікті нығайтатын ұрпақ алдымен рухани ұлттық тәрбие нәрімен сусындауы қажет. Рухани байлық, ең алдымен, әр халықтың ұлттық әдет-салты, әдебиеті, мәдениеті, өнері, шыққан тұп-тамырында жататыны белгілі.

Сол ұлттық байлықты бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі, білім берудегі озық ұстанымдарымен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашу, өзіне-өзі сенімін нығайтып, өзіне-өзі жол ашуына түрткі жасау. Міне, бүгінгі білім беру, тәрбие ісінің басты міндеті осы...

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Ендеше, тәрбие ауадай қажет. Иә, егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас ұрпаққа терең мазмұнды білім беру мен ұлтын сүйер патриот азамат етіп тәрбиелеу бүгінгі алға қойған басты міндет. Ертеңгі ел тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы. Жас ұрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен емес. Тәрбие мәселесі адам баласының ғұмырындағы көнермейтін, ажырамайтын баға жетпес құндылық, бала тәрбиелеу мәселесінің негізгі өзегі өмір тәжірибесі, өз халқының әдет-ғұрпы.

Ата-бабаларымыз ежелден бала тәрбиесіне аса қатты көңіл бөлгендігі бізге тарихтан белгілі. «Рухы күшті ұлт озады» демекші, жаратылысынан ақ көңіл, кішіпейіл, зерек, намысшыл, парасатты, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсете білетін ынтымағы жарасқан халқымыз ұлттық мінез-құлықты ұрпағының бойына қалыптастыра білген. Сондай-ақ, тектілік деген киелі ұғымды ежелден қастерлеп, оны атадан балаға мұрас етіп қалдырған. Ұлдарын ержүрек, батыр,

қыздарын ибалы, инабатты, көрікті, ақылды етіп тәрбиелеген. Отбасында өсіп келе жатқан өскелең ұрпаққа жеті атасын, руын, шыққан тегін үйретуді парыз деп санаған. Осы тұрғыда «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер», «Текті жерден қыз алсаң, төрден орын аларсың, тексіз жерден қыз алсаң, тұңғыққа батасың» деген ұлағатты сөздер де тектен-тек айтылмаған. «Ата салған жол бар, ана пішкен тон бар», «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деуі де, өз отбасындағы тәрбиеге өте зор көңіл бөлгендігінен туған ойлар. Осы ретте, бүгінгі мектеп пен отбасы арасындағы байланысты тереңдету қажеттігі туралы төмендегідей ойлар менің білім беру тәжірибемде туындап жатады:

1. Ата-аналар бүгінгі таңда бала тәрбиесін мектепке артып жатуы кездесіп жатады. Осындай кереғар пікірлердің әсерінен бүгінде бала тәрбиесі қиындап бара жатыр. Сондықтан да, отбасы тәрбиесінде ата-аналар бала тәрбиесіне мұқият қарап, дұрыс жолға қоюға негізінен жауаптылықтарын терең түсіне білуі керек. Ол үшін арнайы телебағдарламалар ұйымдастырылып, мектепте ата-аналар жиналысын ашып, осы туралы талқылаулар өткізуі қажет. Осындай іс-шаралар өткізілген кезде балалардың тәрбиесі бір дұрыс жолға қойылары хақ.

2. Бүгінгі таңда бала тәрбиесіне арналған іс-шаралар көптеп ұйымдастырылып жатқаны анық. Олардың көбісі әрине, ұлттық тәрбиеге бағытталып жатқандары да жетерлік, бірақ сол ұйымдастырылып жатқан іс-шаралар отбасы

тәрбиесімен қиюластыра жасалынса, ол білім алушының тәрбиелік қырын жетілдіре түседі. Ондай іс-шаралар ананың қыз тәрбиесімен байланысы немесе әкенің ұл баланы тәрбиелеудегі ролі сынды тұрғыда ұйымдастырылуы керек. Тіпті, отбасындағы бауырлардың арақатынасын терең түсіндіруге арналған ұлттық сипатты тәрбиеге арналған іс-шаралар бүгінгі таңда белең алып жатқан отбасындағы түсініспеушілікпен мектептегі тәртіпсіздіктерді жоюға бір қадам болса да пайдасы тиер еді деп ойлаймын.

Қазақ халқы баланы тәрбиелеуде мақал-мәтел, тыйым сөздерді қолдана білген. Бұл сөздер есі кірген балаларға жаман әдет, жат пиғыл, орынсыз қылық, теріс мінездерден сақтандырып отырған. Саналы ұрпақ тәрбиелеу жолында сонау ғасырларда Шоқан, Ыбырай, Абай сынды ғұламаларымыз адамның табиғаты мен жан дүниесін зерделеген шығармаларымен әлемдік ғылымның дамуына үлес қосқан.

«Баланы – жастан» дегенді қазақ бекер айтпаған. Демек, жас ұрпаққа мектеп қабырғасында келген кезден-ақ, ұлттық тәрбие туралы ұғымды үнемі айтып отыру – ең үлкен міндет.

Егеменді еліміздің ертеңі жас ұрпақты әдепті, адамгершілігі жоғары болып өссін десек, өркениетті ел қатарына қосыламыз, келешекте көш бастайтын көшбасшы ұрпақ өсіреміз дейтін болсақ, ұлттық тәрбие сырларын, ұлттық тағылымдарын еш уақытта естен шығармай, халқымыздың рухани байлығын бүгінгі күн талабымен ұштастыра білсек, ұлттық тәрбиенің берері мол болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. *Ұзақбаева С.* Тамыры терең тәрбие. – Алматы: Білім, 1995.
2. *Ізбасарова Ж.Ж.* Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтарға бағыттап оқыту.
3. *Кенжеахметұлы С.* Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы: Ана тілі, 1994.

Резюме

В статье рассмотрена идея воспитания подрастающего поколения, так как судьба поколения – это будущее нации. В статье много внимания уделяется наследию наших предков, приводятся высказывания знаменитых писателей и поэтов о духовном и национальном воспитании.

Summary

In article the idea of education of rising generation is considered. Because the destiny of generation is the future of the nation. In the article a lot of attention is given to a heritage of our ancestors, statements of the well-known writers and poets about spiritual and national education are resulted.

Т. Байтасов –
*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
филология факультетінің 1курс магистранты*

БАСТЫ МАҚСАТ - ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ

«Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,

Мен жастарға сенемін», – деп ақиық ақын Мағжан жырлағандай бұл күнгі жастар еркін ойлай алады, Кеңестік жалтақтау жоқ, қорықпай ашығын айтады. Жазса да, сөйлесе да ақты ақ деп, қараны қара деп айтуға толық мүмкіндігі де, құқығы да бар. Жасыратыны жоқ, еңбектеген бала мен еңкейген кәріге дейін 70 жыл бойы Кеңестік идеологиямен өсті, атеист қылып тәрбиеледі. Маймылдан жаратылдық деді, әлі де оқулықтарда солай. Саналы адам өзі таразылап алады. Тәуелсіздіктен кейінгі жылдары «тәуелсіз білім» (Кеңестік идеология мақсатының шеңберінен тыс), тәрбие алған жастар басқаша ойлайды. Себебі, орыс ғалымдары Радлов, Малов, Щербиналар қазақ тілі мен жерін тек Ресей мемлекетінің мүддесі тұрғысынан зерттеді. Оларға қазақ ұлтын барлық жағынан отарлау керек болды. Аға ұрпақ сол оқулықтармен оқыды. Дүрбеленді тоқтата алатын, жерінің тәуелсіздігін аңсаған Кенесары, Сырым, Махамбет, Исатай бабаларымыздың арқалы, батыр ұрпақтары, Алаш азаматтары ту көтерсе, одан кейін жастар тек 1986 жылы ғана бірігіп, «оқиға» емес көтеріліс жасады. Желтоқсан көтерілісін! Әбден желкеге батқан арқан жіп ақыры үзілді, 300 жылғы орыс боданынан құтылды. Осындай намысқой, өжет ұрпақтан ұлты үшін ұлып тұратын, жері үшін жұлқынып тұратын, тілі үшін тістеніп тұратын ұрпақ тәрбиеленді. Бұл ұлтшылдық емес, қайта ұлтжандылық, ұлт жанашыры болу. «Қазіргі жастар патриот емес, жері мен тілінің қамы туралы еш ойланбайды, кітап оқымайды, білімге құштары жоқ» деп кінәлаудың еш қисыны жоқ! Қас тұлпардың алдыңғы басқан тұяғынан артыңғы басқан тұяғы асып түседі дейді. Құдайға шүкір, патриот, білімді, саналы жастар өсіп келеді. Жас журналисттер мен ғалымдар газет-журнал басылымдарында өз мақалаларын кез келген тақырыпта ақиқатын ашып жаза алады, кез келген жанрға бара береді. Шындықтың шылбырын, туралықтың тізгінін іздеуге құштар! Әрдайым тың жолдар-

ды, ашылмаған жаңалықтарды, қолданбаған әдістерді іздеп тұрады. Дәл осындай бәсекеге қабілетті саналы да сапалы ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі аға ұрпақтың тарихи миссиясы, міндеті.

Бұл күнгі жаста алғыр, ізденімпаз. Жаһандануға бет алған уақытта білімді жан-жақты ізденіп алуға машықтана отырып, өз маманының шебері болуға, өз қызметіне адал болуға тырысып, талпынған ұрпақ. Қаланың баласы және даланың баласы деп бөліп-жару да ерсі қылық. Ең бастысы, аға ұрпақ барлығын бір мақсатқа, ұлт мүддесіне бағытталған арнаға бұра білуі керек. «Етікші – етік тігуі керек» дейді, бүгінгі жастар өзіне ұнаған, өзінің жаны қалаған мамандықты, пәнді, кітапты оқи алады. Елімізге еніп жатқан «Кредиттік технология» тәртібі бойынша өз мұғалімін де, пәнді де студент өзі таңдайды. Білім жүйемізге бұл үрдіс қағаз күйінде енгенімен, іс жүзінде әлі жасала қойған жоқ.

Қазіргі жастар аз уақыт жұмсап, көп білім алғысы келеді. Танымын тез кеңейтіп, білім базасын жылдам байытқысы келіп тұрады. Сол себепті, интернетті, жаңа технологияны жақсы пайдаланады. Бұл да дұрыс! Өйткені, білім мен ғылымды ешкім тауыса алмайды, бір адамның ғұмыры оған жетпейді. Әдебиеттегі «Постмодернистік» ағым секілді, аз сөзбен көп мағына беретін, сол аз сөзден көп мағына алатын кез жетті. Бұл күнгі талапты жастар әр салаға талпынып тұрады. «Жігітке жетпіс өнер аз» деп, барлығын үйрене бергісі келеді, игере бергісі келеді. Бар ғылымды бір нүктеден тарқата білген, мәдениеттен бастауын тапқан Аристотель, әл-Фарабилер тек бір саланың ғалымы болып қалған жоқ, әрі математик, әрі тарихшы, әрі музыкант-композитор, әрі ақын, әрі филолог, әрі астроном бола білді, бірнеше тілді меңгерді. Олар да пенде ғой, ол бұл күнгі пенденің де қолынан келеді. Бүгінгі жастар – әмбебап, кез келген тақырыпта ой қозғай береді, төркінін біледі.

Ғ.Мұратбаев, Т.Рысқұлов сынды саналы жастардың басын құрап, ұлт мүддесін қорғауға белсене араласып жүрген жалынды жастар да жетерлік. «Алаш», «Ұлт тағдыры» сын-

ды саяси топтар мен басылымдар құрып, өз азаматтық міндетін атқарып та жатыр. Бағытын да, бағдарламасын да толық түсінбей жатып партиясын «ұрандап» ойбайлап жүрген жастар да жетерлік. Туған тілінде сөйлеуді ар санайтын, салт-дәстүрін ұят көретін, білімнен жүрдай, туысқанын көрмеген, руының атын білмейтін, жеті атасын танымайтын жастар да бар. Бес саусақ бірдей емес.

«Балық басынан шіриді» дейді қазақ, құдайға шүкір, жастарымыздың басым көпшілігі ислам жолына түсіп, бес уақыт намаздарын қаза қылмайды, ораза ұстайды. Ислам жақсылыққа, имандылыққа, адалдыққа, тазалыққа, ұлтына адал болуға, туған тілі мен жеріне, тарихына қамқор болуға, ғылым-білім үйренуге шақырады. Ұлдарымыз да, қыздарымыз да дерлік сауатты. Туған тарихын жақсы біледі. Осындай болашақ азаматтары бар қазақ жерінің гүлденуіне, өрге өрмейлейтініне ешкім шүбә келтіре қоймас.

Жастарды тек сабақпен байлап, матап тастауға да болмайды. Оқытқан оқуын, үйреткен тәлімін ұстаз шәкіртінің өмірде пайдалана білуіне жағдай жасауы міндетті. Окумен қатар, тәжірибені бірге алып жүруіне мүмкіндік беру. Мысалға, шынайы өмірден алайықшы, кей студент жастар бір ғана сабағымен айналысып, одан басқаға қолы тимей жатады. Өйткені, тапсырманы мұғалім үйіп тастаған. Сөйтіп, төрт жыл бакалаврды бітіріп, алған дипломының жемісін көрейін десе, жұмыс таба алмай, нанын жей алмай, өмірдің әділетсіз тұстарын кейіннен көреді. Тәжірибе жетіспейді, бәсекеге қабілетсіз. Бармағын тістейді, тұрмыстың жайымен басқа салаға кетіп қалады. Ал, кей студент сабағымен қатар тәжірибе жинап, өз саласымен жұмыс істеп жүреді. Жемісін көреді. Теория мен практиканы ұштастыра, байланыстыра өседі. Бірақ, арасында жұмыс барысымен сабаққа келе алмай жатады, ал оны мұғалім дұрыс түсінбейді, бағасы оңбайды. Бірақ, ол студент өмірден ұтылған жоқ, теория бағасы төмен болғанмен, практика бағасы жоғары, болашағының, жейтін нанының қамын жасады.

Ұлттық рухы жоғары, намысы берік, жігері мықты, иманды жастар жоғары жақтан орын алып жатса, елін де, жерін де одан әрі биік шыңдарға көтере алады. Ұлттың несібесін, Құдайдың сүйген құлдарының бағына берген жер асты, жер үсті байлығын тек өз туған ұлтының қажеттілігіне жарата алады. Жалтақтамай,

қаймықпастан турасын айтар өжет ұрпақ өсіп келеді.

Бұл күнде тарихи маңызы зор игілікті істер аз жасалып жатқан жоқ. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша, шетелдерде жатқан сан мыңдаған тарихи жәрігерлеріміз, тарихи деректеріміз қайтарылды, туған тарихымызды байыттық. Моңғолиядан Орхон-Енисей өзені бойынан руникалық жазбаларымызды, Күлтегін жырларын, Қытай мен Европада түркі-қыпшақтарға қатысты аса құнды деректерді алып, тарихымызды толықтырдық. Кеңес үкіметі кезеңіндегі ұлтымызға қатысты тыйым салынған «жабық» тақырыптар бұл күнде жан-жақты зерттеліп жатыр. Қазақ жерінен қолөнердің баға жетпес жәдігері «Алтын адам» табылды. Қазақ ұлтының жазу мәдениеті мен өнерінің тамыры тереңде жатқанын әлемге мойындаттық. Әлемге аты мәшһүр Шыңғыс хан мен Әмір Темір, Бейбарыстардың бүгінгі ұрпағы кім десек, ол – қазақ екендігіне әлемнің ешбір ғалымы шүбә келтіре қоймас.

Демократияның шегіне жеткен Америка Европа елдері мәдениетінен де, ұлттық менталитетінен де айырылды. Басшылары соғысқұмар, жастары нашакор, болашағы бұлыңғыр елдер көбейіп кетті. Қазір Батыстың өзі Шығысқа қызыға, қызғана қарайды. Кезінде сол Батысқа мәдениетті алып барған ғұндар. Рим папасын тізерлетіп, орамал жамылып жүрген Европалықтарға шалбар кигізген Еділ патшаның империясы. Галилей мен Коперникке ғарыш әлемі жайлы «нанды шайнап берген» әл-Бируни болды. Шығыстың Шыңғыс ханының ұрпағы – қазақтың мақтаныш тұтар пассионат тұлғалары жетерлік. Сол тұлғалар бүгінгі ұрпаққа дұрыс дәріптелуі керек. Кеңестік кезең Шыңғыс ханды жауыз, Алаш ардақтыларын жау деп оқытты. Енді аттың жүгені қолымызға тигенде, егеменді ел атанып отырғанда, жоғалтқанымызды қайтарып, барымызды жоғалтпайық. Туған тілімізде ең болмағанда бір тәулік сөйлейтін телеарна сұрап едік, шүкір, үш телеарна ашылғалы жатыр. Тек сапалы, саналы болғай. Сол арналардан ұлттық құндылықтармыз: салт-дәстүр, дәстүрлі музыка, қолөнер, ұлттық мейрамдар, айтыс, сөз өнеріміз туған тілімізде елімізге және әлемдегі шашырап жатқан қандастарымызға дейін дәріптеліп жатса нұр үстіне нұр болар еді. Еліктегіш халықпыз ғой, үлгі тұтар тұлғаларымызды балаларға арнап анимациялық фильмдер, көпшілікке көркем

фильмдер арқылы көрсетсек қанеки. Еділ патша, Томирис ханым, Түрік қағандары, Шыңғыс хан, Әмір Темір, Керей мен Жәнібек, Абылай, Есім, Қасым хандар, Төле, Қазыбек, Әйтеке билер, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар, Ақан сері, Біржан салдар, Жиренше, Асан Қайғы, Бөлітірік шешендер, Кенесеры, Исатай, Сырым батырлар, Махамбет, Абай, Шәкәрім сынды ақындар, Алаш ардақтылары жайлы деректер жетерлік, тек соны қалың қауымға, еңбектеген сәби мен еңкейген кәріге дейін арнайы анимациялық және деректі фильмдер түсіріліп, оны әлгі арналардан дәріптеуіміз – біздің басты мақсат. Мұндай өнімдерді дүниеге әкелуге қазақ киносының қайнар бұлағына айналған «Қазақфильмнің» қайраты да, қаражаты да жетерлік, тек ниет болғай. Сонда жас ұрпақ батыр, данышпан ата-бабаларына еліктеп өседі, өзін тектілікке баулиды, ұсақтыққа, қиянатқа бармайды, елінің шын жанашыры, ажырамас бөлігіне айналады.

Ұлттық тәрбиені жанұядан, балабақша, мектептен бастаған абзал. Алаш азаматтары медресе оқып, арабша хат таныды, исламнан сусындады. Көшет қалай егілсе, ағаш солай өседі. Сол себепті, балабақшада қыздар қара шашты қазақ қуыршағымен, ұлдар қамшы ұстап, ойыншық тұлпармен ойнаса немесе ешкімде кездеспейтін «ұлттық балабақшамыз» ата мен әженің тәлімін алса (балабақшаға берілген балалар ата-аналарын қарттар үйіне өткізбесіне кім кепіл?!), жас нәрестеге әкесі «папа» дегізбей, (Рим папасын құрметіне «папа» делінген), шешесі «мама» дегізбесе, баласын «манежге» салмай, бесікке

Арыстанның айбатынан жаралған,
Жолбарыстың қайратынан нәр алған.
Қыран құстың тектілігін сіңіріп,
Қас тұлпардың намысымен оранған.

Абылай, Қабанбай мен Бөгенбайлар,
Кенесары, Махамбет, Исатайлар —
Тудырған батыр ұрпақ — сол кісі еді,
Батырлардың қазақтың соңғысы еді.

Қаймықпастан турасын айтар шындықты,
Бұл күндері қайда екен ондай жан?!
Қара қылды қақ жарған әділетті —
Бұл қоғамға керек-ақ бір — Бауыржан!

Төріне басын Көкбөрінің іліп қойған,
Қазақтың батыры Бауыржан біліп қойғын.

бөлесе, сәбиді тасбауыр, дүбара қылып шетелдің химия сүтін бергенше, ана сүтімен емізсе (ана сүтімен ана тілі де, ұлттық қасиет те бірге енеді), мектепке дейін мешітке беріп, намаз үйретсе, мектеп оқулықтары қайта жаңартылып, атеистік деректер алынып тасталса, тарих оқулықтары жаңа деректермен толықтырылса, әр сынып оқулықтары сол санаттағы оқушының ойлау қабілетіне сай жасалса, оқу орындарында ұлттық мейрамдар, ұлт мақтанышына айналған тұлғаларымызды еске алу кештері көптеп жасалса, ұлттық құндылықтарымыз дәріптелетін арнайы пән дайындалып, оқытылса — біздің арманымыздың, мақсатымыздың орындалғаны.

Біз, бұл күнгі жастар, қай саланы оқысақ та, ұлттық рухта тәлім алып, сол жинаған білім мен қайратымызды тек ұлтымыздың мүддесі үшін жұмсасақ, өмір көкпарындағы өз бәйгемізді алғанымыз!...

Биыл Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл. Осындай ұлтымыздың пассионат тұлғаларын дәріптеп, болашақ ұрпаққа насихаттауымыз азаматтық парызымыз. Бауыржан атамyzдың ұлтшылдығын, батылдығын, өжеттілігін, тектілігін, ірілігін, кісілігін өскелең ұрпақ біліп, еліктеп өсуі керек. Ұрпаққа ұлттық тәрбие береміз десек, Бауыржан секілді ұлттық рухы жоғары азаматтарды жиі еске алып, жастардың жадында жаңғыртып тұрғанымыз дұрыс. 207 рет ұрысқа шығып, 7 рет жарақат алса да тайсалмайтын қаһарман полковник Бауыржан Момышұлына арнауымды ұсынып отырмын:

Болса болсын, Дарвин маймылдан деп,
«Мен – Көкбөрі ұрпағымын» деп айтқан ойын.

Ұлтыма нәсіп етсе батырдың қасиетін,
Ұлжанды боп, ескерсе өсиетін.
Өсіп шығар кішкене Бауыржандар —
Ұлты үшін арнаған ет-сүйегін.


Аңыз болған ерлігі шартарапқа,
Үлгі болар өр тұлға әр қазаққа.
Кітабы мен суреті тұру керек,
Тұратын әрбір қазақ шаңырақта.
Молда Момышұлы — батыр Бауыржан!
Дивизия, батальон командирі — Бауыржан!
Әдебиетке 16 кітап әкелген,
Халықтың жазушысы — Бауыржан!

Халықтың Қаһарманы — Момышұлы Бауыржан,
Осылай ұлт жадында, қазақтай халқың барда.

Батырдың ғасыр тойы келіп қапты,
Құдайға шүкір ұлты ұмытпапты.
Ескеріп халқы адал ұлын,
2011-ді —
«Бауыржан Момышұлы» жылы атапты!

В статье обсуждается актуальная проблема на сегодняшний день – национальное воспитание. Так же в статье раскрывается понятие национального обучения. Существует необходимость высказать молодому поколению свое мнение по этому поводу. Все изложенные в статье мнения достаточно откровенны и искренны.

In article the actual problem for today - national education is discussed. Also in article the concept of national education reveals. There is a necessity to young generation to express the opinion about it. All opinions stated in article are frank enough and sincere.



Мұхтар Әуезов

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

<i>Сеитова Ж.М.</i> Сүйсінем болмысына Елағаның.....	6
--	---

Ұлттық тағылым

<i>Пралиев С.Ж., Нуриев М.А., Төлеубекова Р.К., Керимов Л.К., Бөлеев Қ., Сейсенбаева Ж.А.</i> Ұлттық тәрбие.....	12
<i>Төлеубекова Р.К.</i> Жаңа әлеуметтік-мәдени орта жағдайында оқушы-жастарға ұлттық тәрбие беру.....	25
<i>Бөлеев Қ.</i> Қазақстанның 12-жылдық мектеп оқушыларына ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді дайындаудың тұжырымдамасы мен нобайы.....	28
<i>Сманов Б.</i> Оқушыларды көркем әдебиет арқылы адамгершілікке тәрбиелеу.....	34
<i>Ізтілеуова С.Д.</i> Ұлттық тәрбие және Шәкәрім тағылымы.....	39
<i>Оспанов И.С.</i> Тектілік тағылымы.....	45
<i>Исабекова Ұ.К.</i> «Құтадғу білік» – тағылымы терең тарихи мұра.....	50
<i>Кенжеғараев Н.</i> Абай шығармашылығындағы ұлттық тәрбие дискурсы.....	54
<i>Тамабаева Қ.Ө.</i> Т.Нұрмағамбетов әңгімелеріндегі ұлттық тәрбие.....	58
<i>Байоразова А.Ж.</i> Тарих пәнін оқытуда ұлттық тәрбие беру.....	63
<i>Сайлауова Н.С.</i> Бастауыш сынып оқушыларын ұлттық мәдени құндылықтар негізінде отансүйгіштікке тәрбиелеу.....	68
<i>Бекбосынова Г.К., Букурова Г.</i> Шаги на пути воспитания патриотизма и гражданственности.....	71
<i>Тагиева Н.А.</i> Духовно-нравственное воспитание студентов через обучение восточным языкам.....	73

Ұлттық тұлға

<i>Сейсенбаева Ж.А.</i> Жетекші туралы бірер сөз.....	77
---	----

Отбасы тәрбиесі

<i>Қожахметова К.Ж.</i> Қазақ этнопедагогикасы әдіснамасындағы этноәлеуметтік-рөлдік тұрғы.....	80
<i>Сейсенбаева Ж.А.</i> Отбасындағы бала тәрбиесінің ұлттық тәрбие берудегі көрінісі.....	87
<i>Жантемірова Б.Б.</i> Отбасы – тәрбие бастауы.....	91
<i>Керімбекова Б.Д.</i> Қыздарымыз қылықты болсын десек.....	94
<i>Мұхаметкәрімова А.С.</i> Ұрпақ тағдыры – ұлт тағдыры.....	96

Ұлттық намыс

<i>Байтасов Т.</i> Басты мақсат – жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу.....	98
--	----

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесімен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі №12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5-беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті-2 см, асты-2 см, сол жағы-3 см, оң жағы-1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми-лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында екі тілде түйін беріледі (егер мақала қазақ тілінде жазылса, онда түйін орыс және ағылшын тілдерінде, егер мақала орыс тілінде болса, онда түйін қазақ және ағылшын тілдерінде жазылады т.с.с.). Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қатерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Көшіріп басқан жағдайда, сілтеме жасау міндетті.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 3000 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3000 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс 74310**

*Реквизиттер: РМК Абай атындағы ҚазҰПУ
РНН 600900529562
Қабылдаушы банк: АГФ ААҚ
«Банк Центр Кредит» Код 16
ИИК 802609411. БИК 190501719

Редакциялық кеңес

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді. Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль-12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее- 2см, нижнее-2 см, слева-3 см, справа-1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на двух языках (если статья написана на казахском языке, то резюме должно быть написано на русском и английском, а если статья написана на русском языке, то резюме следует писать на казахском и английском). Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанным требованиям, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 3000 тенге.

Подписная цена за год 3000 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс 74310**

*Реквизиты: РГП КазНПУ им. Абая
РНН 600900529562
Банк получатель: АГФ ОАО
«Банк Центр Кредит» Код 16
ИИК 802609411. БИК 190501719

Редакционный совет

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.
Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

Сіздерді журналымыздың келесі санына «XXI ғасырдың жастары қандай болу керек және олардың бойына ұлттық менталитетті қалай қалыптастыруға болады?» деген сауалға өздеріңізбен қысқаша пікір алмасуға шақырамыз. Ой - пікірлеріңізді хат арқылы жолдап, талап-тілектеріңіз бен жастарды ұлттық тұрғыда тәрбиелеудегі өз ұсыныстарыңыз болып жатса, саналы да, тәрбиелі, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеудегі сіздің де қосқан үлесіңіз зор болмақ. Өздеріңізбен асыға жауап күтеміз...

Мына адрес бойынша хабарласуларыңызға болады:
nitso@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ **Республиканский научно-популярный журнал**

Печатается методом прямого репродуцирования

Типография производственно-рекламного отдела КазНПУ имени Абая

Ответственный редактор – Сейсенбаева Жанар
Ответственный секретарь – Сеитова Жанат
Дизайнер – Болтабекова Газиза

Адрес редакции:

050010, г. Алматы, ул Джамбула 25, Научно-исследовательский институт инновационных технологий и содержания образования, каб. 219-204.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, электронный адрес: nitso@mail.ru

Подписано в печать 2.06.2010

Формат 60x84 . Бумага мелованная. Печать – офсет. 8 п.л. Тираж 1000 Заказ 88